



**МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

ТУҒАН ЖЕР – 2024:

*Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ*

ЗЕМЛЯ РОДНАЯ – 2024:

*МАТЕРИАЛЫ
Региональной научно-практической конференции*

**Петропавл
2024**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

ТУҒАН ЖЕР – 2024:

*Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ*

ЗЕМЛЯ РОДНАЯ – 2024:

*МАТЕРИАЛЫ
Региональной научно-практической конференции*

**Петропавл
2024**

УДК 94 (574)

ББК 63.3

Т

Редакция алқасы:

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Ильясова Г.С.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Аубакирова Г.Р.

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес / Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

Бұл жинаққа Солтүстік Қазақстан облысы тарихына байланысты «Туған Жер – 2024» атты Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары енгізілді. Жинақтағы жарияланған еңбектерде туған жеріміз тарихының өзекті тақырыптары бойынша аймақтағы мұғалімдер, білім алушылардың зерттеу жұмыстарының ғылыми ізденіс қорытындылары шығарылған. Жинақтың материалдары ғалымдарға, білім алушыларға және көпшілікке қызықты болуы мүмкін / В данный сборник включены материалы Региональной научно-практической конференции «Земля Родная – 2024». В работах учителей и обучающихся отражены актуальные проблемы истории родного края, подведены некоторые итоги научных изысканий, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, обучающимся и широкой общественности.

Т «Туған Жер – 2024»: Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2024. – 320 б.

«Земля Родная – 2024»: Материалы Региональной научно-практической конференции. – Петропавловск: СКУ им.№ М№ Козыбаева, 2024. – 320 с.

УДК 94 (574)

ББК 63.3

ISBN _____

© М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

**Біз кемел келешегіміз туралы армандай отырып,
келелі өткеніміз туралы да ұмытпайға тиістіміз.**

К.-Ж. К. Тоқаев

Туған жер – әрбір адамның жарық дүниеге шыр етіп келген киелі мекені, ең алғаш жұтқан ауасы, табанының бастапқы ізі түскен жері, аялап өсірген алтын бесігі.

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп дана халқымыз айтқандай, адамның тағдыры туған жерімен байланысты. Сондықтан, әрбір адам өзі туып өскен мекенін құрметтеп, оған қамқоршы бола білуі керек. Өз туған жерінің әр тасын, әр құсын қызғыштай қорып, оған деген асқақ сезімін өз қамқорлығы арқылы көрсетіп отырған адамды ғана туған жерін құрметтейтін адам деуге болады.

Қазақ халқының ұғымында туған жерден қасиетті ешнәрсе жоқ. Туған жердің тұнық суын ішіп, жұпар ауасын жұтқан әрбір адам бақытты. Қазақ халқы ел болып ұйысу жолында талай белестерден өтті. Қаншама мың ата-бабамыз ат үстінде қасық қаны қалғанша қорғаған кең-байтақ жерімізді; зиялы азаматтарымызды қадірлеу – жастар міндеті. Ғажайып төл тума мәдениетіміз көмескіленіп, тіліміз бен дініміз тоқырап, қаншама аштық-мехнаттарды бастан өткеріп, қазіргі күні тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сол тарих қойнауында жатқан сырлары мол тылсым күштер – біздің баға жетпес байлығымыз.

Туған жерге сүйіспеншілік, туған тарихыңды тереңнен біліп, зерттеуден басталады. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола білген, ел есінде қалған біртуар перзенттер бар. Ал олар жайлы жас ұрпақтың білгені абзал. Оқырман қауымға жол тартып отырған «Туған жер - 2024» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың баяндамалар жинағын шығарудың негізгі мақсатымыз Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихы жайлы жас ұрпаққа тарихымызды жеткізу.

БӨЛІМ 1. ӨЛКЕ ТАРИХЫ

УДК 930

«КИЕЛІ МЕКЕН - СЫРЫМБЕТ АУЫЛЫ»

Абуталипова А.Н.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Сырымбет - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы ауыл.

*Ол рас Сырымбеттің бар киесі,
Үш жүзге мәлім болған қасиеті,
Ақан Сері оқиық әні еді деп,
Көркіне көрген адам бас иеді,
Аң жорытқан қойнауында құстар қонып,
Мәңгі қалдың тарихта дастан болып.
Кейбіреуі бұл жатаған тау десе де,*

Сен маған көрінесін асқар болып,- деп, жерлесіміз, белгілі ақын Мәмен Ементаевтың Қазақстан шекарасынан тысқары жерлерге белгілі Сырымбет жерінің сұлулығы мен ұлылығына тәнті болған қанатты сөздері. Сырымбет жерінің сұлулығы мен сән-салтанаты қай кезде де көздің жауын алып, талай ақын-жазушыларды шабыттандырған. Мұнда мәңгі жасыл төбелер мен көгілдір көлдердің сырлы сұлулығынан шабыттанып, ұлы Ақан Сері мен Үкілі Ыбырай әндерін паш еткен. Ақан Серінің осы орайда бір көргенде көзге пәс, қораштау көрінер Сырымбет шоқысының атақ-даңқын әлемге жайып, еңсесін еселей биіктетіп әкеткен ұлы құбылыс «Сырымбет» әні еді. Сырымбет шоқыларының етегінде қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлихановтың балалық және жастық шағы өтті. Бала Шоқанның топшысы бекіп, қанат сермер қиясының биіктей түсуіне, арманды аңсарының қазақтың қазыналы топырағынан тепсіне самғай көтеріліп, әлем хикметтеріне ой салуына жол ашуы, сөз жоқ, осы Сырымбет, тамылжыған Құмдыкөл маңы болғандығы даусыз. Біздің жерлесіміз, белгілі мемлекет қайраткері және ақын Кәкімбек Салықов Сырымбет жайында өлеңдері мен

поэмалары жарыққа шықты. Тайлақ Жалмурзенов, Жұмабай Есекеев, Бақыт Әбділманова, Бақытжан Қанаянов, Кәрім Илясов Сырымбет мекені туралы көптеген елге танымал шығармаларын, өлең шумақтарын арнаған.

Туған өлкемнің тарихы оның бай табиғатымен, орман-көлдерімен, Сырымбет шоқыларының етегінде ағып жатқан көптеген бұлақтарымен және ең бастысы ежелден бері көптеген аңыздар қалыптасқан Сырымбет шоқыларымен тығыз байланысты. Осы аңыздардың біріне сүйенсек, бүгінгі күнге дейін жеткен және сенім тудыратын (сол дәуірдің куәгерлері әңгімелерінен) , шоқылар атауының шығу тегі драма мен трагедияға толы болды. Аңыз бойынша, кедей отбасыннан шыққан Сырымбет есімді батыр ақ тұқымды байдың сұлу да ақылды қызына ессіз ғашық болады. Алайда мұны естіген бай өзінің сүйікті қызының кедей отбасының (қара сүйек отбасынан шыққан) жігітке үйленуіне үзілді-кесілді қарсылық танытады. Үмітсіз ғашықтар, қыздың әкесінің батасын алмай, үш шоқының ең биік шыңындағы үңгірге барып паналайды. Ашуланған және қорланған бай өзінің нөкерлерін ертіп барып, екі жасты іздеуге аттанады. Ержүрек батыр өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғап қалып, әділетсіздікке қарсы шығады. Байдың нөкерлерімен тең емес шайқасқа түсіп, әділдік пен бостандық үшін күрескердің өшпес даңқын қалдырып, абыроймен қаза табады. Таулардың аты аңызға айналған жауынгердің атымен аталған деген қауесет бар.

Тағы бір қызықты аңыздардың бірі, ұлы Абылай хан жоңғарлармен болған қанды шайқастан кейін, шайқас барысында ерекшеленген ең тәжірибелі және батыл батырларды өзіне шақырып алып, оларды кең қазақ даласының әр түкпірінде жау шапқыншылығынан қорғауды ұйымдастыруға жібергені туралы айтады. Абылай ханның нұсқауы бойынша әр батырға иелік етуге және қорғау үшін белгілі бір аумақ үлестіріліп берілді. Осылайша Сырымбет шоқыларына жақын орналасқан ауылдардың аумағы Сырымбет батырға сол аумақтарды қорғауға беріледі. Жаудың көптеген шапқыншылықтарының

бірі кезінде Сырымбет батыр биік төбелердің бірінің басындағы қанды шайқаста мерт болады. Төбелер қазақ халқының азаттығы үшін ерлікпен қаза тапқан Сырымбет батырдың құрметіне аталған. Көріп отырғанымыздай, екі аңыз да батырлардың ерлігін дәріптеп, олардың атымен аталғанын көрсетіп отыр.

Сырымбет таулары- өлкеміздің көрікті жерлерінің бірі, олар аса биік болмаса да, сырлы сұлбасы мен бай флорасы және фаунасы жағынан атақты тау жоталарынан еш кем түспейді. Бұл шоқылар- қазақтың атақты шағын шоқыларының бір буыны. Олардан шығысқа қарай аласа жоталар, жүз шақырымнан астам қашықтыққа созылатын алуан түрлі тұқымдардың көк-жасыл ормандары созылып жатыр. Солтүстігінде олар әйгілі Жаман-Жалғыз тау шоқысымен біріксе, оңтүстік шеті Тұяқ-Тау және Айыр-Тау тауларында жалғасын табады. Сырымбет шоқыларының етегінде бір кездері төбелердің бірнеше деңгейінде орналасқан көптеген бұлақтар мен Қылшақты өзенінің бұлақ суларымен қоректенетін Құмдыкөл көлі бар. Құмдыкөл көлі өз кезегінде Жекекөл (оңтүстік-батысында) және Ақбас (солтүстік-батысында) сайлар мен бұлақтар арқылы, ол өз кезегінде Сулыкөл көліне (батыста) және Қамсақты өзеніне (солтүстік-батыста) сай ағынымен қосылады.

Сырымбет таулары - Саумалкөл ауылын жиектеп өтетін айналма жолмен әрі асып, сүт пісірімдей уақыт жүрген соң қамшылар жақ иықтан Сырымбет таулары көрінеді. Асқары көк тіреп, құзар шыңдары қазбауыр бұлттың желкенін жұлмаламаса да, атақ-даңқы әлемге мәшһүр тау. Білетіндердің айтуына карағанда, географиялық өлшем есебімен тау санатына да жатпауы мүмкін. Әйтсе де, бауырынан жақсылар түлеп ұшқан, ұл-қызы даңқын төрткүл дүниеге мәлім еткен тау бауыры көздің жауын алатын ғажайып табиғатымен ғана емес, сол Алашқа ардақты ұл-қыздарының кіндік қаны тамып, ер жеткен өлкесі, аялар ақ бесігі болғандықтан да сүйікті.

Табиғат сұлулығының мұндай сирек үйлесімі Сырымбетті тұрғылықты жерін таңдау тұрғысынан тартымды

ете білді. Сондықтан болар, (император І Александр мен Батыс Сібірдің генерал-губернаторы П.Капцевичтің 1824 жылғы 30 сәуірдегі Жарлығы бойынша) қазақтың соңғы ханы Уәлидің ұлы, Абылай ханның немересі, Көкшетау даласының аға сұлтаны, патша әскерінің полковнигі шенін иеленген Шыңғыс Уәлихановтың иелігі үшін жердің солтүстік етегінен жер таңдағаны да содан болса керек. Уәлидің негізгі қонысы Есіл өзені бойында Көкшетау мен Шыңғыстау аралығында орналасты. Бас ордасы Бурабай көлінің маңайында (Ханкөл, Қызыл ағаш), екінші ордасы Көкшетаудың шығысындағы Сырымбет қыстауында болған еді. Бұл жер өмір сүруге өте ыңғайлы бола білді. Барлық жағынан қалың қарағайлы орман жауып тұрса, жақын жерде бұлақ суы бар ағын ағып жатып, жарты шақырым жерде Қылшақты өзені де бар болатын. Аталған қоныс Шыңғыстың жақын туыстары мен ұлдарынан құралған 10-15 ауласынан тұрды. Жақын маңдағы ауылдардың кедей халқы оны «Төре ауылы» немесе «билеуші ауылы»деп атаған, яғни Шыңғыстың қызметтік атағы бойынша.Ауылдың орталық бөлігі нде қарағай ағашынан, сегіз бөлмелі, шатырмен жабылған аға сұлтанның үйі орналасқан.Қарапайым халық оны «Орда», яғни сарай деп жиі атаған.Үйдің бір бөлігінде Шыңғыстың отбасысы тұрса, екінші бөлігінде сұлтанның кеңсесі орналасқан еді. Кеңсеге қарама-қарсы мешіт тұрғызылған, бұл сол уақытта діни әрі рухани өмірдің бар болғанын сипаттайды. Ауылда сұлтанның балалары мен өлкедегі бай-манаптар оқытылатын теологиялық бастауыш мектеп (медресе) де болған. Осының барлығын бала Шоқанның сызбаларынан да анық байқауға болады. Оның «Сырымбет ауылында чиновникті қарсы алу», «Сырымбет тауы, Сырымбет тауы мен оның төңірегінің схемалық картасы”,»«Сырымбет тауы төңірегіндегі қазақтардың қыстаулары мен жайлауларының схемалық картасы» атты топографиялық жұмыстары осыған дәлел бола алады. Шоқан өмірінің озық білгірі Әлкей Марғұлан: «Сырымбет тауының басындағы биік жартаc ел аузында көп айтылады.Шоқан сол төңіректегі тау

көріністері мен ормандардың, өзінің туған ауылының суреттерін, әдетте, осы жартастың үстінде отырып бейнелейді екен. Сырымбетте болған кездерінде ол туған жерінің табиғат сәулетін: тау төскейлерін қаптай өскен қарағайлы ормандар мен шоқ-шоқ қайың ағаштарын, айнадай жарқыраған ғажайып сұлу көл айдындарын қызықтаған» деп еске алады.

Шыңғыс Уәлихановтың өзі білімді және сауатты адам болған. Кезінде ол Омбы қаласындағы әскери училищені бітірген (кадет корпусы) патша армиясының полковнигі әскери атағына ие болған және өмірінің соңына дейін Көкшетау даласының аға сұлтаны қызметін атқарған. Шыңғыс Уәлиханов 78 жасында, 1904 жылы қайтыс болып, жергілікті зиратта, Қылшақты өзенінің жағасында, өз ауылынан жарты шақырым жерде жерленген (Шоқан Уәлихановтың суреттері бойынша қалпына келтірілген, қазіргі музей кешені - Айғаным сарайы).

Бүкіл аймақ экономикасының негізгі көзі мал шаруашылығы болып, ал егістік жердің жалпы ауданы шамамен 40-50 гектарды құрады. Жерді бір соқалы соқалармен өңдеп, өгізге қондырып, қолмен егіп, орақпен орып, кесілген бидайды бауларға байлап, кептіру және сақтау үшін қораға апаратын. Одан кейін астық жинау басталады. Жұмыс оңай болмағандықтан, оны көбінесе өзінің отбасын асырау үшін қарапайым халықтар атқарды.

Мұражай Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында орналасқан. Мұражай құрамына 1663 км² аумағы бар Шоқан Уәлиханов атындағы мұражайы мен оңтүстік-шығыс бағытында жалпы аумағы 4030 км² Сырымбет ауылынан 4 шақырым жерде орналасқан әйгілі ғалым Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғанымның үйі кіреді. Бұл қоныстың салынуы ХІХ ғасырдың басына тұспа-тұс келеді. Патшаның арнайы бұйрығы бойынша құрылыс жұмыстарына 5 мың сом бөлінеді. Патша бұйрығында құрылысты жедел жүргізу жағы көрсетілгенімен, оны салу 1824 жылдан 1834 жылға дейін созылған. Айғанымның өтініші бойынша үйдің жанынан мектеп, медресе, мешіт, монша, қонақүй, тұрмысқа қажетті диірмен, аткерме сияқты ғимараттар

салынады. Ханшаның үлкен аулы болған бұл мекен заманында бірнеше зұлматты басынан өткізеді. Халықтың аузында жүрген көп аңыздардың бірінде Сырымбет түгел дерлік отқа оранғандығы айтылады. Тілсіз жау төңіректі тегіс жалмап өткен екен. Тек осы Айғанымның қонысы ғана құдіреттің күшімен дін аман қалған деседі. Ал тарихқа жүгінетін болсақ, Кенесары ханның көтерілісі кезінде қыстақ жартылай жанып кетеді. Дегенмен үйлердің бөренелері көп сыр бере қоймаған. Бірақ табиғи апаттардың талайына төтеп берген қасиетті қоныс коммунистер қолынан құтыла алмады. 1930 жылы қызылдар оны түгел дерлік жоюға кіріседі. Бөренелерін бұзып, маңындағы кеңшарлардың бірінде мәдениет үйі, екіншісінде клуб тұрғызады. Тарихи жәдігерді қалпына келтіруге Шоқанның салған суреттері көп көмек болғанын айта кеткен жөн.

2008-2009 жылдардағы «Мәдени мұра» республикалық бағдарламасы аясында Сырымбет өткелінде қалпына келтіру жұмыстары жүргізіле бастады. Үйді қалпына келтіру үшін 2008-2009 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінен 28 миллион теңге бөлініп, қалпына келтіру жұмыстарын «Қазреставрация» мемлекеттік кәсіпорынның Батыс қазақстандық филиалы жүргізді. Жалпы жәдігерлер саны-6980, олардың ішінен 1300 бұйымы экспозициялық залдарда орналасқан. Мұражайда Шоқан Уәлихановтың өмірі, оның туысқандары, қазақ халқының материалдық, рухани мәдениеті, салт-дәстүрі туралы материалдар жиналды. Жыл сайын мұражай қабырғасында әдеби оқулар, «Шоқан Уәлиханов», «Шоқан Уәлиханов Петербург қаласында орыс жазушылары арасында», «Басынан барлық жолды кешу-өлкетанушы жазбалары» тақырыптары бойынша дәрістер мен іс-шаралар ұйымдастырылады. Жыл сайын тарихи ескерткішті тамашалауға орта есеппен 2500 туристер келеді.

Ұлы Қазан төңкерісі бүкіл әлемді төңкеріп тастады, өлшенген өмір жолында ғана емес, қарапайым халықтың санасы мен жүрегінде де ұлы төңкеріс жасайтын кез келді. Орыс патшасының құлатылуы туралы хабарды жергілікті тұрғындар

эртүрлі қабылдады: біреу қуанса, енді біреуі мұғайып, қалғандары болса оның не жақсы не жаман екенін де ұққан жоқ. Өңірімізде жергілікті қарапайым халық пен орта шаруаларды Кеңес өкіметін орнату жолында күреске көтерген большевиктер партиясының қатарына алғаш қосылған қайраткер революционерлердің бірі Нұрыш Уәлиханов пен Рахымжан Махметов болды. Бір айта кетерлігі, олар Уәлихановтар әулетінің тікелей ұрпақтары еді. Дүниежүзілік революция идеяларымен сусындаған озық зиялы қауымның білімді, белсенді өкілдері дүниеге деген прогресшіл көзқарастарымен, жарқын болашаққа, еркіндік пен теңдікке ұмтылуымен қатарластарынан ерекшелене түсті. Кедейлер мен орта шаруалардың қолдауымен олар кеңес өкіметін үгіттеу мен насихаттау үшін ауылдарда партия ячейкаларын құрады. Жұрт қауымы Нұрыш Уәлиханов пен Рахымжан Махметовті шағын ауылдарында зор құрметпен қарсы алып, кедейлер мен жәбірленгендердің жарқын болашағы туралы әңгімелерді тыңдады. 1918 жылы Сырымбет жерінде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, Сырымбет ауылдық кеңесінің бірінші төрағасы болып Рахымжан Махметов, ауылдық кеңестің хатшысы болып Нұрыш Уәлиханов тағайындалады. Олар ауыл белсенділерімен бірлесе отырып, Кеңес өкіметін нығайтуға, ерікті негізде коммуналар ұйымдастыруға, кулактарға қарсы тынымсыз күрес жүргізуге белсене кірісті. Нұрыш Уәлихановтың әйелі Шәмшиқамар сол кездегі сауатты әйелдердің бірі, большевиктер партиясының мүшесі, күйеуінің халықпен жұмысына жан-жақты үлес қосып, белсене көмектесіп, көптеген маңызды шешімдердің қабылдауына атсалысты. Бірте-бірте Кеңес өкіметі өлкемізде кеңінен таралып, еңбекші бұқараның қатарын қамтып, сол арқылы Кеңес өкіметінің беделін арттыра түсті. Осымен қатар жергілікті кулактардың қарсылығы күшейіп, 1920 жылы ақ гвардияшылардың қолдауымен Качиловка селосының тұрғыны Иван Коновалов бастаған кулактар көтерілісі басталады. Оларды Кеңеске еніп кеткен Иван Лосев жоғарылатып, белсенді түрде

көмектеседі. 1920 жылдың аяғында кулактар көтеріліс жасап, Нұрыш Уәлиханов пен Рахымжан Махметов ауылына шабуыл жасайды. Кеңес ғимаратын қиратып, өртеп жіберген көтерілісшілер ауыл тұрғындарына аяусыз әрекет жасап, Нұрыш Уәлиханов пен Рахымжан Махметовті тұтқынға алады. Дәл осы кезде Көкшетауды Колчак әскерінің қалдықтарынан азат еткен Қызыл Әскер бөлімшелері комиссар Володарскийдің басшылығымен Кривоозерное ауылына (қазіргі Саумалкөл ауылы) қарай жылжыды. Кулактар Нұрыш пен Рахымжанды аяусыз азаптап, олардың рухын, қайсарлығын сындырмақ болды. Аязды күндердің бірінде жартылай жалаңаш, ұиналған оларды Ақбас көлінің жағасында, орманның шетінде атып өлтіреді. Жергілікті жауынгер Байсеке мен еріктілер тобының белсене атсалысуымен бандылардың ізіне түсіп, қоршауға алынды. Белсенді қарсылық көрсеткен банданың мүшелері атылып, ал банданың жетекшісі Иван Коновалов пен оның екі кәмелетке толған ұлдары Качиловкаға әкелініп, ауыл тұрғындарының көзінше ату жазасына кесіп, олардың денелері Нұрыш Уәлиханов пен Рахымжан Махметов қамауда болған сарайда өртелінді. Сырымбет жерінде Кеңес өкіметін орнату жолындағы баырлар мен күрескерлердің кегін осылайша аяусыз алды. Басына түскен ауыр қайғыға қарамастан, Нұрыш Уәлихановтың адал жары Шәмшіқамар Қызыл Армияға кулактар көтерілісінің басшылары мен қатысушыларын табуға, Сырымбет алқабында кеңес өкіметі мен тәртіпті қалпына келтіруге үлкен көмек көрсетті. 1920-1921 жылдардың аяғында Сырымбет алқабында Кеңес өкіметі нық, біржола орнап, жанарған өңірде, жаңа жағдайда қиын, бірақ қызық, бұрын беймәлім де еліктіргіш жаңа өмір басталады. Қанша уақыт өтсе де, халқының жарқын болашағы үшін жанын қиған батырлардың есімі асыл ұрпақтарының жүрегінде мәңгі сақталады деген үміттемін. 1961 жылы Нұрыш Уәлиханов, Ғабит пен Қожат Нұрышевтардың жұбайы мен балаларының қатысуымен Казгородок (Сырымбет ауылында) Сырымбет трактіңде Кеңес өкіметін орнату үшін күрескен Нұрыш

Уәлиханов пен Рахымжан Махметовке мектеп алаңына обелиск салынды. Қазіргі уақытта обелискіні ұстаздар мен мектеп оқушылары күтіп-баптауда. Жыл сайын 1 қыркүйек пен 25 мамырда мектеп оқушылары мен ауыл тұрғындары обелискке гүл шоқтарын қойып, қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алады.

Азамат соғысының аласапыранынан кейін Сырымбет пен оның төңірегіндегі ауылдардың тұрмысы жақсара бастады. Кедейлер мен орта шаруаларды қайтару ауылдарда ортақ жер пайдалану серіктестігінің құрылуына ықпал етті. Бұл серіктестіктер халықтың жері жоқ, әрекетке қабілетсіз топтарына ұжым болып жұмыс істеуге және жұмыс күндеріне сәйкес бірдей жалақы алуға мүмкіндік берді. Серіктестікке мемлекет тарапынан тұқым, ауылшаруашылық құрал-саймандары, тіпті ауыл шаруашылығы техникаларын да ұсынды. 1929 жылдан бастап ортақ жер пайдалану серіктестігінің жаңа кезеңі - колхоздарға көшу қажеттілігі туындады. Жергілікті тұрғындар колхозға алғашқылардың бірі болып бірігіп, жанқиярлық, кейде тынымсыз еңбектерімен «Молотов атындағы» колхоздың құрылып, дамуына үлес қосқандар: Әлиев Мақаш, Қоқышев Уәйс, Қоқышев Ешім, Наубаев Оспан, Жанәділов Сүлеймен, Мұханбетәлин Төлеу, Мұханбеталин Маймақ, Мұханбеталин Нұрмұқан, Сұлтанғазин Сабран және тағы басқалары. Жалпы жиналыста «Молотов атындағы» колхоздың бірінші төрағасы болып Әбсаттар Скекбаев сайланды. Дала жұмыстарымен қатар мал фермалары мен қосалқы құрылыстар салынды. 1929 жылдың көктемінен бастап Сырымбет алқабында Казгородок деп аталатын аудан орталығының алып құрылысы басталды. Бұл мәдениет ошағын салуға уездің түкпір-түкпірінен адам және көлік ресурстары жұмылдырылды. Құрылысқа қосалқы жұмысшыларды есептегенде 300-ден астам білікті шеберлер қатысты. Бұланды орман шаруашылығы кәсіпорнынан 2500-ден астам жүк көлігі үздіксіз, яғни 100 шақырымнан астам құрылыс материалдарын тасымалдады. Құрылыстың қарқыны өте жоғары болды, райком,

уездік атқару комитеті ғимараттары, ШКМ шаруа жастар мектебінің екі ғимараты, балалар үйі, жұмысшылар кооперативі ғимараты, қоныстанушыларға арналған тұрғын үйлер және басқа да ұйымдар мен мекемелер салынды. Күзде Казгородокта 750 шаруашылық есептелді. Құрылысшылардың шеберлігінің дәлелі - бұл ғимараттар жетпіс жыл күрделі жөндеусіз басқарылып, араға 84 жыл салып, біраз косметикалық жөндеуден өтіп, халыққа жаңаша қызмет етуде. 1932 жылы қаңтар айында Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Қазақстанда облыстық (аудандық және округтік емес) бөлімшелер енгізу туралы шешім қабылдады. Өлкенің өндіргіш күштерінің дамуымен жаңа әкімшілік-аумақтық қайта құрулар қажет болды және 1936 жылы аудан орталығын Казгородоктан Володарское селосына көшіру және ауданды “Айыртау” деп өзгерту туралы шешім қабылданды. 1930 жылға қарай Молотов атындағы колхоздың егіс көлемі 125 гектарды құрады. 1934 жылы колхоз жерлесіміз Сүлейменов Төлеу басқаратын Лавровская МТС-тің қызмет көрсету аймағына енді. Казгородок егістігінде алғашқы кеңестік тракторлар пайда болды, алдымен «станциялық вагондар», содан кейін ШТЗ, НАТИ және «Сталинец» тіркеме комбайндары. Осы зәулім машиналармен бірге ескі ат шабатын, бу стационарлық астық жинағыш және тағы басқалары да қоланылып келді. Жұмыстың басым бөлігі қолмен атқарылып, жұмысшылар күші қажет болды. Сол уақытта колхоздарда бала еңбегі кеңінен қолданыла басталды. Балалар ауылшаруашылық жұмыстарын үлкен көлемде орындай бастады. 12-13 жасында балалар егін тасу, шөп шабу, мал бағу, отын жинау және жұмыс күші жетіспейтін көптеген өндіріс орындарында өгіз айдаушы болып жұмыс атқарды. Сол жылдары Казгородок селолық Кеңесінің төрағасы Қанғожин Есқожа, колхоз төрағасы болып ауылдың байырғы тұрғындары, тәжірибесі мол, білікті басшылар Скекбаев Әбсаттар болды. Екі егістік бригаданы Мұхаметалин Төлеу мен Сақалаков Біржан басқарды. Молотов атындағы колхоздың алғашқы механизаторлары Сұлтанғазин Сабыран мен Мұхамбеталин

Нұрмұқан болды, олар жеделдетілген механизация курстарынан өтіп, алғашқы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын игерді. Олар бірінші болып «темір тұлпарларды» мінгізіп, колхоздың егістік алқабында алғашқы борозды төседі. Әйелдер қауымы да ерлермен қатар жұмыс атқарды. Колхоздың егіс алқаптары мен фермаларында СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, сауыншы Рақима Мысықова, Құлбаева Әлима, Адылова Қарақыз, Скекбаева Ақсұлу, Бекішева Ұркия, Сәпиева Разия, Мақашева Ақыш және тағы басқалары тынымсыз еңбек етті.

Сұрапыл соғыс және ауыр сынақ жылдары келді. Бүкіл дені сау ерлер қауымы соғыс майдандарына аттанды. Колхозда негізінен әйелдер, қарттар, мүгедектер және жасөспірімдер қалды. Соғыстың сұрапыл заманының бар ауыртпалығы солардың иығына түсті. Бұл кезеңде колхоз төрағасы Такирбасов Қаскі болды. Мемлекет өндірістік көрсеткіштерге: «Бәрі майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген қатаң нұсқаулар бере отырып, оларды кез келген жағдайда орындау керек болды. Талапты орындамау саботаж ретінде қабылданды. Сондықтан да болар, колхозшылар мен тыл еңбеккерлері соғыстың аяқталып, фашизмді жеңгені туралы хабарды үлкен қуанышпен, жақсы көңіл-күймен қабылдады. Осы сұрапыл соғыстан аман өткен майдангерлердің көпшілігі кеуделеріне орден-медальдарымен оралды. Қаза болған Сырымбеттердің жауынгерлерін ұрпақтары мен немерелері үнемі есте сақтап келеді. Қазіргі таңда мектеп ғимараты «Әскери даңқ залы» және азап шеккен ана мен жеңіске жеткен жауынгердің барельефі бейнеленген көркем түрде жасалған бетон панномен жабдықталған, тігінінен орнатылған мәрмәр тақталарға қаза тапқан жауынгерлердің есімдері жазылған. Мұнда жыл сайын Жеңіс күні мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері күніне арналған салтанатты шаралар өткізіліп, ҰОС ардагерлерімен және ауған жауынгерлерімен кездесулер өткізілуде.

Казгородок бірте-бірте бейбіт өмірге орала бастады. Елге оралған майдангерлер қайтадан жұмыс орындарына барып, соғыс жылдарында назардан тыс қалған шаруашылықты көтеруге кірісті. 1947 жылы Казгородокта электр жарығы жанып, радиобайланыс үзілді. Электр қуаты мен радионың келуімен ауыл өмірі жаңа деңгейге көтеріліп, өндіріс жанданып, шаруашылықтарда электр қондырғылары, жөндеу орындарында электр машиналары мен жұмыс жабдықтары пайда болды. Колхозшылардың еңбек жағдайы жақсарды.

Өндіріс орындарында ғана емес, білім мен мәдениетте де өрлеу байқалды. Соғыстан кейінгі жылдардағы мектеп бітіруші түлектердің көбісі алтын және күміс медальдармен тәмәмдап, олардың ішіндегі республикаға танымал тұлғалар: Атығаев Мінайдар, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов, Жанаділов Болат, Қожахмет Балахметов, Атығаева Зайкен, Қоңырбаев Уәлихан, Рамазанов Аманжол және тағы басқалары өндірістік, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени қызметке үлкен жауапкершілік жүктеді. Әдетте, бұл өз ісіне берілген, жоғары этикалық көшбасшылар 1947-1959 жылдар аралығында Казгородок селолық кеңесінің төрағалары : 1947-1949 жылдары Жантаев Кәкен; 1949-1952 жылдары Есілбаев Сағынтай; 1952-1955 жылдар аралығында Сүлейменов Еспай; 1955-1957 жылдары Молдағайыпов Аусат; 1957 жылдан 1960 жылға дейін Мечникова Раиса. Бұл тұлғалар ауылымыз үшін ең қиын кезеңде оның қалыптасуына, құрылысына, экономикалық дамуына зор үлес қосты. Сонымен бірге 1941-1948 жылдар аралығында Казгородок орта мектебінің директоры қызметін қоғам қайраткері, Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз, тамаша тұлға Қанапьянов Мұсахан атқарды. Оның шәкірттері: Қожахмет Балахметов, Рамазанов Аманжол, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов және Қазақстанның басқа да көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері. 1948-1956 жылдары Солтүстік Қазақстанды, кейін Көкшетау ОБЛОНО-сын басқарды. «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған. Мұсахан Қанапьяновтың өмірі мен

шығармашылығы туралы «Тағлым» және «Ұстаз» кітаптары жазылған.

Тың игеру жылдары біздің Казгородоктың тарихында өшпес із қалдырды. Бұл облысымыздың ауыл шаруашылығы мен экономикасының бұрын-соңды болмаған өсу жылдары болды. Молотов атындағы колхоздың еңбек ұжымдарына Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен жүздеген ұл-қыздар қосылды. Колхозда тың және тыңайған жерлерді көтеру үшін тракторлық-далалық бригадалар құрылды. Егістік жұмыстары екі-үш ауысымда жүргізілді. Жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізу үшін бригадалар мен звенолар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылды. Біздің колхозға келген пионерлердің ішінде кейін осында қалған ұл-қыздар болды, олар: Бочкарев В., Морозов Н., Калинин П., Бредихин М., Полковников Н., Петроченко Н., және тағы басқалары. Ұлы эпопеяда- тың жерлер үшін шайқаста сонау отызыншы жылдардағы «темір тұлпарларды» алғашқылардың бірі болып мінген жергілікті механизаторлар алғашқылардың қатарында болды. Олар тың егістік жерлерге алғашқы бороздаларды салды. Бұлар еңбек ерліктерімен танылған ақсақалдар: Мұханбеталин Нұрмұқан-майдангер, Еңбек Қызыл Ту орденінің, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалінің иегері, Қамарлянов Зейнеқабиден - «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалінің иегері, Сұлтанғазин Сабран - «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медал иегері, Қазбеков Кәрім, Әйтенов Қали, Рахимов Таласпай және тағы басқалары. Жаңадан игерілген жерлерде қысқа мерзімде (1954-1960 жылдары) ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1940 жылмен салыстырғанда 4 есе өсті. 1954-1965 жылдар аралығында Казгородок және оның бөлімшелері: Сарыбұлақ, Шоққарағай, Качиловка, Юдинка, Сулыкөл мал фермалары мен қоралар, мал шаруашылығы ғимараттары, жем-шөп дайындау пункттері, малдарды залалсыздандыру станциялары жабдықталып, әр бөлімде кабинеттер салынды. Казгородокта, Шоққарағайда және Кочиловкада астық қоймалары бар 3 астық сақтау орталығы

салынды. Барлық коммуникация, қауіпсіздік техникасы бар мұнай базасы салынды. Осы кезеңде МТМ ғимараттары, машинау ауласы, қоғамдық монша, ағаш кесетін құрылыс алаңы, 80 орындық орталық асхана және 2 қорапты гараж салынды. Барлық ауылдар мен филиалдарда аралас тауарлар дүкендері, Казгородокта екі ірі дүкен салынды. Кітапханалары, бастауыш және сегіз жылдық мектептері бар барлық ауылдарда ауылдық клубтар салынды. Сауда мен мәдениет назардан тыс қалмады. 1961 жылы Казгородок Сарыбұлақ, Шоққарағай, Качиловка, Юдинка, Сулыкөл және Шолақөзек ауылдарын қамтитын Сырымбет кеңшарының орталық игілігіне айналды. Совхозды ұйымдастыруға байланысты Казгородокта жұмысшыларға арналған тұрғын үй құрылысы басталды. Құрылысты 30- жылдары құрылған жергілікті СМУ жүргізді. Бір жылдың ішінде “Фин үйлері” көшесі, ауылдық клуб, бюджеттік мектеп-интернат, перзентханасы бар аурухана, АТС орналасқан совхоз кеңсесі салынды. Сырымбет кеңшарының алғашқы директоры Федор Семенович Попов болды. 1966 жылы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Казгородок ауылы Көкшетау облысы Володар ауданы Сырымбет ауылы болып өзгертілді. 1968-1969 жылдары Сырымбетте екі қабатты бес үй мен көкөніс қоймасы салынды. Жеміс-жидек бақшасы мен суару жүйесі бар көкөніс бақшасы төселді. Совхозды басқарған жылдары Федор Семенович Попов совхоздың қалыптасуы мен дамуына көп күш пен жігер жұмсап, өзі туралы ғасырларға созылған жақсы естелік қалдыра білді.

Ауыл шаруашылығы - Қазақстандағы шаруашылықтың жетекші саласы болып табылады. Оның маңызы әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруден кейін арта түсті. Солтүстік Қазақстан аумағында, соның ішінде біздің облыста қара топырақты және каштанды топырақты егістік алқаптардың 80 % шоғырланған. Аумақтың өсімдік жамылғысы үшінші ландшафтық субзонаға, яғни тасты топырақтағы қайыңды ормандар мен қарағайлы ормандары бар орманды дала субзонына жатады. Территорияның 25-30%-ын қайың және

көктерек ормандары алып жатыр. Қазіргі таңда біздің аумақтың барлық орман қоры Көкшетау мемлекеттік ұлттық паркінің құрамына кіре отырып, қатаң бақылауға алынды.

Өсімдік жамылғысының флористикалық құрамына көптеген дәрілік өсімдіктер кіреді. Өсімдіктердің 100-ге жуық түрі қазірдің өзінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқандар санатына жатқызылады, олардың көпшілігі өте кең таралған болып есептеледі. Мысалы, Сырымбет төбелерінде жабайы пияз, «жабайы сарымсақ», «қоян қырыққабат», алқызыл жүгері гүлі мүлде жойылып, соңғы жылдары ақ қар бүршіктері де азайып кетті.

Аумақтың фаунасы сүтқоектілердің 36 түрімен, құстардың 100-ге жуық түрімен және балықтың 3 түрімен белгілі. Ең көп тарағандары кеміргіштер отряды болса, ең танымалдарына ондатр, говер, күзен, жербоя (соңғы екеуі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген). Тың жерлерді жырту және өсімдіктерді қорғаудың заманауи химиялық құралдарын қолдану қарсақ түлкі, борсық, аққұба сияқты фаунаның кейбір далалық түрлерінің азаюына әкелді. Браконьерліктің кең етек жаюымен ақбас, күрек, қарағай, сондай-ақ қараторғай мен қаракұйрық сынды құстардың азаюына әкеп соқтырды. Тіпті, қасқырдың өзі біздің ауданда ең сирек кездесетін жануардың біріне айналды.

Қоғам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуінің салдары жаһандық сипатқа ие. Кейде олар адамның қоршаған ортасының өзгеруіне, тіпті оның биологиялық түр ретінде өмір сүруіне қауіп төндіретін деңгейге дейін әкелуде. Біздің аймақтың экологиялық проблемалары, әдетте, қоршаған ортаның техногендік ластануы және табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалану процестерінен туындап отыр. Сырымбет өңірі аумағының экологиялық жағдайы табиғи ортаның елеулі өзгерістерімен сипатталады. Бұған Құмдықөл мен Ақбас көлдерінің тайыздануы және өсіп-өнуі типтік мысал бола алады. Осылайша бір кездері терең және құмды көлдер жергілікті «тұлғалардың» араласуының нәтижесінде кәдімгі өскен

батпақтарға айналып, лай мен қамыс басқан. 60-70 жылдармен салыстырып қарайтын болсақ, сол уақытта жағдай мүлдем басқа еді. Құмдыкөл көлі Сырымбет тауының етегінде орналасқан бірнеше жақын бұлақтардың, Қылшақты шағын өзенінің және Шоққарағай көлінің артық суларымен қоректеніп, олар жыра арнасы бойынша көктем мен жазда Қылшақты өзеніне, онымен бірге Құмдыкөл көліне түсетін. Тік беткейлердегі қыраттардың етегінен бастау алған бұлақтар көлге тез арада ағып, оны тіршілікке толы ылғалға толтыраты. Көлдің суы мөлдір әрі жағасын әдетте таза құм басатын. Жаз айларында бұл жерлерге барлық аймақтардан адамдар жиналып, ал жағалауларында көптеген балық аулайтын қайықтар болды. Халық аңыздарына сәйкес, Қамысақты- ежелгі, қазір жоғалып кеткен Қамысты өзенінің жоғарғы ағысы еді. XIX ғасырдың орта тұсында Қамысты алқабы орман-сайға бай болған аумақ еді, алайда қоныс аударып келген шаруалар оларды кесіп тастады. Бұл өзеннің су жиналу аймағын қысқартып тастады. Өзен жағасына дейін тың жерлерді жыртумен жағдай одан әрі нашарлады. Жоғарыда айтылғандай, мұндай қайғылы салдарға әкелетін себеп - табиғат құрған табиғи су алабының бұзылуы. Бір кездегі бай өлкеміздің табиғаты бүгінде мүшкіл халде. 50-70 жылдары жолдар мен басқа да нысандардың құрылысы басталып, бұл кейіннен көлдердің тайыздануына және көлдерімізді қоректендіретін бұлақтар мен өзендердің жоғалуында маңызды рөл атқарды. Нәтижесінде Дала өлкесі табиғатының бірегей бұрышы баяу жойылып, Қамсақты өзені мен көлдері, сондай-ақ Сырымбет шатқалының керемет бай флорасы мен фаунасы жойылып кету қаупі төнген бірнеше себептер бар.

60 жылдардың басында Қылшақты өзенінің маңында орналасқан бақша мен көкөніс бақшасын суару үшін совхоз директоры Ф.С.Поповтың бастамасымен өзен арнасы биік бөгетпен жабылып, Құмдыкөл көліне судың кіруін тоқтатқан жасанды су қоймасы салынды. Өзенге қуат берген бұлақтар су қоймасының түбінде қалып, лай басқан. 70 жылдардың ортасында совхоз әкімшілігі Сырымбет шоқысының етегіндегі

бұлақты «өсіру» мақсатында бұлақтың тік қабырғалары мен түбіне бетон құйып, оны ауыр бетон блоктармен қоршап, кейіннен жойқын рөл атқарды. Бұлақ жабылды. 1994 жылы «Айғаным қонысы» мұражай кешеніне апаратын жол Қылшақты өзенінің ескі арнасын жауып тастады, оның бойымен еріген, жаңбыр және жер асты сулары ағып жатты. Нәтижесінде көлге судың кіруі тоқтап, екі бұлақтың суы ойпаттарға төгіліп, сайлар мен батпақтар пайда болды.

Әдебиет:

1. ҚазССР Энциклопедиясы
2. Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы
3. Шоқан Уәлиханов атындағы тарихи-этнографиялық мұражайдың мұрағаттық материалдары
4. Нурманов Х.Н., Муханбеталин Н., Сулейменов К.С. ауылдық қайраткерлерінің естелік жазбалары
5. С.Н.Муханбеталиннің жеке мұрағатынан алынған материалдар
6. Кенжетасев Табылды. Сырымбеттің сыршыл сардары. 1-кітап. Қарағанды: Болашақ - Баспа, 2005.-292 б.

УДК 930

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Аламнашрих А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Солтүстік Қазақстан облысындағы мәдениет тарихы көптеген ғасырларды қамтитын терең тамырларға ие. Бұл аймақта ежелгі сәулет өнерінің көптеген ескерткіштері сақталған, олар мәдени мұраның байлығы мен алуан түрлілігін көрсетеді. Жергілікті мұражайлар мен көрмелер аймақтың бай тарихына арналған және ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін мәдениеттің дамуы туралы маңызды ақпарат көзі болып табылады. Облыс мәдениетін қалыптастыруда әр түрлі этникалық топтар, соның ішінде қазақтар, орыстар, украиндар

және басқа да халықтар маңызды рөл атқарды, олардың тумалары ғасырлар бойы осы жерлерде өмір сүрген.

Біздің елде өнер жылдан жылға дамып келеді. Жаңа театрлар, цирктер, кинотеатрлар пайда болуда, ең бастысы, театр өнері танымал болып келеді. Солтүстік Қазақстан облысында алғашқы театр қойылымдары XIX ғасырдың соңында басталды. Олар драмадан операға дейінгі әртүрлі жанрларды қамтыды. Мұндай қойылымдар танымал оқиғаларға айналды, жергілікті халықты қызықтырды және аймақта жаңа мәдени атмосфера құрды. Әр түрлі қалалар мен елдердің актерлері, музыканттары мен режиссерлері өздерінің қойылымдарын ұсыну үшін аймаққа келді, бұл аймақтың театр өміріне әртүрлілік пен жаңалық әкелді.

Театр ұжымдарының құрылуы Солтүстік Қазақстан облысында театр өнерін дамытудағы маңызды қадам болды. Алғашқы театр қойылымдарының сәттілігінен кейін жергілікті талантты актерлер мен режиссерлер күш біріктіріп, тұрақты театр ұйымдарын құруға шешім қабылдады. Бұл өңірдің театр инфрақұрылымын нығайтуға және халық үшін мәдени іс-шаралардың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Көп ұзамай әр түрлі театр ұжымдары құрылды, онда кәсіби актерлер мен режиссерлер еңбек етіп, облыстық театр өнерінің дамуына ықпал етті.

Мәдени іс-шаралар мен фестивальдерді ұйымдастыру аймақтың мәдени өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болды. Бұл оқиғалар көрермендердің назарын аударды және театр өнерінің дамуына ықпал етті. Осындай іс-шараларға қатысу арқылы облыс театрлары өз спектакльдерін кең аудиторияға ұсынуға және танылуға мүмкіндік алды. Осылайша, мәдени оқиғалардың театрдың дамуына әсері оның беделін арттырудан, театрлар мен көрермендер арасындағы жылы қарым-қатынасты қолдаудан және дамытудан көрінді.

Петропавлда драма және цирк өнері алғашқыларының бірі болып қалыптасты. Татар, орыс, қазақ жылжымалы өнер ұжымдары бір-бірін алмастырып, түрлі қойылымдар қойды.

Сондай-ақ, ұлттық музыкалық-поэтикалық шығармашылық үлгілерін пайдалана отырып, орыс, украин және шығыс авторларының шығармаларын қойды.

Театрдың негізі 1887 жылы қаланды. Ол кезде Петропавлда А.И. Горбуновтың басшылығымен драма артистерінің серіктестігі құрылды. 1906 жылы қала тұрғындарының ақшасына театрдың жаңадан тастан салынған ғимараты бой көтерген болатын. Ол Приютская көшесінде орналасты. Кейін бір жылдан кейін оны Театр көшесі деп атады.

1910-1912 жылдардан бастап қазақ зиялыларының әуесқой спектакльдері қойылды. Репертуарына аңыздар, халық ертегілері және К. Тұлғасов пен И. Медіхановтың пьесалары енгізілді. Сондай-ақ, музыкалық-драмалық қоғам құрамында татар тобы жұмыс істеді.

Петропавлдағы театр кейінен 1912-1915 жылы үлкен беделге ие болды. Ал, революцияға дейінгі кезеңде қаладағы театрдың басым бөлігіне Н. Сарматов иелік етті.

Азамат соғысынан кейін қалада көркемөнерпаздар үйірмелері жедел қарқынмен дами бастады. Драма үйірмелері К. Маркс, Сакко және Ванцетти атындағы және В.И. Ленин атындағы клубтарында спектакль қойды. Олар тек сахнада ғана емес, парктегі ашық алаңдарда өнерлерін көрсетті. Аптасына спектакль 7 рет көрсетілді. Оның екеуі ғана ақылы түрде ғана болатын.

Түрлі мекемелер мен одақтар құрыла бастады. Соның бірі 1926 жылы Губерниялық саяси ағарту мекемесі мен Көлікшілер одағы 14 адамнан тұратын татар группасын құрды. Оның құрамында көркемөнерпаздар тобының артистері болды. Театр өзінің ашылу маусымын өткізді. Маусымды «Сунги Синям» пьесасымен ашты. Бірақ, театр 2-3 жыл істеп, кейін тарап кетті.

30-жылдардың орта кезінде қалада Қазақ драма театры ашылды. 1935 ж. Бірінші болып Б. Майлиннің «Талтаңбай» спектакль-комедиясы қойылды. Театр тек қалада ғана емес, облыс ауданында да көрсетелді. Жазғы маусымында 63 қазақша қойылым көрсетілді. Оған 26 мыңнан астам көрермендер келді.

1938 жылы қаңтарда қазақ группасы Гурьевке ауыстырылды. Онда ол облыстық театрдың негізін қалады.

Қазіргі кезеңде Петропавл қаласында артистер Қазақстан халық әртісі Л. Ванюкова, В. Шалаев, Л. Шустова, З. Крылов, О. Попов, В. Васько еңбек етуде.

Театрды әр жылдары бас режиссерлер В.Саврюков, А.Мелентьев, басқарды. Сондай-ақ театрда О.Каровских, С.Потапов, И. Белецкая, Л. Малобродская және А.Королев сияқты актерлер қызмет істеді. Труппа облыс бойынша, сондай-ақ Ресейдің көрші облыстарына гастролдік сапарларға шығады. 90-жылдардың аяқ кезінде облыста 105 театр болды, оның 14-і «Халықтық» деген құрметті атақты алған. Олардың ішінде, әсіресе Аралағаш селосындағы халық театры (Аққайың ауданы, 1976), Жаңажол селосының халық театры (Жамбыл ауданы, 1992), Орталық селосының халық театры (Есіл ауданы), Айымжан селосының халық театры (Жамбыл ауданы, 1970) ерекше көзге түседі. В.Дробышев, В.Долматов, В.Штейнберг, К.Баженова, А. Остапенко, З. Басаргина, Г.Николенко, М.Фадина, В.Лебедев, Н.Окунева, П.Медведев, В. Плешаков, М. Югай, М.Шершнев, В.Проскураков есімдері Солтүстік Қазақстандағы өнерпаздық театр өнерінің тарихында өзіндік орын алады. Облыс көшпелі дәстүрлерді, көрші халықтардың ықпалын және осы аймаққа тән өзіндік ерекшеліктерді бойына сіңірген ерекше және көп қырлы мәдениетке ие [2, 90 б].

Төңкеріске дейінгі Петропавлда Н. Сарматовтың тобы елеулі рөлі болды. Қойылымдарында Е.Л. Ленина және П.С. Некрасов секілді жас артистер өнерлерін көрсетті. Петропавл қаласына Ресейдің көрнекті актерлері М.И. Велизаций мен П.Н. Орленев келіп тұрды.

Орыстың театры өзінің шығармашылық тәжірибелік қызметін 1913 жылы іске асырған еді. Театрды бұрыңғы антрепренер, дарынды актер Н. Сарматов басқарды. М. Горкийдің пьесалары қойылды, А. Островскийдің шығармалары кеңінен танылды. «Ұлы коммунар», «Еңбекті жырлаймыз» сияқты спектакль-митингілер көрсетіліп жүрді [1, 356 б].

В.Билль-Белоцерковский «Дауыл», В. Ромашевтің «Аспандағы күлшенан», К. Треневтің «Любовь Яровая», А. Луначарскийдің «У» спектакльдері 1920 – 1930 жылдар аралығында елеулі болды.

Петропавл тұрғындары 1934 жылы «Правданың» тұрақты тілшісі Н.Ф. Погодиннің драматургиясымен алғаш рет танысқан болатын. Оның пьесалларының мазмұнының күш-қуаты тұрғындарды, ұжымды серпілткені бар. 1962 жылдың күзінен бері театр кеңес драматургының, Лениндік сыйлықтың иегерінің атымен аталып келеді.

С.Мұқановтың орыс тілінде алғаш рет шығарылған «Шоқан Уәлиханов» тарихи драмасы бойынша спектакль 1957 жылы драма театрларының республикалық байқауында бірінші дәрежелі диплом иеленді. 1972 жылғы желтоқсанда бұл өнер ұжымы Театр көшесінен осы күнгі жаңа ғимаратына көшті. 1982 жылғы шілдеде театрдың кеңес өнерін дамытуға сіңірген еңбегі Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен атап өтілді.

1978 жылы Э. Мановтың «Жас жұбайлар», 1980 жылы Ф. Шиллердің «Мария Стюарт», 1981 жылы Н. Думбадзенің «Мәңгілік заңы» қойылымдары үшін Бүкілодақтың фестивальдердің дипломдары берілді. 1982 жылы Ғ. Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» спектаклін қоюшылар республика Мәдениет министрлігінің сыйлығын иеленеді [1, 357 б].

1991 жылы Петропавл қаласында облыстық қуыршақ театрының ашылуы өңірдің мәдени өміріндегі айтулы кезең болды. Алғашқы жылдарынан бастап бұл театр солтүстік қазақстан тұрғындарының сүйікті отбасылық демалыс орнына, балалардың театр өнерінің орталығына айналды. Оның репертуарында А. Пушкиннің «Салтан патша туралы ертегі», А. Милнің «Винни-пух және басқалар», Л. Филатовтың «Федотмерген туралы», Х. Юрковскийдің «Сен, мен және қуыршақшы», Гернеттің «Қаз балапаны», М. Бартеңевтің «Гераклдың өмірі», сияқты балалар драматургиясының

таңдаулы шығармалары бар. Осы жылдарда театрдың труппасы қуыршақшылардың көптеген шығармашылық байқауларында – «Дастарқан» фестивалінде, Мәскеудегі қуыршақ фестивалінде, Болгариядағы «Алтын дельфин» конкурсында, Омбыдағы және Түмендегі фестивальдерде болып, бірқатар құрметті марапаттарды иеленді. Әр алуан жылдары театрды бас режиссерлер Л. Архипов, В. Саврюков, А. Мелентьев басқарды, мұнда тамаша актерлер О. Каровских. С. Потапов, И. Белецкая, Л. Малобродская, ағайынды Королевтер жұмыс істеді. Труппа Солтүстік Қазақстанның қалалары мен селоларына, еліміздің және Ресейдің көрші облыстарына өнер сапарларына жиі шығып тұрды [1, 362 б].

2005 жылы облысты қуыршақ театрына 15 жыл болды. Театр үнемі ізденісте болып, қуыршақ сахнасының жанрлық және тақырыптық қырларын кеңейтті. Басты мақсаты – балалардың рухани әлемін кеңейту, адами қасиетін қалыптастыру.

Қазақстан театрлары түрлі гастролдік сапарларға барып жүрді. Соның бірі, 2003 жылы Ресейдегі Қазақстан Жылы аясында петропавлдық драма театрлары сапаралармен Омбыда, Қорғанда, Тюменде, ал облыстық филармония Тюмен облысында болып қайтты. Қорғанда «Литературный небосклон Казахстана» атты қазақстандық жазушылар кітаптарының, «Шаңырақ» суретшілер туындыларының көрмесі өткізілген болатын.

Жалпы Петропавл қаласындағы мәдени ағарту ұйымдары ХІХ ғасырдың 2-жартысында құрыла бастады. Азаматтардың қаражатына бірінші қоғамдық кітапхана 1881 жылы ашылып, кейін 1885 жылы кітапхана пайдалануға берілген болатын. Онда 3927 том кітап бар. Кітапхана ішіне оқу залдары ашылған еді. Оған ай сайын кемінде 200-ден 300-ге дейін оқырмандар барды. Сонымен қатар, көпес мұсылмандар қаражатына мұсылман кітапханасы ашылды.

20-жылдардың бас кезінде қалада 10 клуб жұмыс істеген еді. Олар: комсомол клубы, мұсылман жұмысшыларының

клубы, кәсіпорындардың 5 клубы, әскери бөлімдерде 2 клуб, орталық жұмысшы клубы. Сонымен қатар, қалада «Ударник» және «Октябрь» кинотеатрлары қызмет көрсеткен.

1933 жылы 29 қыркүйекте Петропавл театры Халық ағарту комиссариаты алқасының шешімімен облыстық мәртебеге ие болды. Тұрғындарға кино көрсету үшін Қазкинотрестің Қарағанды бөлімшесі ұйымдастырылды. Кейін, 1934 жылы Петропавл ауданаралық бөлімшесі болып қайта құрылды.

Ал, 1938 жылы драма үйірмелер жұмысының бірінші байқауы өтті. Драма театрлар, кинотеатрлар кітапханалар жұмыс істеулерін жалғастырған болатын. Соғыстан кейін облыста, қала мен ауылдарда жаңа кітапханалар кеңінен жайылған. 1947 жылы Петропавлда 67 мәдени ағарту мекемелері болды. Олардың ішінде 19 мың дана кітап қоры бар 3 қалалық кітапхана, 43,3 мың дана кітап қоры бар облыстық кітапхана, мектептерде 19 кітапхана болды. Кейін, 1950 жылы жаңа ғимаратта тарихи-өлкетану мұражайы ашылды. Онда 46 клуб, 78 кітапхана, балалар музыка мектебі жұмыс істеді.

1955 жылы драма театрлардың бірінші Республикалық олимпиадасы өтті. Ұжымдар яғни, Преснов пен Благовещенск драма ұжымдары арнайы мадақтамамен марапатталды.

Мәскеу қаласында 1958 жылы Қазақстан әдебиеті мен өнерінің он күндігі өтті. 1958-1964 жылы В. Хренов «Арай» халық би ансамбілін құрды. Әрине, кейін бұл өнер ұжымы Қазақстанның мақтанышына айналды. Ал, 70-90 жылдары халық би өнері одан әрі дами түскен еді. Бұл кезең аралығында «Қызылжар» қазақ және шығыс биі халық ансамбілі (көркем жетекшісі Б. Айсина), М. Бархатованың жетекшілігімен «Тоника» сәнді би ансамбілі, «Карусель» би ансамблі (көркемдік жетекшісі М. Выгодина), «Кировчаночка» балалар көрсетілім-үлгі ансамблі (көркемдік жетекшісі И. Стельмах), «Дружные ребята» көрсетілім-үлгі би ансамблі (көркемдік жетекшісі Р. Сучкова) өнерлерін көрсетті.

Солтүстік Қазақстан облысында мәдени құрылыстардың жаңа дәуірі 70- жылдардың аяғында, 80- жылдардың басында өрбіген болатын. Петропавл қаласында 1974 жылы қалалық кітапхана пайдалануға берілді. 1974 жылы Петропавл көрме залы, ал, 1979 жылы облыстық жасөспірімдер кітапханасы ашылды.

Кейін, мәдениет мекемелерінің материалдық базасын дамыту кең жайылды. Облыста 80-жылдары 518 Мәдениет сарайы мен клубтар, 497 кітапхана, 76 мұражай, 2200 көркемөнерпаздар үйірмесі, 25 орыс оркестрі, 33 қазақтың халық аспаптар оркестрі жұмыс істеді. Тіпті, облыста әдеби-музыкалық және спорт мерекелері кең қанат жайды. Олар: «Ақбидай, «Праздник Севера», «Поет Приишимье», «Солқылда гармонь, күмбірле домбыра».

1995-1996 жылы облыста Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 60 жыл толу мерекесіне арналған «Дала жұлдыздары» мәдени-ағарту шарасы жүргізілді. Іс-шарамен қатар, мерекелік ойын, жәрменкелік серуен, спорттық-көркемөнер мейрамдары секілді іс-шаралар ұйымдастырылды.

Дәстүрлер мен қазіргі заманның бай үйлесімі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Солтүстік Қазақстан облысы ғасырлар бойы осы аумақта өмір сүрген көшпелі тайпалардың ықпалымен қалыптасқан ерекше және бай мәдениетке ие. Соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысында заманауи мәдениет дамуда. Қалаларда театрлар, мұражайлар мен көркем галереялар ашылады, фестивальдар мен концерттер сияқты мәдени іс-шаралар өткізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысында тарихи өлкетану жұмыстары жанданған. Қазіргі кезде қоғамдық ұйымдар мен мектептерде мұражайлар төлқұжаттандырылған болатын. Қалада ескерткіштер орнатылды. Солардың бірі Петропавл қаласында Қарасай мен Ағынтай батырларға арналған ескерткіш. Ескерткіш 1999 жылы 22 маусымда Н.Ф. Погодин атындағы облыстық орыс драма театры алдында қойылған болатын. Сонымен қатар, Абылай хан мен Баян батырға

көрнекті саясаткерлерге арналған ескерткіштер қойылған еді. Ескерткіштердің кейбіреулерін жаңарту керек болды. Олардың қатарында Абылай хан резиденциясы, Сырымбет мекені мен Юзефович көпестің үйі де ерекше маңызды болып табылады.

Хутор Киевский позже стал называться Писаревка, на казахском языке его называли Мырзакелды. А названо оно было так по существующей легенде о том, что среди жителей имелся грамотный человек, который умел составлять письма, прошения. Село было образовано в 1907 году. Прибывшие получили надел земли и помощь от государства. Строили землянки, всем родом (родственники вместе приезжали) или с близкими соседями. Из воспоминаний старожилы убогая землянка, в ней жили несколько семей, печь с трубой, которую выводили через стенку, постоянно шел дым: приходилось много топить, было холодно.

В 1926 году был организован Комитет бедноты. А в 1928 году образовали первый колхоз «Молодая гвардия», затем его переименовали в колхоз «Коминтерн». Уже в 1939 году в колхозе имелось 3 автомашины, 8 тракторов, 250 дойных коров, 2 тысячи овец. Но началась Великая Отечественная война и сотни писаревцев ушли на фронт. В городе Булаево организовали курсы комбайнеров, трактористов, шоферов, и писаревские девчата стали первыми трактористами и шоферами (Л.Решетнева, Р.Кочубеева, Е.Булонько, П.Саласюк, М.Саласюк, К.Шуржина, шоферами - М.Горбылева, Мария и Клавдия Задорожные). Люди объединялись, чтобы обрабатывать землю и убирать урожай.

В 1946 году колхоз возглавил А.И.Кухаренко. В 1961 году произошли преобразования и колхоз вошел во вновь образовавшийся в совхоз «40 лет Казахстана» как 3 отделение. Оно имело 30 тракторов, 20 комбайнов, и другую сельскохозяйственную технику. В эти годы стали приезжать на работу молодые парни с Белоруссии, Украины, многие остались в Писаревке создали семьи. В это время работали лучшие механизаторы села Г.М.Яговдик, А.П. Еднач, А.Д.Солоха).

В 1977 году на базе отделения №3 Писаревка был образован совхоз «Писаревский». В него вошли с. Весёловка от совхоза им. Тамановской дивизии и село Ленино от «40 лет Казахстана», центральная

Первым директором совхоза стал В.В.Осипов, председателем Писаревского сельского совета – В.А. Кочубеев.

На 1 января 1980 года в состав Писаревского сельского Совета входили населенные пункты

- с. Писаревка
- с. Комсомол
- с. Ленино
- с. Веселовка

Населенный пункт при железнодорожной станции.

А с 1980 года совхоз «Писаревский» возглавил Т.Б.Зембицкий – один из старейших руководителей, накрепко

связавший свою судьбу с нелегкой судьбой современного труженика села.

В короткий срок опытный руководитель Зембицкий Томаш Брониславович вывел хозяйство в число передовых. За годы его работы в совхозе много строили, в первую очередь жилье, производственные и социальные объекты. Так, с 1983 по 1991 годы были построены МТМ с автогаражом, 3-этажная школа, клуб на центральной усадьбе.

Под его же руководством на центральной усадьбе в с.Писаревка установили памятник погибшим односельчанам во время ВОВ.

Первая школа в Писаревке была построена в 1912 году, рядом молитвенный дом. Наши односельчане помнят школу на месте, где сейчас здание совхозной библиотеки (сохранилась только часть здания). Второй школой- здание нынешней конторы. Эта школа просуществовала более 60 лет. Позже была начата постройка нового здания школы

В ноябре 1985 года дети, радостные и довольные, как и их родители, учителя, входят в новые просторные классы. За ними- будущее их села. Все хлопоты по обустройству школы и прилегающего участка ложатся на плечи директора школы Олентич А.И., который проработал директором 10 лет. После он работал учителем географии и физики. По достижению пенсионного возраста он ушёл на заслуженный отдых.

На данный момент в селе осуществляет свою деятельность ТОО «Писаревское - Агро», однако из-за нехватки трудоспособного населения в селе работают много приезжих, в селе остро стоит проблема снижения численности населения. Руководство ТОО оказывает спонсорскую помощь при проведении праздничных мероприятий, на которое собираются жители села.

Благодаря приезду людей с Киевской, Полтавской и Харьковских областей, что стало началом создания нашего села, люди своим трудом и временем создали спокойное и тихое место, что стало домом для многих семей. Село стало Родиной и для депортированных немцев из Поволжья в предвоенные годы.

Согласно полученным результатам исследования, село имеет богатую историю, которая насчитывает десятки и даже сотню лет. На протяжении этого времени село переживало периоды процветания и трудностей. Село является уникальным объектом исторического наследия, который требует сохранения и продолжения изучения его истории. Это позволит потомкам села понимать свои корни и узнать о своих предках, а также познакомить новые поколения с историей села, которая является одним из самых ценных наследств культуры и традиций.

Список литературы

1. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Писаревка_\(Северо-Казахстанская_область\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Писаревка_(Северо-Казахстанская_область))
2. Статья из журнала к 110-летию Великого поэта. Район Магжана Жумабаева. На Родине Великого Магжана
3. Северо-Казахстанская область энциклопедия. – Петропавловск, 2006. - стр. 454
4. Воспоминания старожилов.

УДК 930

«ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨКПЕ АҚЫНЫ – ШАЛ АҚЫН»

Калиева А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Кіндік қан тамған туған жер әр адам үшін киелі болып табылады. Туған жердің тарихын білу арқылы, оған деген құрметті күшейтіп, жақсырақ тани аламыз. Осы орайда, туған жер - Шал ақын ауданы туралы зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Тілеуке Құлекеұлының өмірі Абылай хан уақытындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін дөп көрсетеді. Шал ақынның даналыққа толы өлеңдері ұлтымыздың салты мен болмысы қарияның бойындағы ақыл байлықтың көрінісі іспеттес. Қазақтың ғұламасы, қазақ әдебиетіндегі жеке орнын ойып, артынан алтын мұра қалдырған Тілеуке Құлекеұлы –

ауданымыздың ғана емес, барша қазақ халқының ардақты перзенті.

Шал (Тілеуке) Құлекеұлы, Шал ақын (1748, бұрынғы Көкшетау облысы Азат темір жол бекеті – 1819, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы аумағы) — қазақтың төкпе ақыны. Арғын тайпасы Атығай руы Бәйімбет бөлімінен шыққан.[1][2] Әкесі Құлеке батыр Абылай ханның жақын серігі болған. Өмірінің негізгі бөлігі өткен жер – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданының аумағы. Баласы болмай келіп, қартайыңқыраған шағында Шал ақын Мәлібай, Мәлике деген екі перзент көріпті. Мәлібайдан қазір ұрпақ жоқ. Мәликені қалың Қыпшақ ішінде Нұрым деген кісіге ұзатқан екен, Нұрымнан Айтбай, Айтбайдан Наушабай, Наушабайдан белгілі ақын Нұржан Наушабаев туған.

Шалдың алғаш ақындық даңқы шығуы – он бес жасында. Осы жасқа келгенде ел ішіндегі төреден де тайсалмай, көңіліндегі сөзін айтып салып, қарап отыратын болыпты. Содан өмірінің соңына дейін ақындығының арқасында қысылғанда сөз тауып кететін шешендігінен танбапты. Шалдың өлең, жырларынан өз дәуірінің өмір көріністері айқын аңғарылады. Бұлардың бәрінде дерлік жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, ынсап пен тойымсыздық, ақылдылық пен аңғалдық, ізгілік пен надандық, байлық пен кедейлік тәрізді кереғар жайттар кең қамтылып сөз болады («Ата-ананың кәдірін», «Жігіт туралы», «Жігіттің өзін білем дегені», «Әйел сыны», «Қыздар туралы» тағы басқа)[3]. Шалдың енді бір алуан жырларында жас пен кәрі сипаттарынан тыс, моралдық, этикалық қатынастарда ұтымды бейнеленеді («Кәрілік туралы», «Жастықты көксегені», «Он бес деген жасым-ай», «Елу ердің жасы екен», «Жаманға дәулет бітсе ауа айналар», «Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер», «Айтайын бір аз кеңес» тағы басқа)- Шал кезінде ел өмірінде елеулі орын алған айтыс-қағыстарға қатысып отырған. Бұлардан оның ұшқыр киялды тапқырлығы мен от ауызды, орақ тілді алғырлығы да мол көрінеді («Шал мен қыз», «Бәйбіше мен Шал», «Шал мен жігіт», «Шал мен

келіншектер» тағы басқа). Бір топ жырлары «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962 ж.), «Үш ғасыр жырлайды» (1965 ж.), «Алдаспан» (1971 ж.), «XV-XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982 ж.), «Бес ғасыр жырлайды» (1984 ж.) жинақтарына енді [4].

Суырып салма ақындық таланты 15 жасында оны даңққа бөлеп, сол кездің өзінде халық Шал ақын ауылы (кәрі, дана) деп атаған. Оның шығармашылық таланты бүкіл Сарыарқаға кеңінен жайылды. Ақын адамгершілік үшін күресіп, қоғамдағы әділетсіздіктерді шындық тұрғысынан айтып, сынады. Оның «Шал мен дегдар қыз», «Шал мен Күлтімжан қыз», «Жігіт пен шал», «Шал мен кемпір» шағын айтыстары мен «Ата-ананың қадірін», «Жігіт туралы», «Жігіттің өзін білем дегені», «Әйел сыны», «Қыздар туралы» және басқа өлеңдері сақталған. Шал ақынның көптеген шығармалары, соның ішінде тарихи аңыздар мен әңгімелерге бай қазақ халқының шығу тегі жөніндегі эпикалық шығармасы сақталмаған. Шал ақынның белгілі өлеңдері 20 ғасырдың 60-жылдарынан бастап баспа бетінде жарық көрді, жеке шығармалары орыс тіліне аударылды[5]. Есімі Солтүстік Қазақстан облысының аудандарының біріне берілген.

Шал ақын қазақ халқының аса бір ерекше құндылығы - перзентті де сөз етіп, жырлайды, табиғат құбылыстарымен салыстырады: жер-боз, қой-қозы, ағаш-жапырақ, құс-жұмыртқа, тау-бұлақ, ешкі-лақ, көл жағады жасыл құрақ. Бұл табиғаттағы келісімділік адам өмірінде де болу керек екенін айтып, өзінің перзентсіз болғанын зарлы түрде жырлайды:

*«Бір жаратқан пенденің,
Перзент үшін жылаттың.
Балалы арқар маңырайды,
Баласыз арқар зарлайды,
Балалыны көргенде
Екі көзім жайнайды,
Ішім оттай қайнайды!»*

Зерттеушілердің айтуы бойынша Шал ақынның тұңғыш өлеңі - «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің». Бұл өлеңді ақын шығармашылығының басы деп жүр. Өлеңнің шығу тарихы былай екен. Әйгілі хан Құлеке батырдың бәйге алдын бермейтін жүйрік атын сұрап алып, кейін қайтармай қояды. Бірде Құлеке атын сұрауға барғанда баласы Шалды ертіп барады. Хан бала Шалдың көзінше: «Іші боқ, сырты түк сол мәстекті осыншама неге сұрай бересің?» - деген сөз айтады. Таңертең ерте тұрған Шал ханның қойшыға сазға батып, отарға ере алмай қалған бір қозыны арқалап алып кет дегенін естіп қалады. Шал кетерінде хан екен деп қысылмай, өлеңдетіп, малжандылығын бетіне айтады.

*«Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,
Болмайды қойға пана тал дегенің.
Таң ата жалаң аяқ тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің?
Сыйлайды ханымыз деп үлкен-кіші,
Біреудің хақын жемес жақсы кісі.
Тақтағы хан, топтағы биді еңкейткен,
Хан ата, қалай екен малдың күші?»*

-дейді. Сөзден ұтылған хан Құлеке батырдың бәйге атын қайтарып, оған қоса бір жылқы беріпті. Хан алдында айтылған бұл өлең ел ішіне тез тарап, Тілеукенің ақындық атын шығарған екен. Осыдан былай Шал ақындық жолға көшеді, дарынды суырып салма ақын болады. Оның суырып салмалық өнері осы жанрдың бейнесі болып табылады.

Ол поэзиялық сөз жарыстардың шебері, көптеген айтыстарға қатысқан. («Шал ақынның қызбен айтысы», «Бәйбіше мен Шал ақынның айтысы», «Шал ақын мен жігіттің айтысы», т. б.). Ертерек дәуірлерден қалыптасып, жалғасып келе жатқан ақындық дәстүрді ХVIII ғасырда өмір сүрген Тәтіқара, Көтеш ақындардан кейінгі қазақ поэзиясын дамыта түседі. Оның бұл салада қосқан үлесі үлкен. Өлең термелері, толғау тақпақтары сан жағынан мол, сапа жағынан мазмұнды, көркем және тақырыбы да кең. Шал ақын қазақ поэзиясындағы

лирикалық өлең жанрын, өз замандастарымен салыстырғанда, жан-жақты толықтыра түсіп, көркемдігін арттырды. Бұл тұрғыдан алғанда оны толғауды көркемдік шегіне жеткізе білген Бұқар жыраумен ғана салыстыруға болады. Сондықтан да кейінгі кезеңдерде өмір сүрген ақындар Шал ақынды ұстаз тұтты. Шал ақынның өлең, жырлары кезінде ел арасына кеңінен таралған. Шалдың бізге жеткен шығармалары негізінен әр жерде әр түрлі себептермен суырып салып айтқан шағын өлеңдерден тұрады. Терме-тақпақтары, нақыл сөздері, сөз қағыстары да баршылық. Шалдың ұзақ эпикалық жырлар шығарғандығы, қазақ халқының шежіресін өлеңмен жазғаны да Шоқан Уалихановтың еңбектерінен белгілі.

Шал ақынның мұралары бізге толық жетпеген, жеткендерінің өзі бір жарым мың жол ғана. Адамның артықшылығы, жақсылығы көпке, туған елге пайдалы болуында деп қорытынды жасайды. Ашқарақ, сұғанақ, арызқой, пасық адамдар тобына да ақын қадала түседі. Өзімшіл, күншіл пасықтарға жаны таза жақсы адамдардың адал ниетті ізгі істерін қарсы қоя жырлап, бірінен жирендіріп, екіншісінен үйреніп, үлгі-өнеге алуға үндейді. Ол шығармаларын аяқ астына шығарып отырған. Ақын өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті мәселелерін жырлаған. Өлеңдерінің көбі мақал-мәтелдерге, нақыл сөздерге, діни ұғым сөздерге, бейнелі сөз тіркестеріне толы. Шал ақын - өз заманының беделді ақыны. Оның өлеңдері өз кезінің өзекті мәселелерін көтеріп, халыққа адамгершілік ақыл-ғибрат береді.

Шал ақынның алғаш рет 1928 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 5 санында бір ғана өлеңі, 1958 жылғы 28-ші қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде белгілі қаламгер Ғалым Малдыбаев жариялаған сегіз өлең мен «Шал ақын кім» мақаласы жарық көрді. Шал ақынның кейбір шығармаларын кезінде М.Хакімжанова, Ф.Ғабитова, А.Нұрқатов, тағы басқалар ақсақалдардың ауызша айтқандарынан хатқа түсірген. Шал ақынның бірнеше шығармасын, Қазақстаннан тыс жерде Хасен Шаяхметұлы Ғали атты түркі халықтарының тілі мен

әдебиетінің білгірі, үлкен ғалым ХХ-ғасырдың басында жазып алған, оның қолжазбасы Қазан университетінің Н.Лабочевский атындағы ғылыми кітапханасында сақтаулы. Шал ақынның шығармалары негізінен 1960 жылдан басылып шыға бастады, сол кездері оның шығармалары туралы ғылыми-зерттеу мақалалары да жарияланды. «XVII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармалары» (1962), «Үш ғасыр жырлайды» (1985) басылымдарының алғы сөздерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор И.Дүйсенбаев Шал ақынның шығармаларын Бұхар жырау, Тәттіқара, Ақтамберді есімдерімен қатар қояды. Шал ақынның мұраларын әдебиеттанушылар - Х.Сүйеншәлиев, М.Мағауин, Г.Абетов, Ш.Елеуқенов, Ә.Дербісәлин, Ө.Күмісбаев, тағы басқалар зерттеген. Шал ақынның шығармалары жоғарыда аталған басылымдардан басқа «Алдаспан» (1971), «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1985-1989) жинақтарына енген.

1999 жылы Алматының «Дайк-Пресс» баспасынан «Шал Күлекеұлы» (Шығармалары. Зерттеулер) атты 364 беттік көлемді кітап басылып шыққан болатын. Кітаптың алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми жетекшісі Жұмат Тілеповтың айтуынша: «Шығармаларын үлкеннен кіші, ұрпақтан ұрпақ жаттап, есімі ғасырдан ғасырға өлмей жетіп отырған Шал Күлекеұлы туралы алғашқы жазба дерек Шоқан Уәлиханов еңбегінде кездескенімен, ақынның бүкіл шығармашылық болмысын танытарлық туындыларының негізінен хатқа түсіп, зерттеліп қалың оқырманмен кеңінен жүздесуі - соңғы 40-50 жылдың жүзі». Туғанына 250 жыл толған арқалы ақынның өз атымен тұңғыш рет жоғарыда аталған жинақ шықты. Жинақ негізінен үш бөлімнен құралған. Соңғы шыққан «Шал ақын» («Арыс», 2003) басылымына Шал ақынның қазақ және орыс тілдеріндегі шығармалары, белгілі ғалымдардың ғылыми мақалалары енгізілген.

1998 жылғы қазанның 25 күні Петропавл қаласында Шал ақынның 250-жыл толуы құрметіне Халықаралық ғылыми-теориялық конференция, қарашада Алматыда ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен «Шал Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар өткізіліп, облыс орталығында, ақынның туған ауданында оның 250-жылдық мерейтойына арналған әртүрлі өнер сайыстары, айтыс, тағы басқа шаралар өткізілді. 1999 жылғы желтоқсанның 14-де Елбасының Жарлығымен ақынның туған ауданы «Шал ақын ауданы» деп аталды.

Әдебиет:

1. Государственная детская библиотека им. С. Бегалина. Шал Ақын (1748—1819 гг.) Мұрағатталған 21 қыркүйектің 2020 жылы.
2. Асылбек Байтанұлы. Шал Құлекеұлы | Әдебиет порталы
3. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

УДК 9.904

МЕМОРИАЛЬНЫЕ ОБЪЕКТЫ СМАГУЛА САДВАКАСОВА

Канафина А.А., Жексембаева А.Х.
(КГУ «Школа-детский сад №26»)

В современном ритме жизни мы, обыватели, забываем об истинных ценностях жизни, и порой не задумываемся о том, что останется от нас в назидание последующим поколениям людей. Главную миссию сохранения социальной памяти и преемственности поколений несут музеи.

Согласно Закону Республики Казахстан «О культуре» музеями являются организации культуры, созданные для хранения, изучения и публичного представления музейных

экспонатов и музейных коллекций, призванные осуществлять культурные, образовательные, научно-исследовательские функции и обеспечивать популяризацию историко-культурного наследия Республики Казахстан.

Перед весенними каникулами учитель географии предложила мне принять участие в Региональной научно-практической конференции «Земля родная - 2024». Поехав отдыхать на каникулы к бабушке в Акжарский район село Талшык, я решила написать доклад про мемориальные объекты Смагула Садвакасова, так как он является одним из тех, кто внес весомый вклад в становление Казахского государства. Смагул Садвакасов – уроженец села Жаркын Шарлакского уезда Акмолинской области (ныне Акжарский район Северо-Казахстанской области).

Смагул Садвакасов - видный общественный и государственный деятель. Активная гражданская, политическая и патриотическая позиция С. Садвакасова была реализована на ответственных и руководящих должностях [1, с.419].

Смагул Садвакасов жил в сложное время строительства нового общества после Октябрьского переворота и гражданской войны. Выходец Акжарского района из прогрессивной молодежной среды, он стал видным государственным и общественным деятелем коммунистической партии в республике. Он занимал многие ключевые посты в государственных и политических органах власти: член Президиума КЦИК, член Крайкома партии, делегат различных советских и партийных форумов, был председателем Госплана республики [2, с.144]. Ему принадлежит заслуга создания казахского театра.

Продолжая работать в политической сфере, вел активную работу в газетах(которые позднее сам и возглавлял). Именно в это время он публично высказывался об объединении казахов в Республике Казахстан.

За свою короткую жизнь (1900-1933 г.г.), Садвакасов, благодаря своему организаторскому таланту, неиссякаемой

энергии, любви к своему краю и народу оставил неизгладимый след в отечественной истории и вошел в число неординарных и ярких личностей.

В 2011 году в селе Талшик Акжарского района был открыт краеведческий музей имени Смагула Садвакасова(рисунок 1).



Рисунок 1 – «Краеведческий музей имени Смагула Садвакасова»

В музее можно узнать о событиях произошедших со Смагулом Садвакасовым (рисунок 2).



Рисунок 2 – «Жизнь и деятельность Смагула Садвакасова»

На стендах представлены выписки, обращения к Сталину, также сохранились книги описывающие его жизнь и деятельность (рисунок 3,4).




Рисунок 3 – «Выписки, обращения Сталину от Смагула Садвакасова»



Рисунок 4 – «Книги о жизни и деятельности Смагула Садвакасова»

Имеются фотографии его супруги Елизаветы(Зейнеп), отца Елизаветы – Алихана Букейханова и матери Елизаветы – Елены Яковлевны.

На рисунке 5, представленном ниже 29 мая 1993 года в с. Талшык была проведена научно-практическая конференция, посвященная памяти С. Садвакасова.



Рисунок 5 – «Научно-практическая конференция, посвященная памяти С. Садвакасова, с.Талшык 29 мая 1993 г.»

На рисунке 6 изображены С. Садвакасов (второй слева, во втором ряду) и казахские деятели с руководителями государства.



Рисунок 6 – «С. Садвакасов и казахские деятели с руководителями государства»

На центральной площади села Талшык с 15 декабря 2003 года установлен бюст Смагула Садвакасова (рисунок 7).




Рисунок 7 – «Бюст Смагула Садвакасова»

В заключении можно сказать, что мемориальные объекты созданы для сохранения памяти о важных событиях, крупных достижениях и выдающихся людях таких, как Смагул Садвакасов. Его огромная любовь к своему народу, высокие моральные принципы, политические убеждения, преданность и жертвенность стали примером бескорыстного служения родине.

Время движется вперед, и мы вместе с ним. Но мы не можем идти вперед, не оглядываясь назад в прошлое. Мы, молодое поколение, патриоты своей Родины должны знать историю своего края, возвращаться к прожитому нашего старшего поколения. Не зная прошлого нельзя представить будущее.

Литература:

1. Садвакасов Смагул / Литература Казахстан: Энциклопедический справочник-А.: «Аруна», «Казыгурт», 2010.- 419 с.
2. Кенжебаева С.Е. Представители Алашской интеллигенции и Советская власть. // «Вестник Атырауского ГТУ». - 2011 год. - № 2 (52). – 144 с.

1867-1868 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕФОРМАДАН KEЙІНГІ ТАРИХИ ЖАҒДАЙ

Кенжетай Б.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

1867-1868 жылдары патша өкіметі Қазақстанда әкімшілік- басшылық ету жөнінде реформа жүргізді. Бұл реформа бойынша елді басқарудың округтік жүйесі жойылып, Қазақстанның барлық территориясы облыстарға, уездер мен ауылдарға бөлінді.

Қазіргі Жамбыл ауданының жері Ақмола облысына қарады.

Ақмола облысы Орталық және Солтүстік Қазақстанның кең байтақ жерлерін алып жатты, ол солтүстікте Тобыл губерниясымен, батыста Торғай облысымен, оңтүстік - Сырдария және шығыста Семей облысымен шектесті. облыс әкімшілік жағынан 5 уезге: Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Петропавл және Омбы уездеріне бөлінді. Орталығы Петропавл қаласы болды.

Ақмола облысы қазіргі әкімшілік бөлінісі бойынша Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Жезқазған облыстарының жерлеріне сай келеді.

Қазіргі Жамбыл ауданының жері қараған Петропавл уезі Ақмола облысының қиыр солтүстік батысын алып жатты, ол шығыста Омбы уезімен, солтүстікте - Тобыл губерниясымен, ал батыста - Торғай облысымен шектесті.

XIX ғасырдың 80 жылдарының ақырында уезд 69 ауылды (10832 шаңырақты) қамтитын 8 болыстан тұрды, 90 жылдары 13-ке дейін өсті. Уезде өмір сүрген 100886 адамның жартысынан астамын қазақтар құрады. Уезд қазақтары негізінен Орта жүздің төрт тайпасына жатты: Арғын, Керей, Уақ, Қыпшақтар мекендеді.

Қазақстандағы 1867-1868 жылдардағы реформа патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының маңызды бөлігінің бірі. Себебі, ол әкімшілік құрылыс, жер қатынастары, сот құрылысы, халыққа білім беру, дін мәселесі сияқты қазақ қоғамының шешуші салаларының бәрін қамтыған күрделі реформа болған еді.

Қазақстанға әкімшілік басқару жүйесін енгізуді көздеген Патша үкіметінің алдына қойған басты мақсаты аймақтағы отаршылдық саясатын күшейту болған еді. Осыған орай, 1867 жылы 11 шілдеде патша жарлығымен империя құрамында Түркістан генерал-губернаторлығы құрылса, ал 1868 жылы Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтары құрылды. Реформаның ең басты және негізгі міндеті – **«қазақ даласын Ресейдің басқа бөліктерімен бірте-бірте қосып жіберу»**еді. Сөйтіп, жергілікті бай-манаптарды биліктен ысырып тастап, ру басшыларын әлсіретіп, ойға алған іс-шараларды оңтайлы жолмен оңай әрі тез жүзеге асырып отыру еді. Жалпы алғанда, реформалар Патшалық үкіметтің қазақ даласының жергілікті тұрғындарын және аймақтық табиғат байлықтарын еркін пайдалану үшін жасалған еді.



1867-1868 жж. реформа арқылы патша өкіметі қазақ даласын толық отарлауға тырысып бақты. Сондықтан да Қазақстан аумағы облыстарға бөлініп, ал облыстар әкімшілік орталықтарына, қазақ даласымен байланыссыз жататын әр түрлі генерал-губернаторлықтарға бөлшектенеді.

Мысалы, Торғай мен Орал облыстары - Орынбор; Ақмола және Семей облыстары - Батыс Сібір; Жетісу мен Сырдария - Түркістан генерал-губернаторлықтарының құрамына кірді. Бұрынғы ішкі Бөкей хандығының аумағы уақытша Торғай облыстық басқармасына бағынышты болып қалғанымен, ол ұзаққа созылмай, 1872 жылдан бастап Астрахань губерниясының құрамына кірді.

Ал Маңғыстау аумағы 1870 ж. қазақтардың көтерілісіне байланысты Кавказ әскери округының билігіне өтті. Бұл тұстағы генерал-губернаторлардың билік шараларын іске асыратын басқару жүйесі облыстық басқармалар, уездік басқармалар және жергілікті басқармалар болып үш бөлікке бөлінді. Облыстық әкімшіліктің басқарма басшылығында әскери және азаматтық билік ететін әскери-губернатор тұрды. 1868 ж. Ереженің 22-23-бабында дала облыстарының әскери-губернаторлары облыстардағы әскери қолбасшыларға теңестірілетіні көрсетілген және де олар өз облыстарының аумағындағы орналасқан казак әскерлерінің тағайындалған атамандары болып есептелді.

Облыстар өз кезегінде уездерге бөлінді. Уездік басқарманың басшылығына орыс чиновниктерінің ішінен облыстық әскери-губернатордың ұсынысы бойынша генерал-губернатор бекітетін уезд бастығы тағайындалды. Жаңа әкімшілік жүйе бойынша уездегі барлық билік жүйесі толығымен уезд бастығының қолына шоғырландырылды. Ереженің 42-65 баптары бойынша, уезд бастықтарына жергілікті басқару орындарына жүктелген міндеттердің орындалуын қадағалау, уезде тыныштық пен тәртіпті сақтау, алым-салықтың жиналуын бақылау және халықтың денсаулығын сақтау міндеттері жүктелді. Уезде орналасқан әскери бөлімшелер,

мекемелер мен бекіністер уезд бастықтарына бағынышты болды.

1867-1868 жж. реформа ел мен жерді басқарудағы патшалық үкіметтің алғашқы буыны болып табылатын жергілікті басқармаға көңіл бөлді. Әрбір уезд болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Е.Г.Федоров "Қазақстан - патша үкіметінің отары" атты еңбегінде: "Патшалық қазақ тұрғындарының орталықтарын әдейі бөлшектеді, барлық басқару жүйесін бөлшектеу арқылы қазақ халқының мәдени дамуын тежеп, халықты қараңғылықта ұстауды көздеді",- деп жазылған.

Уездер территориялық белгі бойынша бір болысқа 1000-2000 киіз үй және бір ауылға 100-ден 200-ге киіз үй кіретіндей болып есептелген болыстар мен ауылдарға бөлінді. Болыстар шаруашылық жағынан біріккен ауылдардан тұрды. Осыған байланысты жана жағдайда қазақтардың рулық қатынастар бойынша тарихи бөлінуі заңды түрде жойылды. Ру басында ақсақал тұрғанда, оның сөзі мен ісі билік күшке ие жағдайында патша үкіметінің дала тыныштығы үшін қорқуы заңды нәрсе болатын.

1867 ж. Ереженің 85-бабына сәйкес болыстардың басында қазақтардан сайланған болыс басқарушылары, ал ауылдардың басында сол сияқты сайланатын старшиналар болды. Ережеде «болыстық және ауылдық старшиналарды халық сайлайды» деп нақты көрсетілген. Бір қарағанда сайлау демократиялық негізде жолға қойылған болып көрінуі мүмкін, бірақ іс жүзінде патша үкіметі сайлауды өз мақсатына орай жүргізіп отырды. Сайланған болыс басқарушыларын - облыстық әскери губернаторы, ал ауылдық старшиналарды уезд бастығы бекітетін еді. Отаршылар әкімшілігі ұсынылған кандидаттар көңілінен шықпаса бекітпей тастап, жаңа сайлау белгілеуі де мүмкін болатын. Болыс басқарушыларын сайлауға - уезд бастықтары, ал ауылдық старшиналарды сайлауға болыс басқарушылары міндетті түрде қатысатын. Болыс басқарушылары тікелей уезд бастығына бағынышты болды және

оның барлық бұйрықтарын орындауға міндетті еді, ал ауыл старшиналары болыс басқарушысына тікелей бағынышты бола отырып, болыс басқарушысына жүктелетіндей міндеттерді орындады.

Реформаларды жүзеге асыруда патша үкіметі саяси-экономикалық іс-шараларымен қатар өлкені мәдени және рухани жағынан да отарлауға басты назар аударған болатын. Халық ағарту ісі патшалықтың сыртқы саясатының үлкен де маңызды саласы болып табылатын. Бұл сала патша үкіметі отарлау саясатының өзекті құралы десе де болады. Бұл саясат Ресейдің қарамағындағы ұлттарды біртіндеп христиан дініне кіргізу арқылы орыстандырып, сөйтіп империяның тұтастығын арттыруға арналған еді. Осыған сай, 1867-68 жж. реформада халық ағарту ісінде жүргізілетін шаралар жан-жақты қарастырылды. Сол құжаттар бойынша уездік қалаларда бастауыш мектептер ашу көзделген: «Дала тұрғындарына бастапқы білім беру үшін алғашқы кезде уездік басқарма орналасқан жердің бәрінде ұлт айырмашылығына қарамастан ортақ мектеп ашу керек». Осыны негізге ала отырып талай мектептер, гимназиялар ашылды.

Елде орын алып жатқан территориялық-әкімшілік үрдістер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай өзгерістер әкеліп, отарлық саясаттың жаңа салық жүйесін енгізді. Қазақстанда отырықшылық пен жер шаруашылығының көлемінің ұлғайғандығына қарамастан салық төлеушілердің басым бөлігін көшпенділер құрады. Мәселен, 1880 жылы 90,5 % құраса, 1897 жылы 82,0 %-ға жетті.

Бұл реформа Ресейде крепостниктік құқының жойылуымен және бірқатар буржуазиялық реформалардың қабылдануымен тұстас келді. Капиталистік қатынастардың ұлт аймақтарға таралуы да осы кезден басталды. Ресейде капитализм дамуының екі жағы болды. Ол кең өріс ала бастады.

XIX ғасырдың орта шенінде іске асырылған сот, земство, халық ағарту және басқа да реформалар Ресейдің құрамында дамыған шығыстағы ұлттық аймақтарға әсер етпей қоймады.

Патшалы Ресейдік ұлттық аймақтарды шикізат қоры және көзі ретінде сақтау саясаты Қазақстанды да қамтиды. Негізінде екі генерал-губернаторлыққа бағындырылған (Орынбор, Батыс Сібір) қазақ елін билеп-төстеуді өзгерту ісі патша үкіметінің отаршылдық саясатымен тығыз байланысты еді. 1822 жылғы «Сібір қазақтарының жарғысы» мен 1824 жылғы «Орынбор қазақтарының жарғысы» жақа капиталистік қарым-қатынастар өрістей бастаған кезде өлкенің шаруашылық даму талабына сай болмады

XIX ғасырдың 60-жылдарында қазақтардың басқару жүйесін өзгерту үшін статс-секретарь И. И. Бутков басқарған комиссия құрылды. Комиссия бүкіл қазақ даласын екі облысқа — орталығы Торғай өңірінде болған — Батыс, орталығы Сергиопольде немесе Қарқаралыда ұйымдастыру көзделген Шығыс облыстарға бөлуді ұсынды. Комиссия ұсыныстары Орынбор генерал-губернаторы А. П. Безакқа тапсырылды. 1864 жылы 29-қыркүйек күні А. П. Безак Орынбор қазақтарының облыстық басқармасынан қажетті мәліметтер жинастыруды талап етті. 1865 жылы А. П. Безактық отставкаға шығуына байланысты оның орнына жаңа губернатор Н. А. Крыжановский тағайындалды. И. И. Бутков комиссиясының пікірлері мен ұсыныстары қабылданбады. Қазақ өлкесін басқару ісін өзгертуді дайындау Ішкі істер министрлігі кеңесінің мүшесі Гирс басқарған «Дала комиссиясына» жүктелді. Комиссия мүшелігіне Бас штабтан полковник А. К. Гейнс, Орынбор өлкесінен полковник К. К. Гутковский, Батыс Сібір генерал-губернаторлығынан капитан А. П. Проценко енді. 1865 жылдың 5 маусымындағы II Александр патшаның әмірі бойынша қазақ жерін зерттеп білу сұрақтары дайындалды. Әкімшілік басқарудың жақа жүйесіне сай келетін мәселелердің көпшілігі сонда қамтылған еді: өзіндік ауыртпалықтар, жерді иеленудің түрлері, сот істері, ағарту ісі, алым-салық, діни мәселелер, т. б. Алайда реформаны әзірлеуде бұқаралық көпшіліктің көңілі ескерілмеді. Ғалым Шоқан Уәлиханов Қазақстанды билеуді халықтың өзін-өзі басқару негіздерінде қайта құруды талап

еткен еді. Қазақ жерінде реформаны тезірек іске асыруды көздеген комиссия ат төбеліндей феодалдық тап өкілдерімен ақылдасып, мәліметтерді солардан жи-нады. Батыс Сібір генерал-губернаторлығында комиссия ірі бай Мұса Шорманұлынан, билеуші сұлтан Шыңғыс Уәлиханұлынан, Орынбор өлкесінде билеуші аға сұлтан Сейделіұлынан, тағы да басқа халық мүдделерінен алшақ тұрған шонжар, ауқатты ақсүйектерден жиналған мәліметтерге сенім артты. Гирстың басшылығымен, құрамында Баллюзек, Л. Мейер, А. П. Проценко болған комиссия Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын, В. Д. Дандевиль, А. К. Гейнс және басқалар енген комиссия Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөнінде реформа жобасын дайындады. 1867 жылы шілденің 11-інде II Алек-сандр патша «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы ережені», 1868 жылғы қазанның 21-інде «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережені» бекітті.

Бүкіл қазақ жері үш генерал-губернаторлыққа бөлінді: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір. Азаматтық және әскери билікті қолдарына шоғырландырған генерал-губернаторлықтар жеке облыстарға бөлінді. Орынбор және Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторлығына, Жетісу, Сырдария облыстары Түркістан генерал-губернаторлығына, Ақмола және Семей облыстары Батыс Сібір генерал-губернаторлығына біріктірілді. 1872 жылдан бұрынғы Бөкей хандығының жері Астрахань губерниясына, ал Маңғыстау приставтығы 1870 жылдан Кавказ әскери округінің басқаруына, кейіннен Закаспий облысына енгізілді. Әскери және азаматтық биліктің генерал-губернатор қолында шоғырлануы 1867—1868 жылдардағы реформаның бір түйінді жері болды. Ал Түркістан генерал-губернаторлығына, сонымен қатар Қытай және Иран сияқты елдермен дипломатиялық келіссөз жүргізуге де рұқсат берілді. Облыс басында тұрған әскери губернатор сонымен қатар сол облыстағы қазақ әскерінің үкімет тағайындаған (наказной) атаманы болып есептелді. Әскери губернатор жанында іс

жүргізумен айналысатын облыстық басқармалар ұйымдастырылды. Ол үш бөлімнен тұрды: шаруашылық, сот және жарлықты іске асыру. Облыстық басқарма істерін қадағалау вице-губернаторларға тапсырылды. Облыстық басқарма төрағасының жанында арнайы кеңесшілер болды.

Облыстар уездерге бөлінді. Сырдария облысында: Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент және Жизак; Батыс Қазақстан облысында Орал, Атырау, Калмыков, Жем (Темір); Торғай облысында Елек, Қостанай, Ырғыз және Торғай; Ақмола облысында -Көкшетау, Омбы, Петро-павл, реформа қабылдағаннан кейін бір жылдан сон, орталығы Атбасарда Сарысу уезі; Семей облысында - Баянауыл, Зайсан, Көкпекті, Қарқаралы (кейіннен Павлодар, Өскемен уездері); Жетісу облысында Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстықкөл және Тоқмақ уездері. Генерал-губернаторлар тағайындап отырған уезд бастықтарына көмекші екі кісінің біреуі жергілікті шонжар топ өкілдерінен алынды. Уезд бастықтарына полиция да, әскери бөлімдері де, уездегі мекемелер де, бекіністер де бағынды. Уездер территориялық принципке негізделген болыстарға, ал болыстар 100-200 шаңырақтан тұратын ауылдарға бөлінді. Ірі ақсүйектерден іріктеп алынатын болыс және ауылнайлар патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатына тірек болды. Шыңғыстың тұқымдары - сұлтандар үкіметтен өмірлік зейнетақымен қамтамасыз етіліп, ауыртпалықтар мен салықтардан босатылды. Реформаның таптық мазмұнын, отаршылдық бағытын осыдан да көруге болады.

Сырдарияның отырықшы елді мекендерінде полициялық және басқару билігі ақсақалдар қолына берілді. Облыстық әскери-губернаторлар бекіткен ақсақалдар сайлаушылар жиындарында үш жылға сайланатын. Ауылдық және болыстық старшындар сияқты ақсақалдарға да олардың билік көрінісі ретінде қоладан құйылған белгі және мөр тапсырылатын. Ақсақалдарды сайлау болыстарды сайлау сияқты күреспен, ру аралық таласпен өтетін.

1867-1868 жылдардағы реформалар арқылы әскери-сот комиссиялары мен уездік соттар құрылды. Ашық таптық сипаты бар сот мекемелері патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізу құралы болды. Сырдария облысында қазылар соты сақталынса да, әскери-уездік соттардың дау-жанжалдарды шешудегі рөлі басым еді. Алайда сот істеріндегі өзгерістердің бір айта кететін жайы - ол ескі шариғаттық патриархалдық-феодалдық салттардың күнделікті өмірге әсеріне шек қойды. Әрбір болыста төрттен сегізге дейін (шаңырақ санына қарай) билер сайлайтын еді. Шын мәнінде, әскери губернаторлар бекіткен билер мен қазылар соттары патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық сот жүйесінің төменгі буыны болды. Уездік және әскери соттар бұқараны қанауды үдетті. 1861 жылғы крепостниктік құқыны жою жөніндегі заң сияқты 1867-1868 жылдардағы реформалар қоғамның түбірлі қайшылықтарын шеше алмады. Реформа арқылы отарлық басқару, билік нығайтылды. Халықты бағынышты жағдайда ұстайтын, үстем таптың саясатын бұлжытпай орындайтын әскери әміршілер Қазақстанда да өз күшіне енді. «Ереже-реформа» Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында белді орын алды. Өлкенің табиғи байлықтарын игеруге қолайлы жағдайлар қалыптасты. Әлеуметтік, шаруашылық өмірге ентелеп ене бастаған капиталистік құбылыстар бай патриархалды қарым-қатынастардың қауымды артқа тартатын түбірін әлсіретті. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың да күнделікті өмірінде қалыптасқан өзгерістер аз емес. Ауыл тұрғындарының өз арасында таптық жіктелудің салдары, мысалы, жатақшылықтың қалыптаса бастағанынан, яғни кедейленген қазақтардың қалаларға, оның алғашқы өндіріс орындарына тартыла бастағанынан да көрініп қалады. Осы реформа салдарының куәсі болған Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин сияқты алдыңғы қатарлы ойшылдар оның теріс жақтарын өз шығармаларында талай мысқылдаған еді.

Тұтастай алғанда, 1867-1868 жылдардағы реформа Қазақстанның қоғамдық-саяси ландшафтын түбегейлі өзгертіп, аймақтың ресей Империясына интеграциялануына негіз қалап, оның қазіргі дәуірдегі траекториясын қалыптастырды.

Әдебиет:

1. Қазақстан тарихы «Хрестоматия» А., 1994 ж
2. Киргизская степная газета. 1898, 31 мая. №22.
3. Қазақ ССР тарихы III-том, А., Қазақ ССР «Ғылым» баспасы 1981 ж.
4. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты. 64 қор, 1-тізім, 388 іс, 52 парақ.
5. Киргизская степная газета. 1898 ж. 31 май, №22.
6. М. Қ. Қозыбаев, І. М. Қозыбаев «Қазақстан тарихы» А., 1997 ж.

УДК 930

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ТАРИХЫНАН

Құрмаш Ж.М.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

1970 жылы Пресновка, Мамлют және Сергеев аудандарын облыс орталығымен Благовещенка ауылында Жамбыл ауданы атауымен құрылған. Жамбыл ауданы 1997 жылы 29 мамырда Жамбыл және Пресновский аудандарының бірігуіне байланысты құрылды немесе 1928 жылы Пресновский ауданының бұрынғы шекарасына қайтарылды.

1970 жылдың желтоқсан айында Преснов ауданынан бөлініп шыққан Жамбыл ауданында 33 мектеп болды, 8 орта мектеп, 16 орталау, 9 бастауыш мектеп. Осы 33 мектептің біреуі ғана типтік жобада салынған үйде болды. (Озерный мектебі ғана). Қалған мектеп үйлері ескі, кейбіреулері құлаудың алдында тұрды. Кей мектептерде үш ауысымда оқыды сынып бөлмелері жетпегендіктен. Мектептердің материалдық базалары да өте төмен болатын. Аудандағы балабақшалардың жағдайы бұдан да нашар болатын. Кадрлар жетіспейтін, аудан

мектептеріндегі 600-ден астам мұғалімдер мен тәрбиешілердің 200-ден астамының он жылдық қана білімі болатын.

Аудан мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарын қайта құру қажеттілігі туды. Аудан мектептерінің оқу-материалдық базасын, оқу-тәрбие жұмыстарын жақсарту проблемалары үлкенді-кішілі аудандық, облыстық мәжілістерде қойылды. Мектеп басшыларын іріктеу жұмысы қайтадан қаралып, мектеп директорлары іскер, ұйымдастыру қабілеті жоғары адамдармен толықтырылды.

Аудан мектептерінің жұмысын ғылыми түрде ұйымдастыру жұмыстары аз ғана уақыт ішінде өз нәтижесін бере бастады.

1971 жылы Қазақстан оқу министрлігі оқытудың кабинеттік жүйесіне көшіру мәселесін қойған болатын. Облыстың селолық мектептері бойынша ауданның Святодуховка мектебінің кабинеттік жүйеге көшу тәжірибесі облыс мектептеріне таратылып, осы мектепте облыс мектеп директорларының семинары өткізілді.

1975 жылы Украин мектебінің (мектеп директоры Ж Рсаев) оқушылардың өндірістік бригадасы облыс бойынша бірінші орында жеңіп алды.

1976 жылы Орман орта мектебі (мектеп директоры Е. Жүсіпов) облыс бойынша қазақ тілі мен әдебиетін оқы тудың базалық мектебі болып тағайындалды. Осы жылда-ры мектептер ыстық тамақ ұйымдастыру байқауында облыста бірінші орынды жеңіп алды.

Аудан педагогикалық ұжымның қол жеткен үлкен табысы 1981 жыл еді. Аудан халық ағарту саласында бүкіл-одақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болып, одақтың ауыспалы қызыл туын жеңіп алды. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сол кездегі республикамыздағы 400-дей ауданның алдына шығу үлкен жеңіс еді. Ол кезде социалистік жарыстың шартын орындау оңай емес-ті. Аудандағы барлық орта мектептер типтік жобадағы үйлерге көшті. Барлық орта мектептер кабинеттік жүйемен оқытты, мектептердің

материалдық базалары жақсарды. Осы сияқты өрелі де табысты істердің басы-қасында болған кейбір азаматтарға тоқтала кетейік.

Ахметов Еркебай Сәрсенбайұлы Жамбыл ауданы құрылған уақыттан бастап арадағы 2-3 жыл үзілісті есептемегенде 25 жылдай оқу бөлімінің меңгерушісі болды. Іскер ұйымдастырушы, батыл басшы қасиет-терімен таныла білді. Аудан оқу-ағарту ісі жөнінен облыс-тағы алдыңғы қатардағы аудандардың бірі болды.

Көпышев Көкен Бекжанұлы Озерный, Архангелка орта мектептерінің директоры болып істеді. Көкен Бекжанұлы кезінде Преснов ауданы оқу бөлімінің бастығы, Тимирязев ауданы партия комитетінің хатшысы болып істеген парасатты адам. Аудан ішінде, өз ұжымы ішінде үлкен беделге ие болды.

Басыбаев Мағел Әлмұрзаұлы көп жылдар бойы Жамбыл орта мектебі мен Амангелді орталау мектебінде директор болып істеді. Білімдар ұстаз, парасатты адам ретінде ауданда үлкен абырой-атаққа ие болды. Қазақша өте шешен сөйлейтін Мәкең әңгімелерінің танымдық мәні зор болатын. Қазақ әдебиеті пәнінің білгір маманы, тәлімгер ұстаз болды. Жол апатынан мезгілсіз қайтыс болды.

Жүсіпов Елтай Әбушәмілұлы 25 жылдай өмірінің соңына дейін Орман орта мектебінің директоры болды. Ұжымы ішінде, жолдастары арасында үлкен беделге ие болды. Елекең басқарған Орман мектебі аудандағы алдыңғы қатарлы мектептердің бірі және қазақ тілі мен әдебиетінен облыстық тірек мектебі болды.

Жолдастарының арасында білімдарлығымен, ерлік мінезімен де сыйлы еді. Алматы қаласындағы Абай атындағы қазақ мемлекеттік институтында екі жылдай қатар оқығанда басталған арамыздағы достық кейін де жалғасып еді. Зейнеткерлік жасқа толғасын көп ұзамай қайтыс болды.

Рсаев Жасұлан Әубәкірұлы көп жылдар бойы Архангельск, Украин мектептерінің директоры болып істеді. Аудандағы директорлық стажы ең көп директор болатын.

Мектеп директорлығы тәжірибесінің молдығы жұмысты жеңіл істеуіне көмектесетін. Жәкең басқарған Украин мектебі ауданда кабинеттік оқыту жүйесіне бірінші болып көшкен еді.

Украин мектебінің өндірістік бригадасының жұмысы облыста бірінші орын алып, жұмыс тәжірибесі облыс мектептеріне таратылды. Жәкең мектепте революционер, ақын Баймағамбет Ізтөлиннің мұражайын ашуға көп етті. Мектептің тәжірибе алаңы социалистік жарыс қорытындысы бойынша жыл сайын жүлдегер болатын.

Молдағалиев Сейдеш Молдағалиұлы Сәбит Мұқанов атындағы кеңшар орта мектебі, Жамбыл орта мектебі жанындағы аудандық оқу комбинатының, Бауман орталау мектептерінің директоры болды.

Сейдеш басқарған қазіргі Святодуховка орта мектебі аудандағы үлгілі мектептердің бірі болды.

Қадыров Жасұлан Қадырұлы Жамбыл ауданы, Жаңажол аулының тумасы болғанмен көп уақыт Шал ақын ауданында, Тимирязев аудандарында мектеп директоры болды. Озерный және Жаңажол орта мектептерінің директоры болып істеді. Көп жыл мектеп директоры болып істеген тәжірибелі Жасұлан оқу және тәрбие істерін меңгеруші көмекшілеріне көп сенім артатын. Ұжым ішінде үлкен құрметке ие болды.

Бисарин Айтбай Сіргебайұлы Жаңажол, Озерный, Айымжан орта мектептерінің директоры болды. Жаңашыл, ізденімпаз, мектептің, пән кабинеттерінің материалдық базасын жақсартуға ерекше көңіл бөлетін. Озерный мектебіндегі физика кабинеті облыс бойынша бірінші орын алып, осы мектепте облыс физика мұғалімдерінің семинары болды.

Жакин Ғалым Жәкіұлы көп жыл Баян орта мектебінде директор болды. Баян мектебі 1978 жылы Шал ақын ауданынан Жамбыл ауданына ауысты. Мектеп үйі ескі, сынып бөлмелері тар, мектеп пешпен жағылатын.

1981 жылы 464 орындық типтік жобадағы мектеп үйі салынды. Жаңа мектеп үйін жабдықтауда Ғалекең көп еңбек сіңірді.

Кәрібозов Темірхан Жақыпұлы Суаткөл орталау мектебі мен Жамбыл орта мектептерінде директор болды. Суаткөл мектебіндегі жақсы жұмысы ескеріліп, Жамбыл орта мектебіне директор болып тағайындалды. Мектептің шаруашылық жұмысына қыры келмегенмен, оқу-тәрбие жұмысын басқаруға сауатты болды. Ұлтжандылығына бір мысал келтірейік.

Аудан құрылған алғашқы жылдары Жамбыл мектебінде оқушылардың 80-90 пайызы қазақ болса да қазақша бірінші сынып ашылмады, ауыл тұрғындары орысша оқытамыз деп балаларын қазақша оқуға бермеді. Әр баланың туысқанымен жеке сөйлесіп, ақыры қазақша бірінші сынып ашқан еді. Қазақ сыныбын екі жылдай жа- сырын ұстап, облыстық оқу бөліміне берілетін ақпарат есебінде орыс сыныбы деп көрсеттік.

Темірхан Жақыпұлы қазір Жамбыл орта мектебінде ұстаздық жұмысымен айналысып жүр.

Керейбаев Сәдір Бірәліұлы көп жыл Бауман орталау мектебінің директоры болды. Мұғалімдердің кәсіби методикалық педагогикалық білімдерін көтеруге көп мән беретін. Бауман мектеп үйі Сәдір Бірәліұлы директор болып істеген жылдары ескі, сынып бөлмелері тар, суық болатын. Осындай қиын жағдайда оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыра білді.

Таукүдіретов Әлғали көп жыл бойы басқарған Майбалық мектебі аудандағы жақсы мектептердің қатарында болды. Әлекең парасатты, жолдастарының арасында үлкен беделге ие болған адам еді.

Ауданда 1971 жылдың шілде айынан бастап «Сельская новь» атты орыс тілінде газет шыға бастады. Газеттің бірінші редакторы Лев Павлович Калантырев деген азамат, одан кейін Николай Степанович Походун, Трухан, Сүгірбаев Таңат Айтмұқашұлы редактор болып істеді.

1990 жылдың бірінші қаңтарынан бастап ауданда қазақ тілінде «Ауыл арайы» атты газет шыға бастады. Газеттің редакторы Өсіпов Шұғай Ахмедияұлы деген азамат болды. Осы газеттің жарыққа шығуына он жыл толуына орай 1999 жылдың

желтоқсан айында «Ауыл арайына» он жыл атты мақала шыққан болатын.

«Ауыл арайы» газеті республикамызда «Тілдер туралы Заңның» қабылдануына орай, осы заңның шапағатымен дүниеге келді. Сол жылы республика бойынша ана тілінде жаңадан жеті газет шыға бастаса, соның бірі «Ауыл арайы» еді. Орайы келгенде айта кетейік, Жамбыл ауданы осының біреуіне ие болуының бірінші себебі, аудан халқының 51 пайызының қазақ ұлтын құрайтындығы болса, екінші себебі сол кездегі ауданның бірінші хатшысы Смағұлов Шаймұрат Смағұлұлының ұлтжандылығы деу керек. Сол кезде Кеңес өкіметінің шаңырағының шайқалып, тынысы тарыла бастаған уақыты еді. Жанармай қымбаттап, совхоздардың малын «бартерге» тоғытып жатқан кезі. Соған қарамай, бұрын бекітіліп қалған аудан бюджетінен жырып алып, жаңадан екінші газет ашу оңай жұмыс емес еді. Сол кездің өзінде кейбір аудандар бір газеттің өзін ауырсына бас таған. Ол кезде газеттер қазіргідей жұмасына бір рет емес, екі газет те («Ауыл арайы», «Сельская новь») жұмасынса үш рет шығып тұрды. Ол қиындықтың үстіне ауданда бас пахана жоқ, алдымен Преснов баспаханасында одан кейін қаладан шығып тұрды. Баспахананың да жабайы кезі, шығыны өте көп еді. «Ауыл арайы» редакциясының өзінде ғана барлық қызметті қосқанда 12 адам жұмыс істеді. Алдымен 1989 жылдың желтоқсан айында газет редакторлығына Өсіп Шұғай Ахмедияұлы алынды. Көп жыл республикалық, облыстық, аудандық газеттерде қызмет атқарған тәжірибелі журналист еді. Бұған дейін «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан») газетінің Преснов және Жамбыл аудандарындағы меншікті тілшісі еді. Осы азамат жаңа газет жұмысын ұйымдастыруда аянбай еңбек етті.

Газеттің бірінші нөмірі 1990 жылдың бірінші қаңтарында сол кездегі «Ленин туы» газетінің қызметкерлері Әкімжанов Зейнолла, Баймұқанов Қайырбек, Жанділдин Жұмабек, фототілшісі Нұржановтардың көмегімен шықты. Бірінші номерге жерлес жазушы Сафуан Шаймерденовтың, Жамбыл

ауданының тұңғыш бірінші хатшысы М.Р. Сағдиевтің, Еңбек Ері Төлебай Мұстафиндердің құттықтаулары, жү- рек жарды жылы лебіздері жазылған мақалалар басылды. Зейнолла Әкімжановтың қуаныш сезімге толы «Ауылым- ның арайы» атты өлеңі басылды.

Газеттің бірінші нөмірінен кейін редакцияға меншікті тілшілер алына бастады. Ол кезде аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып қызмет атқарып жүрген мені Шаймұрат Смағұлұлы шақырып алды да: - Сен ашылып жатқан газеттің жауапты хатшысы боласың, - деді. «Газеттің жауапты хатшысы болу үшін алдымен журналистік мамандықты меңгеру қолымнан келмейтін шығар» - деген уәжіме:

Партия солдатты екенінді ұмытпа. - деді. Бұдан кейін әңгіме қысқарды. Қазір де оңай емес шығар, ол кезде бірінші хатшының сөзін екі ету өзінді оққа тіккенмен бір- дей болатын. Газеттің қызметкерлері болып Ақнұр Несіпова, Назгүл Өтенова, Күлзат Смағұлова, Қайыржан Сәрсекеевтер алынды. Ақнұр Несіпова кейінгі кезге дейін осы газетте қызмет атқарды. Назгүл Өтенова газетте қызмет атқарған бірер жылда ақындығымен облысқа танылды. Жол апатынан жас шағында қайғылы қазаға ұшырады. Күлзат Смағұлова қазір республиканың «Жас алаш» газетінде бөлім бастығы болып істейді. Республикаға танымал журналист дәрежесіне жетті.

«Ауыл арайы» Кеңес өкіметі керегесінің кейін кете бастаған уақытта дүниеге келді. Кеңес өкіметі құламай тұрып- ақ, әсіресе, Ресей баспасөздері кеңестік құрылысқа қарсы жаза бастады. «Ленин туы» да тіл тигізуді шығарды. «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» – дегендей, әліптің артын бағып, газетті саясаттан аулақ ұстаған.

«Ауыл арайы» - республикамызда. «Тілдер туралы Заңның» қабылдануы, жер-жерде «Қазақ тілі» қоғамын ұйым- дастыру уақытымен қатар келді. Сондықтан газет ауданы- мызда «Тілдер туралы» заңның орындалуы жайында мәсе ле көтерді. Осы істің көш басында болды деуге болады. Аудан орталығында, барлық ауылдарда «Қазақ тілі» қоғамының

бастауыш ұйымдары құрылды. «Қос тілділік» мәселесі көтерілді. Мектептерде жабылып қалған қазақ сыныптары ашылды. Есперлі, Киров, Суаткөл, Богдановка мектептері қазақ тіліне көшті. Орыс орта мектептерінде қазақ сыныптары ашылып, балабақшаларда қазақ топтары жұмыс істей бастады. Қазақ тілін үйренушілердің үйірмелері ашылды. Газет осындай істердің ұйтқысы болды. Жерлес жазушыларымыз Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтың 90 жылдық, Сафуан Шаймерденовтың жетпіс жылдық мерейтойларына байланысты мақалалар басылды. Ұмыт қалған атақты жерлесіміз Толыбай сыншы, Қожаберген жырау, Сегіз Сері сияқты асылдарымызды елге таныту, оларға ескерткіш орнату, ас беру сияқты науқанды істерге басшылық етті.

Кеңес өкіметінің құлауымен «Ауыл арайының» да тынысы тарыла бастады. Басында таралымы екі мыңға жеткен газет 500-ге жетер-жетпес болып қалды. Жақсының жақсылығын ұмытпаған жөн, газеттің таралымы сөз болғандықтан мына бір оқиғаны айта кетейік. 1993 жылға газеттің таралымы аз болғандықтан жабылу қаупі туды. Қаншама күш салғанымызбен газеттің межелі таралымына жеткізе алмадық, осы бір қиын шақта «Қайранкөл» ауылындағы «Батыр» шаруа қожалығының жетекшісі Тілеген Жетеев өз қаржысынан 50 адамға «Ауыл арайын» жаздырып және ақшалай көмек жасап, газеттің жеке ғұмырын ұзартқан болатын. Бұдан әрі орыс тіліндегі «Сельская новь» газетімен бірігеді.

«Бітер істің басына жақсы келер қасына» – дегендей газет ісінің алға басуына көмектескен қаладағы баспаханада шығарушы болып істеген Күлшара Сүлейменованың, оператор-корректорлық қызмет атқарған Күлзайра Мәлікованың, баспахана қызметкерлері Бақыт Сәдуованың еңбектерін арнайы атап кетуді жөн көрдім.

Амангелді ауылы

1930 жылы Майбалық селолық кеңесі, Төңкеріс ауданы құрамында «Ілия» колхозы құрылды.

07.09. 1939 жылы «Ілия» колхозы «Амангелді» колхозы болып, аты өзгерді. Мемлекеттік акт бойынша колхозға 9580,82 га жер берілді.

20.01. 1951 жылы «Амангелді», «Талпын», «Үлгі» колхоздары бірікті, біріккен колхоз орталығы Талпын ауылы болды. Колхоз «Амангелді» деп аталды. Іріленген колхоздың жер көлемі 18 827,22 га болды.

27.10.1954 жылы Жамбыл кеңшарының бөлімшесі болды. Ауылдан Сафуан Шаймерденов сияқты халық жазушысы, Әлмырза Сатыбаев, Ғабдолбәри Төлегенов, Қайыржан Бабақов, Мағел Басыбаев, Бұлан Сәдуақасов сияқты көпшілікке танымал азаматтар, Қуантай Әубәкіров, Қаратай Шалабаев сияқты ірі ғалымдар шықты.

Амангелді ауылының жері XVIII ғасырда өмір сүрген Тұрыпберді байдың қонысы болған.

Айтуар ауылы.

«Айтуар» колхозы «Қанге» ауылында Баян селолық Кеңесі, Төңкеріс ауданының құрамында 1934 жылдары құрылды. Дәл құрылған уақыты белгісіз. 10.02. 1935 жылы Преснов ауданына қарады. 14.12. 1950 жылы «Киров» колхозына қосылып, орталығы – Киров ауылы болды. 1961 жылы «Киров» кеңшары құрылғанда, осы кеңшардың бір бөлімшесі болып қалды. Ауылдан облысқа танымал ақын Игібай Әлібаев, Еркін Бекбасов, Жекеев Серікбай, Қанатбай Бөкішев, Есламбек Уатаев, Қожа Сибанов, Базар Әбдірешев, Қайырбек Сыздықов сияқты көрнекті азаматтар шықты.

Архангелка селосы

1929 жылы Архангелка селолық кеңесі, Преснов ауданы құрамындағы Архангелка селосында «Красный партизан» колхозы құрылды.

Мемлекеттік акт бойынша 10 838,50 га жер бекітіліп берілді.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1961 жылғы 3 наурыздағы № 131 шешімімен «Красный партизан» колхозы Киров атындағы кеңшардың құрамына берілді.

1961-1996 жылдар арасында Киров атындағы кеңшардың орталығы болды.

Архангелка селосының жері Россиядан қоныс аударушылар келгенше Қантай руының Жәнібек атасының қонысы болатын. Селоның негізі 1893 жылы қаланды.

1911 жылғы дерек бойынша селоның 10 123 десятина жері, үй саны – 298, халқының саны - 675 болған. Селоның картадағы қазақша атауы Қайранкөл болған. 1901 ж. мектеп салынған. 17 құдық болған.

1961 жылы жаңа құрылған Киров атындағы кеңшарға «Жизнь» (Троицк селосы), Абай атындағы колхоз (Орталық ауылы), «Боевик», «Красный партизан» (Архангелька селосы), «Айтуар», «Киров» колхоздары қарады. 1962 жылы «Троицк» кеңшары құрылғанда біраз жер осы кеңшарға, 1977 жылы біраз жер «Баянауыл» кеңшарына берілді.

Біраз жыл Архангелка селосы Баян МТС-ның орталығы болды. 1940 жылы Баян МТС-на төмендегідей колхоздар қарады: «Красное знамя» (Боевик селосы), «Путь социализма» (Новорыбинка, «Миролюбово»), «Жизнь» (Троицк), «Красный партизан» (Архангелка селосы), «Трудовой гурток» (Рождественка селосы), Баян, Орталық, Тауағаш, Ленин, Айтуар, Сарман, Үлгі, Октябрь ауылдары.

Ақбалық, Қарақамыс, Октябрь,

Жалтырша, Нұрымбет ауылдары

Бұл ауылдардың бәрі 1929-1930 жылдары бөлек-бөлек колхоздар болды.

1950 жылдары колхоздар іріленгенде Ақбалық, Жалтырша, Жаңажол, Қарақамыс, Октябрь, Нұрымбет колхоздары бірігіп, Молотов атындағы колхоз құрды. Бәрі де Қарақамыс селолық кеңесіне қарады.

1959 жылы Нұрымбет ауылы жанадан ашылған Троебрат малсемірту кеңшарына берілді.

1963 жылы Озерный кеңшары Қостанай облысы Пресногорьков ауданынан Преснов ауданына берілді.

1966 жылы Жаңажол ауылы Майбалық кеңшарына берілді.

Бұл ауылдар 1970 жылға дейін Преснов ауданының, одан кейін Жамбыл ауданының құрамына берілді.

1975 жылы Ғабит Мүсірепов атындағы кеңшар құрылғанда Октябрь, Жалтырша ауылдары осы кеңшарға қарады.

Благовещенка селосы

Благовещенка селосы Петропавл-Қайранкөл тас жолында. Селоның іргесі 1893 жылы қаланды, алғашқы қоныстанушылар украин елінен келген переселендер. Селоның алғашқы үйлері «Жекекөл» деп аталатын көлді жағалай салынғандықтан, селоның қазақша атауы «Жекекөл» деп аталады.

Село 04.12. 1929 жылдан бастап «Красное Знамя» колхозы, 1938 жылдан 1957 жылға дейін «Молотов» колхозы, 1957 жылдан бастап «Благовещенка» совхозының орталығы болады.

1970 жылдың 24 желтоқсанынан 1997 жылға дейін (Преснов және Жамбыл аудандарының бірігуіне дейін) Жамбыл ауданының орталығы болып, ірі-ірі құрылыстар салынды. Қазір Благовещенка селосы шаруа қожалықтарының орталығы. Типтік жобадағы мәдениет үйі, аурухана, спорт кешенінің үйі, дәріхана, округ орталығының үйі, типтік жобадағы 2 мектеп үйі, сауда үйлері, тұрғын үйлер салынды.

Благовещенка үлкен мәдениет орталығына айналды. Қазақ және орыс мектептері, зоналық кітапхана және балалар кітапханасы жұмыс істейді.

Благовещенка селосы Благовещенка селолық округінің орталығы. АО «Аухат-Алқа», «Жекекөл», «Кеңес», сияқты серіктестіктер, 10 шаруа қожалығы жұмыс істейді. 25 орындық бөлімшелік аурухана бар. Селоның көрнекті жерінде Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға салынған ескерткіш кешені бар. Благовещенка селолық округіне қарасты Толыбай қорымында Қожабергеннің мазары салынды.

1911 жылға дерек бойынша селоның 5250 десятина жері, халық саны -350, қазақша аты «Жекекөл» деп аталған. Село 1893 жылы құрылған, үй саны – 183, 2 мектеп болған, бір мектеп 1901 жыл, екінші мектеп 1904 жылы салынған. 8 құдық болған.

Железное селосы

28.04. 1929 жылы Железинск селолық кеңесі. Железное селосында «1 май» колхозы ұйымдасты.

Мемлекеттік акт бойынша 9644,72 га жер бекітіліп берілді.

23.02. 1951 жылы Железинск селолық кеңесіне қарасты «1 май» (Железное селосы), «Партизан Востока» (Лапуш ки селосы), «Красный путиловец» (Богатое селосы) кол- хоздары бірігіп Молотов атындағы колхозды құрады, орталығы Железное селосы болды.

1951-1996 жылдар арасында Ленин атындағы колхоздың орталығы болды. 1996 жылы шаруа қожалықтарына бөлініп кетті.

Кладбинка ауылы

1928 жылы Кладбинка селосында «Заря новой жизни» колхозы ұйымдасты. Колхоз Кладбинка селолық кеңесіне, Преснов ауданына қарады.

Мемлекеттік акт бойынша колхозға 8019,79 га жер бекітілді.

05.02. 1951 жылы «Заря новой жизни», «Советский луч» («Зеленый луг» селосы) колхоздары бірігіп, Хрущев атындағы колхоз болды, орталығы Кладбинка селосы.

1957-1996 жылдары «Миролубово» кеңшарының орталығы болды.»

«Миролубово» кеңшарына Хрущев атындағы колхоз («Зират», «Зеленая шалғын» ауылы), Ленин атындағы колхоз («Орман», «Найман» ауылы, «Ульяновка», «Симаки» ауылы), Калинин атындағы колхоз («Зеленый шалғын» ауылы). Сенжарка», «Лебязка», «Калиновка» селолары) және Преснов кеңшарының біраз жерлері қарады.

Майбалық ауылы

19.07. 1928 жылы нөмір екінші деп аталған ауылда Майбалық колхозы құрылды.

Мемлекеттік акт бойынша колхозға 1503,52 га жер бекітіліп берілді.

Майбалық ауылы 1928 жылдан 1936 жылға дейін Төңкеріс ауданының орталығы болды.

29.08. 1950 жылы Майбалық ауылдық кеңесіне қарасты «Майбалық», «Қарағаш», «Тегісшіл» колхоздары бірігіп, «Калинин» колхозын құрады, орталығы Майбалық ауылы болды.

1957 жылы Калинин колхозы Благовещенка кеңшарына қосылды.

Ауылда Саликов Әшім, Тауқұдыретов Алғали, Садуақасов Удашке, Кенжетаева Бикен сияқты ұлағатты ұстаздар болды.

Ауылдың тумасы Ерлік Серікбайұлы Тайжанов 2005 жылы ауылда мешіт үйін салғызды. Мешіт үйін өз қаражатымен салғызған генерал-майор Ерлік Серікбайұлы Астана қаласының Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті департаментінің бастығы болып істейді.

Мешітке Тайжан атасының аты берілді. Тайжан Әділбайұлы жасында Қызылжар қаласындағы атақты Шақшақ медіресесінен дәріс алған, сол төңіректегі атақты молда болыпты.

Мирное селосы

1930 жылдары Преснов селолық кеңесі, Преснов ауданы құрамында құрылды.

1932 жылдан 1996 жылға дейін Преснов кеңшарының орталығы болды. Преснов ауданында құрылған тұңғыш кеңшар болды.

Преснов кеңшары алғаш рет ет өндіру кеңшары болып құрылды.

Пресновка селосы

Пресновка селосы «Ащы белдеу» («Горькая линия») бойында 1752 жылы әскери бекініс ретінде салынды. Қазіргі

Жамбыл ауданы жерін патша үкіметінің отарлау ісін жүргізудің орталығы болды. 1868 жылдан бастап Преснов болысының, Преснов ревкомының орталығы, 17.01. 1928 жылдан бастап Преснов ауданының орталығы болды.

1930 жылы Преснов селосында Сталин атындағы колхоз ұйымдасты.

Мемлекеттік акт бойынша 1155,77 га жер бекітілді. 9.09. 1950 жылы «Сталин» колхозына Буденный атындағы колхоз (Ново-Михайловка) қосылды. Іріленген колхоздың жер көлемі 20302,36 га болды.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 3.03. 1961 жылғы №131 шешімімен колхоздың жері мен меншігі Островский кеңшарына берілді. 1961-1996 жылдар арасында «Островский» кеңшарының орталығы болды. «Масло», «Астық», «Бытсервис», «Сельхозтехника», «Плодородие» дейтін акционерлік қоғамдар құралды. Преснов ірі мәдениет орталығы, мәдениет үйі, үш мектеп, балалар мен жастар шығармашылық үйі, И.П.Шуховтың мұражайы, кинотеатр жұмыс істейді.

Азамат соғысы, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза Н.А. Островскийдің болғандардың ескерткіші, жазушы ескерткіші бар.

Преснов И. Шуховтың туған жері. Үлкен ғалым, Орта Азияны зерттеуші Г.Н. Потаниннің жастық шағының біраз кезеңі осы Преснов селосында өткен.

Преснов селосында Преснов халық театры жұмыс істейді. Театр село мұғалімдерінің күшімен 1912 жылы құрылған. «На пороге к делу» атты спектакль мен Н.Островскийдің «Гроза» спектаклі 1910 жылы қойылды. 1959 жылы «Халық театры» атағын жеңіп алды. Театрдың ди- ректоры В.Е. Дробышев 100-ден астам спектакль қойды.

Бірнеше облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанды.

Талпын ауылы

1934 жылы Майбалық селолық кеңесіне, Төңкеріс ауданына қарасты «Қайнет» ауылында Талпын колхозы құрылды.

Мемлекеттік акт бойынша жер көлемі 5560,60 га болды. 10.02. 1935 жылы Талпын колхозы Төңкеріс ауданынан Преснов ауданына қарады (Қарағанды облысының атқару комитетінің 10.02. 1935 жылғы №17-12 шешімі).

20.01. 1951 жылы Майбалық селолық кеңесіне қарасты «Талпын», «Амангелді» және Айымжан селолық кеңесіне қарасты «Үлгі» колхоздары бірігіп «Амангелді» колхозын құрды, орталығы Талпын болды. 1957 жылы Благове ценка селолық кеңесі, Благовещенка кеңшарына қарады. Талпын ауылында Сексен батырдың ұрпақтары тұрады. Ауылдан Файзуллин Әбу, Тоқтаров Батталғали, Файзуллин Бопаш сияқты азаматтар болды.

Қорытындылай келе, Әр қилы тарихи кезеңдер жазылған материалдардың танымдық-тағылымдық мәні зор. Жамбыл ауданың шежіресі сол секілді бұл мақалада бұрын-соңды ғылыми ақпараттық айналымға түспеген деректер мен құжаттар мол пайдаланылды.Әрине, бір мақаланың аясында ауданның барлық әкімшілік-аумақтық құрылымы, мәдени құндылықтарың қамту мүмкін емес. Соған қарамастан өлке тарихын танып білуге көмегі тиер деген ойдамын.

Әдебиет:

1. Жұмабаев С.Ж. Туған ел шежіресі. - Петропавл, 2007. - 496 бет.

УДК 930

АБЫЛАЙ ЖӘНЕ КӨРШІЛЕС ЕЛДЕРМЕН САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Мамбеталинова А.Н.

(ГККП «Абылай хан резиденциясы» музей кешені)

Бүгінде Қазақстан тарихы жаңа кезеңінің күрделілігі жағынан Абылай дәуіріне ұқсас мемлекеттіліктің қалыптасуы, қоғамның экономикалық өмірін жаңғырту, халықаралық деңгейде танылу үрдістерін бастан кешіруде. Қазіргі кезеңнің өтпелі сипатына байланысты қоғамның өткенге деген қызығушылығы артып келеді. Жұртшылық елде болып жатқан өзгерістерді өткір қабылдайды, қоғамдық дамудың мәнін, бастауын, бағыты мен негізгі тенденцияларын түсінуге ұмтылады. Сондықтан ұлттық тарихқа бет бұрып, тәуелсіздік пен егемендік жолындағы күрестің күрделі бетбұрыстарын түсіну ерекше мәнге ие болады.

Уақыт сынынан сүрінбей өтіп, бүгінде мемлекеттілігін жаңғыртып келе жатқан қазақ халқының көршілес елдермен, халықтармен қарым-қатынас пен қарым-қатынастың бай әрі күрделі тәжірибесі бар. Еуразия құрлығының орталығында орналасқан, солтүстігінде Ресеймен, шығысында Қытаймен және оңтүстігінде Орталық Азия мемлекеттерімен шектесетін Қазақстан тағдырдың қалауымен осындай бірегей геосаяси позицияны иеленді. Көпполярлы сыртқы саяси бағытты жүзеге асыруға қауқарлы. Ал бұл тұрғыда Абылай дәуірінің бай да күрделі тарихын зерделеу мен жалпылаудың танымдық, прагматикалық мәні зор. Ресеймен достық қарым-қатынастың негізін қалап, Қытаймен және Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастың негізгі принциптерін орнатқан хан Абылай болды.

Сонымен бірге, Абылайдың саяси қызметінің негізгі мақсаттары мен сипаты әрқашан сәйкес келмейтінін, кейде Ресей империясының Қазақстандағы мақсаттарына қайшы келетінін атап өткен жөн. Орыс және кеңес тарихшыларының екі ғасыр бойы жасаған еңбектерінде Абылайдың тарихи рөліне баға беруде тенденциялық, біржақтылық, үстірт көзқарас жиі кездеседі.

Қазақ мемлекеттілігі өзінің бес ғасырдан астам тарихында өрлеу мен құлдырау, нығаю мен әлсіреу, жоғалту мен қайта ие болу сияқты талай сындарлы кезеңдерді бастан

өткерді. Мемлекеттілік сөз болғанда, ұлт тарихындағы жарқын тұлға Абылай ханның Қазақ мемлекеттілігін сақтау жолындағы жанкешті еңбегіне баға бермей өте алмаймыз. Абылай-хан - XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Абылай – қазақ феодалдық мемлекетінің бұрынғы шекарасын қалпына келтіріп, өз хандығы кезінде елдің саяси-экономикалық дамуына түбірлі өзгерістер енгізген атақты мемлекет қайраткері. Абылайдың мақсаты-жоңғар шапқыншылығы кезінде олар уақытша басып алған шекаралық өңірдегі қазақтардың тарихи иелігін қайтарып алу еді. Абылай дұрыс саясат ұстанып, патша үкіметімен де, Қытаймен де бейбіт қатынастарды сақтап қалуға күш салды. **Абылай хан қазақ мемлекеттілігін орнатып, тәуелсіздігін сақтау жолында өзінің дипломатиялық, саяси-қоғамдық қызметін жүргізді.** Бұл кезенді Шоқан Уәлиханов «Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығы, ақылдылығы мен алғырлығын танытуға жағдай жасады» деп бағалады.

Абылай ханның саяси көз қарасының негізгі түп-түйіні бір орталықтан басқарылатын тәуелсіз, заңға негізделген мемлекет қалыптастыру болды. Ресей, Қытай сияқты ірі мемлекеттермен құқықты деңгейде тең қарым-қатынас жүргізіп, қазақ мемлекетінің ішкі саясатына араласпауды мойындатты. Абылай хан ішкі дұрдараз, алаусыздықты, сұлтандардың таққа таласу әрекеттерін тежеп, билер кеңесінің қызметін өз қолына шоғырландырды.

Тарихи тұлғаларды бір-бірімен теңдестіре салыстыруға болмайды. Әйткенмен Ресей үшін І Петр немесе Германия үшін Бисмарк қандай болса, Қазақстан үшін ол да сондай тұлға. Абылайдың дара тұлғасы, қолбасшылық таланты мен саяси көрегендігі қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығы мен Ресей, Қытай империяларының көз алартуына қарсы күресіне байланысты қалыптасқан күрделі тарихи кезеңде көзге түсті. Абылай сол қазақ халқының тағдыр-талайы қыл үстінде, қылыш жүзінде тұрғанда ел бірлігін ұйымдастырып, үш жүздің басын қосып, анталаған жауға тойтарыс берді. Сол арқылы қазақтың

келешегіне жол салды. Абылайдың аты көзі тірісінде аңызға айналып, қазақ үшін қасиетті Алаш сияқты жауынгерлік ұранға айналды.

Абылай дәуірінде Қазақстан және Ресей, Қытай арасында өте сақ, байыпты саяси ойын жүріп, қазақтың ұлт ретінде жойылып жоңғардың тағдырын қайталамас үшін ерен тарихи ерліктер жасалды. Онымен бірге, Қытаймен бейбіт қарым-қатынасты өрбіте отырып, Абылай Ресеймен де қалыптасқан саяси және экономикалық қатынасты үзбеуге барынша күш салды. Ресей патшалығы болса Қазақстанды өз саясатын Абылайдың қолдауынсыз іске асыра алмайтынын мойындады.

Абылай біріншіден, ұлттық бір тұтастығын бекітіп, бір орталыққа бағынатын мемлекет қалыптастыруға барын салса, екіншіден елдің экономикасын, халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін сауданы дамытуды түсінген. Осы тұрғыда мал базарларын, сауда-саттық алаңдарын ашқызу арқылы көрші елдермен бейбіт қатар өмір сүру мақсатын ұстанған.

Атақты Ақмола, Қарқаралы, Қоянды жәрмеңкелері жайлы айтылып та, жазылып та жүр. Ал берісі Ресей, әрісі Орта Азия елдерімен, Қытаймен арадағы сауда-саттықты өрістетудің, алыс-беріс байланысты күшейтудің орталығына айналған Қызылжар жәрмеңкесі туралы жұртшылықтың білері аз. Абылай ханның тікелей бастамашылдығымен бой көтерген Қызылжар жәрмеңкесі туралы зерттеу мақаласында жергілікті өлкетанушы Қайролла Мұқанов былай деп жазады: «Абылай хан қазақ елінің дербестігін сақтау жолында сыртқы жаулармен қалай аянбай күрессе, қазақтардың тұрмыс-тіршілігінің оңалуына да ерекше көңіл бөлген. Көрші елдермен сауда-саттық ісін нығайту оның сыртқы саясатында басты орын алды. Оның тұсында Ресеймен, Қытаймен, Жоңғар, Хиуа, Бұхар хандықтарымен қарым-қатынас айтарлықтай жанданды».[4,65б.]

Алысты болжай білетін сұңғыла тұлға сауда-саттық қатынасында тек Орынбор жәрмеңкесімен шектелмей, Сібірдің басқа қалаларымен араласуға да ерекше мән берген. Оның

ұсыныстары патша өкіметі тарапынан қолдау тауып, көп ұзамай Ор, Троицк, Ямышев бекіністерінде жәрмеңкелер құрылып, екі ел арасындағы сауда-саттық барынша өрбиді. Қытай жағы да ұлы ханға мол сыйлықтар жіберіп, мемлекетаралық ынтымақтастыққа мүдделілік танытты. Генерал-майор А.Тевкелевтің 1759 жылы Сыртқы істер коллегиясына жолдаған мына хаты назар аударарлық. Онда «Бұл күндері Абылай бүкіл Орта жүзде бас билеуші ретінде танылды. Сонымен қатар оның білікті де білгір екенін және қытайлықтармен қатынас жағдайын ескере отырып ішке тарту керек» деп жазылған. Осы себепті Абылай ханның әскер шебінің командирі Родинге жазған хатындағы әулие Петр қамалы жанынан жәрмеңке ұйымдастыру өтінішіне патша үкіметінің келісуден басқа амалы қалмаған сықылды. Әсіресе аспанасты елімен біржола жақындасып кетуінен сақтанып, тілегін орындауға барынша мүдделі болады. 1759 жылы 22 желтоқсанда Петропавл бекінісінде далалықтармен сауда-саттық жәрмеңкесін ашу жайлы жарлық шығып, «Ащы белдеу» әскерлерінің қолбасшысы генерал Фраэндорпқа ресми түрде хабарланады. Оның ашылуына Абылай хан қатысып, жақсылық хабар қазақ даласына тарайды. Ел ішінде «Қызылжар жәрмеңкесі» деген атқа ие болады.

Қызылжар жәрмеңкесі Ресейден Батыс Сібірге, Орта Азия мен Қытайға дейінгі аймақты қамтыған ірі сауда нүктесіне айналған. 1759-1770 жылдар аралығында алғашқы Айырбас сарайы салынған. Жергілікті қазақтар төрт түлік мал, оның өнімдерін, аңдардың терілерін әкеп сатса, Орта Азия, Қытай жақтан жеміс-жидек, қалы кілемдер, мақтадан, жібектен тоқылған маталар, фарфор ыдыс-аяқтар, Ресейден темір ошақтар, шойын қазандар, түрлі-түсті орамалдар, самауырлар, бидай, ұн, құрал-саймандар жеткізілген. Сауданың күшті дамығаны соншалық, 1777 жылы мұндағы дала тауарларының айырбасы Өскемен, Семей, Жәміш, Омбы бекіністерінің үлесінен артып түскен. 1839 жылы 69679 бас мал сатылды деген дерек те кездеседі [1,28 б.].

Ресеймен екі жақты сауда-экономикалық қарым-қатынас орнатудағы басты еңбегі Қазақ хандығының билеушісі Абылайға тиесілі. Дәл оның басшылығымен қазақтар өзара тиімді халықаралық қатынастар орнатты. Көрші державалармен сауда қатынасын орнатқан хан Абылай ең алдымен бітімгершілік қызметін атқарды. Хан Абылайдың күш-жігерінің арқасында қазақ даласының шекарасындағы елді мекендер диалог пен ынтымақтастық орталығына айналды. Абылай құрлықшілік транзиттік сауданы дамыту саясатының бастамашысы және белсенді демеушісі болды. Ханның Қазақстан мен шекаралас мемлекеттердің өзара іс-қимылын дамытудағы қызметі қазақ қоғамының нақты және өзекті қажеттіліктеріне негізделген. Солтүстік-Шығыс өңірінің қазақтары асыл адамдар үшін қолөнер бұйымдарын, аң терісін, жазу аспаптарын, кей жағдайда сәнді бұйымдарды сатып алуға қызығушылық танытқан.

Ресей қазақ жылқыларын сатып алуға тырысты. Қазақтың мал шаруашылығының қой терісі, киізі, лассо және басқа да өнімдері де үлкен сұранысқа ие болды. Хан Абылайдың Ресей шекара әкімшілігіне жолдаған сауданы дамыту жөніндегі алғашқы ұсыныстары 1760 жылдан басталады. Сәтті келіссөздерден кейін Павлодар облысының қазіргі Ямышево ауылы маңында, Петропавл мен Семейде сауда дами бастады. Ежелгі уақыттан бері Орталық Азия тауарларын Сібір терілеріне айырбастау орын алған Ямыш көліне керуендер барды, ертеде жәрмеңкелер өткізіліп, оған Яркандтан (Шыңжаң) маталар мен дәрі-дәрмек әкелді.

Дәл Ямышта Абылай, ең алдымен, ескі сауданы жаңғыртуды ұсынды. 1758 жылдан кейін бұл кездегі қазақ саудасы кеңейді. Бұл жерде қазақтар сонау 18 ғасырдың 40-жылдарында сауда жасағаны белгілі. 1759 жылы желтоқсанда 69 қазақ Ямышевода 6 күн (16-21 желтоқсан аралығында), 1760 жылы 137 адам жыл бойы сауда жасады. Сауданы ұйымдастыру оңай болған жоқ. Бұл ең алдымен Орталық Азиядан келетін керуендердің өтуіне қатысты. Қазақ халық ертегілері сол

жылдардағы сауда жолындағы қиындықтарды үнемі еске түсіреді. «Түйелер мен жылқылар өліп, адамдар қажыды, шөл далада әлі ұзақ жол бар еді» - Түркістаннан Петропавлға керуеннің өтуін дастандар осылай сипаттайды.[5, 356]

Қиындықтарға қарамастан, қазақ билеушілерінің орасан зор күш-жігерінің арқасында Қазақстан аумағында қарқынды керуен жолдары пайда болды. Сол кездегі ең атақты жол – Хан Абылай жолы. Оның бағыты Петропавлдан Түркістанға, Созаққа, Қоканға, Ташкентке апаратын. Қарсы бағытта жолдың бір тармағы Семейге, Павлодарға, Омбыға, сондай-ақ Ертістегі басқа да сауда-экономикалық орталықтарға апаратын. Бұл жол болмаса, халықаралық және аймақтық сауданы дамыту мүмкін емес еді. Сондай-ақ Ақмола трактісінен өтті, бұл біздің елордамыздың ежелгі сауда жолдарының орнында орналасқанын тағы бір мәрте көрсетеді. Бір жерде Хан Абылай жолы да бұрын Петропавлдан шығысқа қарай өтетін Жаңажол – жаңа сауда жолымен қиылысады.

Бұл кезде қазақтар тағы бір жолды – Қиыр Қарқаралы жолын жаңғыртты, ол Түркістаннан Семейге дейін барды, онда 1764 жылы Абылай ханның арқасында халықаралық сауда ашылды. Бұл қалада сауда көлемі 1765 жылдан 1774 жылға дейін екі есе өсті. Мұнда Қазан, Түмен, Тара, Курск, Орынбордан көпестер келді. Қант, құндыз терісі, тері, қызыл, қара мата әкелді. Сәншілер де зергерлік бұйымдар үшін Таяу Шығыстан алтын, інжу, маржан (маржан) әкелуді күтті. Орталық Азиядан, соның ішінде Қытайдан транзитпен Семейге қымбат және қарапайым материалдар: канвалар, ланзалар әкелінді. Ол жақтан темекі, тары, өрік шыққан. Мұндағы қазақ малын Саратов, Курск, Екатеринбург көпестері сатып алған.

Петропавл Абылай хан тұсында халықаралық сауданың маңызды орталығына айналды. Бұған Қазақстаннан Ресейге баратын ескі сауда жолдарында қаланың қолайлы географиялық орналасуы ықпал етті. Хан Абылайдың күш-жігерінің арқасында мұнда 1759 жылы желтоқсанда бірінші аукцион өтті. Қазақ тауарларының басым бөлігі жылқы және басқа да мал

болды, бірақ орыстар үшін тартымды басқа да өнімдер болды. Жазғы сатовкада 500-ге жуық қазақ болған. Ал ірі қарадан бөлек жылына 7–10 мың жылқы айырбасталатын», - деп жазды сол кезде Қазақстанда тұрған орыс инженері Иван Андреев сауданың алғашқы жылдары туралы. Ол былай деп қосты: «Мұнда бұхаралықтар, ташкенттіктер, қашқарлықтар келеді, олар көп тауар экспорттайды». [8,486б.]

Орыс тауарлары Петропавлға Тобольск, Тула, Курск, тіпті алыс Архангельсктен келетін көпестерден келетін. Осы солтүстік порттан Қазақстанға еуропалық өнімдер тасымалданса керек. Сонымен, 1765 жылы Петропавлда тобылдық көпестер Дмитрий Захаров, Пиан Назаров, Дмитрий Иосников және Данила Шариев сауда жасады. Белсенді саудагерлер арасында таралық көпес Степан Юркин болды; Түмен көпестері мен тулалық көпес Василий Самсонов. Тауарлардың ассортименті шамамен Орынбор мен Троицктегідей болды. Бұл әр түрлі маталар (сермяжка және кармазин, штапель), зығыр және мақта маталар (кенеп, калико). Иленген былғары, шойын және шойын бұйымдары – қазандар мен тағандар жақсы сатылды. Саудагерлер оларды қазақтармен жылқыға айырбастаған. Петропавлға тауарларын әкелген кейбір саудагерлер қазақ ауылдарында да сауда жасаған. Сөйтіп, 1775 жылы 28 қыркүйекте хан Абылай генерал-лейтенант Иван Деколонгқа Петропавлда сауда жасайтын көпес Ескендір қазақ ауылдарына тауар әкелмекші болғанын хабарлайды. 1775 жылы 10 шілдеде Құлсары батыр Деколонға да тауармен жіберген көпес Адаловтың «сатовканы адалдықпен шығарғанын» хабарлайды. Кеңсешілеріне тауарды сатуды бұйырған Адалов Петропавлға оралды. Көпестің адалдығына көзі жеткен Абылайдың серігі Құлсары батыр Адаловты бірнеше рет далаға сауда жасауға шақырады. Ресейлік кәсіпкерлер үшін қазақстандық нарықтың ерекше тартымдылығын атап өткен жөн. [10,57б.]

Іс далада мал өнімдерін сатып алумен шектелмеді. Қазақстан маңызды транзиттік тауарларды да, өзінің бірегей өнімдерін де ұсынды. Петропавл мен Семейге көпестердің

Ресейдің ең шалғай қалаларынан, тіпті Архангельскінен де келуі тегін емес еді. Осылайша, Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастығының тарихында көпжылдық дәстүрлер мен тәжірибе бар, олардың ең жақсысын қазір пайдалану қажет. Екі ел арасындағы аймақаралық өзара іс-қимыл, тарихтан көрініп тұрғандай, әр уақытта қайта жанданып, сөніп қалған халықаралық сауда артерияларымен ұзақ уақыт бойы қуаттанып келеді. Қазір көп айтылып жүрген Жібек жолының қазақ бөлігін қайта жаңғырту әрекеттерін сонау 18 ғасырда қазақ билеушілері жасап, біраз уақыт табысқа жеткенін байқамау мүмкін емес.

Сауда алаңы бекіністің төменгі жағына орналастырылып, жағалай керме ағаштармен қоршаланды. Орыс көпестерінің лавкалары қаз-қатар тізіліп, сауда айырбас түрінде жүргізіледі. Келесі жылы Самара, Орынбор, Бұхара, Хиуа, Ташкент, Кяхта қалаларынан, атақты Ірбіт жәрмеңкесінен саудагерлер келе бастады. Есіл өзенінің сол жағын бойлай шығысқа-Қытайға қарай «Абылай жолы» сауда жолы айқара ашылған. Осылайша Қызылжар жәрмеңкесі Ресейден Батыс Сібірге, Орта Азия мен Қытайға дейінгі аймақты қамтыған ірі сауда нүктесіне айналған. 1759-1770 жылдар аралығында алғашқы Айырбас сарайы салынған. Жергілікті қазақтар төрт түлік мал, оның өнімдерін, аңдардың терілерін әкеп сатса, Орта Азия, Қытай жақтан жеміс-жидек, қалы кілемдер, мақтадан, жібектен тоқылған маталар, фарфор ыдыс-аяқтар, Ресейден темір ошақтар, шойын қазандар, түрлі-түсті орамалдар, самауырлар, бидай, ұн, құрал-саймандар жеткізілген. Сауданың күшті дамығаны соншалық, 1777 жылы мұндағы дала тауарларының айырбасы Өскемен, Семей, Жәміш, Омбы бекіністерінің үлесінен артып түскен. 1839 жылы 69679 бас мал сатылды деген дерек те кездеседі [9,143б.].

Абылайдың басқа елдермен бейбіт мақсаттағы қарым-қатынасын, халқына жасаған жақсылығын ақын-шайырлар дәріптеп өлеңдер арнаған. Мәселен, Шәді төре Жәңгірұлы «Тарихнама» атты тарихи дастанында былай деп жырлайды:

«Ноғаймен, башқұртпен де татуласты,
Дұшпандық бір-біріне еш қылмапты.

Хиуаға ілгеріде өзі барып,
Сауданың Кіші жүзге жолын ашты» [4,65б.].

Мұндай мысалдар аз емес. Сөз соңында Абылай хан Қызылжар жәрмеңкесі арқылы сауда-саттықты дамытумен қатар көп жылдар бойы бейбіт қатар өмір сүру стратегиясын да ұстамдылықпен жүзеге асыра білгенін баса айтқымыз келеді.

Абылай Қытаймен сауда қатынасына ерекше көңіл бөлді. Сол мақсатта Сайрамкөл жағасында Іле цзянцунуымен (генерал-губернаторымен) кездесіп, онымен сауда шартын жасасқан. Қытай жазба деректерінде былай делінген: «1757 жылы Абылай заңымен жасасқан келісім бойынша Абылайдың, Әбілпейіздің, Қабанбайдың, Қожабергеннің, Дәулетбайдың сауда тоғанақтары Үрімшіге үзбей келіп, ат, түйе, қой, өгіз өткізіп, оған өздеріне қажетті мақпал, торғын, шай және фарфор ыдыстарын алып қайтқан». Абылайдың өзі бүкіл Шыңжаңдағы сауданы қыздыруға ұйытқы болып, сауданың 70-80 пайызы Құлжа және Шәуешек қалаларында тек қазақтармен жасалғандықтан, тарихта бұл сауда «Құлжа-қазақ саудасы», «Шәуешек-қазақ саудасы», «Үрімші-қазақ саудасы» деп аталған.

Абылай Ресей мен Қытайға қатысты сыртқы саясатта икемділігі мен көрегендігін көрсете отырып, сауда қатынастарын қолдап, сауданы мейлінше дамытуға әрекет жасады. Абылай тұсында саудалық қарым-қатынастар елеулі орын алды.

Әдебиет:

1. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының ақтандақ беттерінен. - А., 1994. – 28 б.
2. Левшин А.И. Қырғыз-қазақтардың немесе қырғыз-қайсақтардың ордасы мен даласының сипаттамасы. - Алматы, 1996.
3. Бартольд В.В. Шығ. - Т. 9. - Алматы, 1994.
4. Әбуев Қ. Абылай хан. Замандастары және ұрпақтары. –Көкшетау, 2016. – 65 б.
5. Қасымбаев Ж.К. История Казахстана. –Алматы, 2004. –35с.
6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. –Алма-Ата, 1984. –Т.1. –2017 с.
7. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675–1821 годов. – Алматы, 2014. –Т. 1. – 274 с.

8. Валиханов Ч.Ч. Абылай-хан // Собрание сочинений в пяти томах. –Алма-Ата, 1964. –Т. 3. –486 с.
9. История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. - Алматы, 2007. Т. 6. 143 б.
10. Кабульдинов З.Е. История Казахстана. - Алматы, 2018. - 57 б.

УДК 930.85

РОЛЬ УЛУСА ДЖУЧИ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Малибаев М.М.

(Академия Национальной гвардии Республики Казахстан)

В этногенезе, а также в процессе создания нации, в особенности там, где эти процессы проходят иначе, чем в Европе, огромную роль играет этноним. В Центральной Азии, где родоплеменные разделения, заменяющие классовую стратификацию общества, необычайно сильны и устойчивы, этноним имеет также практическую функцию, связанную с этнической консолидацией. В этнонимике выражаются политические устремления (государственные, стремление к независимости, автономии) народов (этносов). Очень метко эту проблему определяет Э. Хобсбаум, писавший, что основой национально-освободительных движений в Европе был принцип этнической принадлежности. Хобсбаум иллюстрирует его следующими словами: «“Мы” — баски, каталонцы, шотландцы, хорваты или грузины — представляем собой народ, отличный от испанцев, англичан, сербов или русских, и поэтому не должны жить с ними в одном государстве». Этот принцип, по мнению Хобсбаума, не относится к большей части Азии и Африки (но та же ситуация существовала и в некоторых регионах Европы), где вновь возникающие государства призваны созидать народ. Он приводит слова Массимо д’Азельо, сказанные после завершения эпохи Рисорджименто: *«Мы создали Италию, теперь нам нужно создать итальянцев из жителей полуострова,*

объединенных самыми разнообразными связями, кроме общего языка, которого у них не было, и государства, которое пришло к ним сверху, извне» [1].

Этноним, с одной стороны, является даже более важным, чем родной язык, свидетельством этнической принадлежности, а с другой, объединяя членов сообщества, отличает их от других этносов. Результатом укрепления этнического сознания выступает стремление к созданию собственной общественно-территориальной организации (государства), которая, в свою очередь, обеспечивает постоянное развитие этноса и сохранение многих его элементов [2]. Этноним же играет существенную роль в процессе создания государства, в особенности тогда, когда государственность только рождается либо возрождается после долгого периода небытия. Ведь именно он чаще всего определяет название вновь созданного политического образования, даже если в его пределах проживают и представители других этнических групп. Иными словами, политическая функция этнонима может подчеркивать роль определенного этноса в построении нового государства, в сохранении его независимости. С одной стороны, если эта независимость теряется, этноним становится свидетельством прочности уже возникших связей, объединяющих этнос, проявлением его стремления вновь обрести независимость. С другой стороны, в интерпретации националистов присутствует убеждение, что только та часть граждан, от которой происходит название государства, является его законным хозяином. Одновременно язык приобретает форму неотъемлемой составляющей этнонима.

Все же имя, которым этнос сам себя называет, может оказаться недостаточным для выделения этноса. Это относится к ситуации, когда появляется потребность определения всех жителей данной политической территории. В таком случае употребляется *политоним*, название, данное гражданами государства самим себе. В моноэтнических государствах, в которых политические границы совпадают с этническими,

этноним и политоним тождественны. Иногда политоним превращается в этноним, и, наоборот, случается, что этноним дает начало политониму.

Научно-политические дискуссии, темой которых является процесс создания нации, в Казахстане ведутся постоянно. В них линия казахского национализма, предполагающая перенесение этнонима «казах» на всех граждан страны, очень сильна. Сторонники такого подхода утверждают, что народ и государство являются одним целым. Этнос, не организованный в государство, не является народом. А поскольку народ и государство — суть политические термины и субъекты, постольку множество народов предполагает множество государств. Из такой постановки вопроса вытекает, что Казахстан, как это следует из его истории, названия и конституции, — государство казахского этноса. В этом случае все иные этносы, проживающие в Казахстане, не являются народами. Согласно тому же тезису, в Казахстане есть один казахский народ и много этносов [2]. Проживающие в Казахстане русские, татары или уйгуры — это казахи соответственно русского, татарского или уйгурского происхождения.

О процессе ассимиляции народов в Золотой Орде на примере кыпчаков, татар и монголов писал арабский автор ал-Омари еще XIV в. Происходило большое смешение разных народов, активный культурный обмен. XIV в Монгольское владычество привело к усилению монголоидных черт в антропологическом типе местного населения. Можно полагать, что казахская народность вобрала в себя генетических элементы — особенности своих предков - разнообразных этносов. Важно подчеркнуть, что как внешний фактор тюркские и монгольские элементы, внесенные в жизнь местного населения, в значительной мере обогатили этнополитические слагаемые казахской народности. Это доказательство непрерывной преемственной связи между этапами этногенетических процессов: древнейшим, тюркским, монгольским и

золотоордынским, и кыпчакским и послекыпчакскими периодами развития этнического процесса на территории Казахстана.

Монгольское владычество открыло путь к возникновению новых государств и этно-социальных общностей на местной основе на территории Казахстана в XIV-XV вв. Оно было связано с Ак-Ордой и ее этнополитической общностью узбеков, узбек-казахов, затем казахов, ханством Абулхайра и его этнополитической общностью кочевых узбеков, с Ногайской Ордой и ее этнополитической общностью – ногайцы и, наконец, с Могулистаном и его этнополитической общностью – могулы [3, с. 287]. Эти государства были идентичными по этническому составу – населены тюркоязычными племенами. Естественно, что они сыграли важную роль в политической консолидации этнических групп, племен и народов на территории Туркестана на рубеже XIV-XV вв. Таким образом, весь пройденный с древности до Казахского ханства длительный исторический путь явился в конечном счете процессом создания исторических предпосылок для этнической консолидации единой казахской народности.

Народности, как правило, складываются на основе смешения племен и образования племенных союзов, которые, консолидируясь, становятся более сложной, внутренне более структурированной. Объективно напрашивался процесс формирования условий для дальнейшего генезиса и более тесной консолидации этнических групп, близких по языку, материальной и духовной культуре. Все эти обстоятельства создавали в Казахстане определенные условия: все больше назревала объективная необходимость государственного объединения всех племен – частей формирующейся народности. Следует подчеркнуть, что государство в жизни этноса и этнических процессах играют важную роль. Тут следует отметить их взаимную связь и взаимообусловленность.

Образование казахской государственности привело к усилению межплеменных контактов, формированию общих

экономических, социальных и других интересов. Народность как форму этноса объединяют территориально-политические связи, складывающиеся в пределах государства. Молодое государство оказалось опорой и мощью складывающейся казахской народности, которая, в свою очередь, поддерживала его во всех делах внутри страны, так и на международной арене. На основе этого взаимодействия, поощряемого молодым государством, происходило формирование казахской народности. I Процесс этногенеза казахского народа как нового этноса на завещающемся этапе шел по трем основным очагам: Джетысу и Восточный Казахстан, Южный Казахстан и города в среднем и нижнем течении Сырдарьи и регионы Центрального и Западного Казахстана. Этнополитическая ситуация не всегда складывалась благоприятно, мешали то, что племенные группы оказывались в разных государственных образованиях, политическая разобщенность отдельных, исторически складывавшихся ее частей, многочисленные большие и малые миграции и перемещения племен и т.д. Т.е. внутренние и внешние факторы, затруднявшие этническую консолидацию населения на обширной территории Казахстана.

На формирование казахской народности оказали непосредственное влияние этнополитические и межгосударственные отношения в Дешт-и Кыпчак и государства Ближнего зарубежья. В пределах казахстанско-среднеазиатского региона в конце XV – в начале XVI в. шли острое соперничество, столкновения и войны Казахского ханства с тимуридами, Мухаммед Шайбани-ханом и шайбанидами из Мавераннахра за власть в регионе и за земли и города Южного Казахстана.

Казахское ханство ускорило социально-экономические, политические и этнокультурные процессы, обусловившие завершения консолидации казахской народности. Безусловно, молодое государство – Казахское ханство имело важное значение для консолидации этноса, сохранения его целостности и дальнейшего развития. Этногенез казахского народа как новой

этносоциальной общности – результат длительного исторического этнокультурного, этнополитического развития. Очагом этого процесса явилась территория средневекового Туркестана, куда выходили все три жуза. Основные направления и формы нового этногенеза Казахского народа представляют собой следующие процессы: 1. Этническая фузия – процесс слияния нескольких ранее самостоятельных племен, родственных по языку и культуре. Племена Моголистана – могулы, дулаты, найманы и керей, конграты, меркиты, жалаиры, переселившиеся во время монгольского завоевания; 2. Этническая консолидация – внутреннее сплочение более или менее значительной части этноса – племен Дешт-и Кыпчак не только с традициями хозяйственно-политического и культурного развития, но и с этногенетическим родством, общими этнополитическими судьбами [3. с. 314]. Ак Орда и Моголистан в XIV-XV вв. сохранили основной этнический состав местных племен древнего Казахстана. На территории Южного Казахстана и Юго-Западного Жетысу издавна был стык двух главных узлов формирования казахской народности, двух этнополитических общностей древнего Казахстана – Кыпчакского союза племен в Центральном, Северном и Южном Казахстане и Усуньского союза племен Юго-Восточном Казахстане, ставших основой Среднего и Старшего жузов казахов. В ходе объединения происходило сглаживание этнических различий, имеющих между ними. К тому же здесь сложилась благоприятная ситуация: произошла концентрация переместившихся и местных племен в весьма благоприятном месте для общего этнополитического процесса. Союз части племен обоих жузов явился основой их этнополитического объединения. В состав казахского народа вошла часть тюркского населения моголов; 3. Этническая ассимиляция – Растворение некоторой части прежде самостоятельных этнических групп в подчинении правителей Ногайской орды, Моголистана и Сибирского ханства, новых монголо-татарских племен теперь уже в среде более крупного казахского этноса. В

результате распада Ногайской Орды территориально и этнически близкие восточные группы ногайских улусов (мангыты) были приняты в состав Казахского ханства, они вошли в казахский этнос в составе Младшего жуза; 4. Своеобразие этнической истории Казахстана – это формирование устойчивых этнических центров, приведших к появлению казахских Жузов. Завершилось вычленение сложившихся по составу и занимаемой территории племен казахских жузов – Старшего, Среднего и Младшего к рубежу в XV-XVI вв [4. с. 214].

Надо полагать, что обширность территории и разобщенность населения Казахстана в XIV – первой половине XV вв. в конце концов сыграла свою роль в актуализации такой особенности этнического пути формирующейся казахской народности, как образование и существование трех Жузов. Введение жузовского управления государством напоминает федеративное начало управления. Единого мнения о времени образования Жузов нет. Есть точка зрения, что Казахское ханство сложилось из трех прежде самостоятельных орд, составивших основу трех Жузов. Все же более логично считать, что Жузы – это результат издавна формировавшихся в силу естественно-географических условий и исторически складывавшихся хозяйственных связей населения. Жузами называют крупные объединения племен, принадлежавших к казахской народности, и постоянно населявших определенную часть территории страны. Жузы – это сложное явление, имеющее исторический, социальный, этнический и политический характер. Таким образом, на определенном этапе развития на исторической арене возникают и действуют три казахских Жуза: Улы Жуз (Старший, или Большой, Жуз), который занимал юго-восточную часть Казахского ханства; Орта Жуз (Средний, или Срединный, Жуз) – занимал срединную; и Киши Жуз (Младший, или Малый, Жуз) – западную часть его территории [5. с. 392]. Такой многолик и

фундаментальный этнополитический феномен проявил себя в истории и жизни нашего многострадального народа.

Формирование казахского этноса происходило не только на этнической (этногенетической), но и хозяйственной, социально-экономической, политической, культурной и религиозной основе, претерпевшей значительные изменения. Но решающую роль в формировании казахской народности сыграл важный этнополитический фактор – формирование государства Казахского ханства. Оно дало мощный импульс объединительным тенденциям в этнических процессах. В данном случае совокупность последовательных действий молодого государства обеспечила достижения в историческом, этнополитическом развитии наиболее весомого результата – ускорило завершение процесса консолидации. Объединительными этническими (этногенетическими) процессами в Казахстане явились процессы, при которых происходили возникновение общезтнической основы нового этноса, существенные изменения различных компонентов формирующегося казахского народа. Образование казахской народности характеризуют общие для населения на всей территории Казахстана черты и особенности материальной и духовной культуры. Вместе с тем возник этноним и политический статус как нового этноса. Поэтому казахская народность – это исторически сложившаяся на базе общих закономерностей этносоциальная общность людей [6. с. 271]. Она характеризуется своим языком, обладает этнической территорией, известной общностью культуры, определенным уровнем хозяйственных (экономических) связей. Благодаря своей государственности казахский народ в XIV-XV вв. окончательно утверждает свою этнонациональную самобытность. В таких случаях перечисленные факторы – сопутствующие обстоятельства становятся дополнительной детерминантой в этническом объединении и формировании этнической идентификации.

Естественно, казахская народность складывалась объективно как полнокровная самобытная общность. Это было формирование его социально, духовно, политически и физически как нового целостного этноса современного типа. В этом плане следует отметить, прежде всего роль единой географической среды – основы естественной жизнедеятельности этнической общности, всех форм ее историко-культурного развития, которая является источником жизнеобеспечения народа, необходимым условием его развития. Географическая (природная) среда оказывает существенное влияние на жизнь этноса, его культуру и быт. Территория – это пространство, с которым связано возникновение и функционирование этноса. Этническая территория – важнейший фактор групповой легитимности и статуса этноса. Разумеется, что занимаемая этносом территория среда определяет его экономическую и политическую значимость. Их связь проявляется в приспособлении будущего этноса и его хозяйственной деятельности к определенным условиям региона. Казахский народ как этнический коллектив формировался в основном на обширной территории Дешт-и Кыпчак – Ак Орды и Моголистана, на которой обитал с глубокой древности [7. с. 314]. Государственная территория не оставалась постоянной, она меняла свои очертания в зависимости внешних факторов. Южный Казахстан, города и оазисы Средней и Нижней Сырдарьи, земли Западной и Центральной частей Казахстана, регион Жетысу, а также и Северный и Восточный Казахстан явились составной частью этнической территории казахского народа. Ныне перед нашим народом, субъектом состоявшегося государства – Республики Казахстан, стоят проблемы дальнейших преобразований – модернизации нации в условиях нарастающих глобального кризиса и новых внешних вызовов. В этих условиях стержнем дальнейшей консолидации народа, укрепления его единства и стабильности служит «Мәңгілік Ел» – идейно-духовная основа нации единого будущего, общая казахстанская стратегическая цель. Самая авторитетная и

высокозначимая дорога, ведущая к Мәңгілік Ел – это «Казахстан-2050».

Литература:

1. Хобсбаум Э. Принцип этнической принадлежности и национализм в современной Европе // Нации и национализм. М., 2002. С. 332–335.
2. Подробнее на эту тему см.: Бромлей Е. Этносоциальные процессы: теория, история и современность. М., 1987. С. 14.
3. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В 5 т. – Алматы, 1997. – Т.2. – С. 291-301.
4. Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. III. – Этнографические известия, 1992. – с. 353.
5. Асфендияров С. История Казахстана с древнейших времен. – Алма-Ата, 1991. – с. 432.
6. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қаз. Ун-ті. – с. 441.
7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. – Алматы, 2010. – С.150-156

ӘОЖ 930.24

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ДЕРЕКТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маханбет С.И, Оңдасынов А.Н., Малибаев М.М.

(Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұлан Академиясы)

Қазақстан тарихында Алтын Орда тарихының зерттелуі тарихи тұрғыда кең ауқымды маңызды мәселелердің бірі болып қала береді. Моңғолдар мен түркілердің Шығыс Еуропа елдерінің саяси, әлеуметтік және мәдени дамуына қатысты баға беруі ұзақ жылдар бойы тарихи тартысты мәселелердің біріне айналды. Осы тұста Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде келесі саяси мәселелерге назар аударылды: мемлекеттің құрылымы, басқару жүйесі, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, құқық негіздері және көрші елдермен саяси-дипломатиялық қарым-қатынастары. Айта кету керек, XIII-XV ғғ. Алтын орданың империя ретіндегі тарихы отандық тарихнамада жан-

жақты зерттеліп, жүйеленбеген. Аталған мемлекет жер көлемі бойынша ортағасырлық мемлекеттердің ішінде ірісі болып табылады, оның иеліктері Азияда ғана емес, Еуропаға дейін созылды. Алтын Орданың әскери-саяси күші алыс және жақын көрші мемлекеттер үшін ұзақ уақыт бойы елеулі геосаяси фактор болып есептелінді. Алайда, осы уақытқа дейін отандық тарихнамада Алтын Орданың саяси, әлеуметтік, тұрмыстық өмірінің тарихына қатысты түрлі қарама-қайшы пікірлер орын алып келді.

Отандық тарихнамада Жошы Ұлысы тарихы туралы зерттелген көптеген еңбектер бар. Осы жылдарда тақырыпқа байланысты жаңа еңбектер де көптеп жарық көре бастады. Тәуелсіздік кезеңіндегі Жошы Ұлысы тарихнамасын екі кезеңге бөліп қарауға болады.

Бірінші кезең, 1990-2000 жылдар аралығында тарихнама. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Отан тарихының басқа өзекті мәселелерімен бірге Жошы Ұлысы тарихына деген көзқарасты өзгертуге талпыныс жасалды. Алғашқы тарихшылар легі тақырыпқа байланысты ғылыми мақалалар мен еңбектерді жариялай бастады. Сол кездегі еңбек шығарған алғашқы тарихшылардың бірі, белгілі шығыстанушы В.П. Юдин болды. Оның «Переход власти к племенным биям и неизвестной династии Тукатимуридов в Казахских степях в XIV в. (к проблеме восточных письменных источников, степной устной историографии и предыстории Казахского ханства)» [1] еңбегінің жариялануы осы тақырып бойынша отандық тарихнамаға зор серпін берді. Осы жылдарда тарихшы А.И.Исиннің «Тимур в Восточном Казахстане: план и направление похода 1389 г.»[2] атты еңбегі жарияланды. 1997 жылы М.Х. Әбусейітова «Казахстан и Центральная Азия: политические, международные и культурные связи (XV-XVII вв.)» тақырыбында докторлық диссертация қорғады [3]. Кейін М. Әбусейітова осы тақырыпты жалғастырып, ғылыми жұмысын «Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII - XVIII вв» [4]

монография етіп шығарды. Ең үлкен еңбек ретінде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының шығарған жаңа академиялық 5 томдық «Қазақстан тарихы» жинағын айтуға болады. Кітаптың 2 томында Жошы Ұлысы тарихына арналған бөлімінде құрастырушылар бұрынғы кеңестік зерттеушілердің еңбектеріне көптеп сілтеме берілгені байқалады. Бұл дегеніміз, моңғол шапқыншылығының өлкенің әлеуметтік-саяси, этникалық дамуына теріс әсер етті деген кеңестік идеологиядағы тұжырымдардың көптігіне назар аударған жөн. Айтып өтуіміз керек, бірінші кезеңде жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектерінде кеңестік тұжырымдамадан алшақтау аз болғаны байқалады. Мәселен, «Қазақ хандығы Орда Ежен ұлысының географиялық, әулеттік жағынан мұрагері болып есептеледі. Қазақтардың өздері көшпелі өзбектерден шыққан» деген пікірлер орын алды.

Екінші кезең, 2000-2020 жылдар. Алтын Орданың тарихына көзқарас өзгере бастады, халықтың ерекше қолдауымен және ғалымдардың жаңа тұжырымдарды ұсынуына байланысты тақырып мемлекеттік дәрежеге көтеріле алды. Мәселен, 2014 жылы 25 тамыз айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төрінде берген сұхбатынан кейін Жошы Ұлысы тарихының мәселесі назарға ілікті. Соған орай, зерттеушілердің қатары көбейді. Оның ішінде отандық көрнекті тарихшылар А.К. Муминов, Ж.М. Тулибаева, Т.И. Султанов, К.З. Ускенбай, А.К.Кушкумбаев, Ж.М. Сабитовтер бар [5]. Бұл кезде, жарияланған зерттеушілердің еңбектері белгілі идеологиядан тәуелсіз болуға тырысты, дерек қорларының көбейді, жан-жақты және объективті баға беруге ұмтылғаны көрінеді. Қазіргі уақытта отандық тарихшылар Қазақ хандығының Жошы Ұлысымен сабақтастығы туралы тезисті еңбектерінде келесідей негіздеді: 1) географиялық тұрғыдан алғанда Жошы Ұлысы аумағының 40% - дан астамы, Көк Орда және Ақ Орданың жартысы территориялық тұрғыдан қазіргі Қазақстанның аумағына кіреді; 2) этникалық ру-тайпалық тізімдегі Жошы

Ұлысына кірген 92 тайпадан 20-сы қазақтар құрамында өмір сүрді, қалғандары бұрынғы басқа Дешті Қыпшақ түркі халықтарының құрамында болды. Осылайша, Қазақстан тарихи, географиялық тұрғыдан да Жошы Ұлысы мұрагері болып есептеуге болады деп көзқарас орын ала бастады.

Бүгінде дереккөздердің көптігіне байланысты Алтын Орда тақырыбында зерттелген еңбектер біршама. Кеңестік кезеңде Моңғол империясының шапқыншылығының зардаптары жайлы пікірді ұстанған бір жақты көзқарастағы еңбектер де жеткілікті болды. Енді Қазақстан Республикасы ресми тәуелсіз мемлекет деп жарияланған шақтан бастап, ерте және ортағасырлардағы отандық тарихымызды баяндауға, объективті зерттеуге мүмкіндік туды. Отандық тарихнамада Алтын Орда мемлекетінің рулық тайпалық бірлестіктер мәселесі, Еуразия түркілерінің этногенез бен этникалық тарихы, моңғол дәуіріне ортақ этно-саяси тарих сияқты тақырыптар өзекті бола бастады.

Тәуелсіз Қазақстанда Алтын Орда тақырыбы тарихнамасының зерттелуі нақты түрде жолға қойыла бастады. 1990 жылдан бастап біршама зерттеушілер осы тақырыпқа белсенді түрде ғылыми жұмыстар жаза бастады. Солардың ішінде 1992 жылы жарияланған белгілі тарихшы В.П.Юдинның еңбектерін айтып кетуге болады, онда Шығыс Дешті Қыпшақ тарихының маңызды беттеріне тоқталады. Шығыстанушы ретінде шығармаларда кездесетін тарихи деректерге назар аударып, жан-жақты, толықтай зерттеді. Ғалым моңғол дәуіріне қатысты көптеген деректерді қарастырып, келесідей тұжырымға келді: «Кеңестік тарихнамадағы еңбектердің ішінде қазақ даласының тарихын хронологиялық бірегейлікпен жазылған жұмыстар жоқ» [1, 64 б.]. Қорыта келе, көптеген ғасырға созылған Жошы Ұлысы тарихын зерттеу барысында Шығыс Дешті Қыпшақ этносаяси тарихына қатысты эмпирикалық материалдарға жалпылама талдау жасалмады. Осы жылдары жарияланған еңбектердің қатарына В.Г. Кляшторный мен И.Т. Сұлтановтың «Казахстан. Летопись трех тысячелетий» жатады. Бұл кітап қазақ тарихы сақ кезеңінен бастап, Қазақ хандығының

XVIII ғасырына дейінгі тарихи оқиғалары жазылған. Еңбектің төртінші бөлімінде Алтын Орда тарихы жайлы мәліметтер кездестіруге болады. Авторлар Батый хан билігі кезінде Еуразия даласында Алтын Орда мемлекеті қуатты мемлекетке айналды деген дерек келтірді [6]. Бұл жұмыстың мақсаты ретінде ғылыми зерттеулерде орын алынған мәселелерді қарастыра отырып, осы уақытқа дейін жинақталынған дерек қорларымен ғылыми ортаны және қазақ интеллигенциясын таныстыру болып табылады. В.Г. Кляшторный мен И.Т. Султановтың пікірінше, қазақ халқы мен Орталық Азия, Еділ және Сібір аймағының туыстас халықтары тарихына қатысты біржақты тұжырымдар әлі сақтаулы қалпында қалды. Осылайша авторлар көптеген қиындықтарға қарамастан, мақсатты түрде қазақ тарихын жазуға тырысты.

1994 жылдан бастап көптомдық «Қазақстан тарихы» жазыла бастады. Соның ішінде Алтын Орда тарихына қатысты тарихи деректер кездесетін көлемді бөлімі ретінде 1997 жылы жарияланған «Қазақстан тарихы» 2-ші томын атап кеткен жөн деп санаймыз. Көптомдықтың 2 кітабын құрастырушылардың қатарында К.М. Байпақов, М.К. Қозыбаев, Б.Е.Көмеков, К.А. Пищулина сынды белді ғалымдар болды. Кітапта XIII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі кейінгі орта ғасыр дәуіріндегі Қазақстан тарихы баяндалады. Жазбаша деректер мен археологиялық ізденістер кешені негізінде Қазақ хандығының қалыптасуы мен дамуы, қазақ ұлтының қалыптасуы, этникалық аумақтың қалыптасуы, қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар мәселелері, сондай-ақ Алтын Орда тарихымен байланысы қаралды. Шығыс Дешті Қыпшақ тарихын зерттеу үшін К.А.Пищулинаның еңбектері маңызды болып келеді. Кейбір зерттеу жұмыстарының нәтижелері 5 томдық «Қазақстан тарихы» жинағында орын алды. К.А. Пищулина көптомдықта Ақ Орда және Көк Орда терминдарының шығу тарихы, Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу территориясындағы Әмір Темір соғыстары, XV ғасырдың I ширегіндегі Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу

жайлы тақырыптарды қарастырды. Ерекше назарға іліккен жұмыстардың біріне «Ақ Орданың ыдырауы» атты мақаласы болып келеді [7]. Алайда, еңбекте Алтын Орда тарихына қатысты оң көзқарасты тұжырымдардың аздығы байқалады. Тарихи деректерге сүйене отырып, авторлардың көбіне әлі де кеңестік тұжырымнан алшақтамағаны көрінеді. Себебі, моңғол шапқыншылығына қатысты пікірлер, оның қазақ этносаясатына әсері жайлы тұжырымдардың көптігін байқауға болады. Сондай-ақ, көбіне Ақ Орда тарихына айрықша назар аударылғанына көз жеткізуге болады.

1997 жылы «За пределами Великой Степи» атты А.Ш.Қадырбаевтың еңбегі жарияланды. Автордың ғылыми шығармасында Алтын Орданың әскери тарихына, соның ішінде негізгі құрамы жайлы мәселелеріне көңіл бөлінді. Ол жерде түркі және моңғол тайпаларының тарихи мағынасына назар аударып отыра жазылды [8]. Қазақстанның кеңес кезіндегі академиялық тарихында Қазақ хандығы Алтын Орданың мұрагері болып табылмайтын тұжырымдама жазылған болатын. Революцияға дейінгі ресейлік тарихшылардың көпшілігі Қазақ хандығы көптеген өлшемдер бойынша Алтын Орданың «құқықтық мұрагерлерінің» бірі болғандығын мойындаған болатын. Тәуелсіздік алғаннан кейін кеңестік тарихнамадағы тұжырымдардың өзгермеді және тіпті дами бастады. 1990-2000 жылдары жарық көрген Қазақстанның академиялық тарихында осы көзқарас толығымен көрініс тауып, сақталып қалды.

XXI ғасырдың басында бұл тақырыпқа деген қызығушылық жаңа көзқараспен жазылған зерттеулерде байқала бастады. Осы кезеңде біраз еңбек жарияланған ғалымдардың ішінде А.И. Исин, М.Х. Абусейтова, Ж.М. Тулибаев, Т. Султанов [9] сынды ғалымдардың жұмыстарын атауға болады.

2000 жылы тарихшы А. Исиннің «Тимур в Восточном Казахстане: план и направление похода 1389 г.», XIII–XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ мемлекетінің тарихи мәселелерін зерттеген еңбегі жарық көрді. Алғаш рет Ақ Орданың саяси тарихы құрылу кезеңінен бастап құлау мерзіміне

дейін зерттеліп, Әмір Темір шапқыншылық жорықтарының тарихи барысы сипатталады [2]. А.И. Исин қазіргі Ақ Орда тарихнамасының негізгі үрдістерін айқындады. Кейінгі орта ғасыр уақытының тарихи көздерімен жұмыс істейтін А.Исин авторлардың хроника жасаған әртүрлі ақпараттарына, тақырыптарды жариялаудың қалыптасқан пікірлеріне ғана емес, сонымен қатар белгілі бір оқиғалардың қасақана бұрмалануы мен үндемеуіне байланысты өзіндік ғылыми тұжырымдарымен бөлісті. Сондай-ақ белгілі бір саяси негізі бар генеалогиялық бұрмаланулар бар деп санайды.

2001 жылы З. Қинаятұлының «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX–XII ғасырлар» еңбегі жарияланды [9]. Бұл еңбектің ерекшелігі, зерттеу барысында араб-парсы деректері, Рашид ад-Дин, Марко Поло, Плано Карпинидың еңбектері кеңінен пайдаланылды. Мысалы, Батый ханның билік еткен жылдары жайлы маңызды мәліметтер келтірілген. Алайда, бұл қазақ тарихына қысқаша шолу ретінде саналады.

Осы жылы М.Х. Абусейитованың «Тарих'-и Джахангушай» Джувайни как источник по истории Казахстана» [4] жұмысы жарыққа шықты. Еңбекте автор ортағасырлық деректерді пайдалана отырып, моңғол кезеңі бойынша маңызды тұстарды аша білді. Бұл деректердің теориялық маңызы отандық деректік зерттеулерде ерекше жоғары болып табылады. Шығыс жазба деректерінен анықталынған жаңа мәліметтер Жошы Ұлысы тарихына қатысты жаңа мәліметтермен бөлісті. М.Х. Абусейитованың еңбектерінде ғылыми айналымға енгізудің маңызы жаңа мәліметтер шығыс жазба дереккөздері Жошы Ұлысы тарихының зерттелмеген жақтарын қарастыру болып табылады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген еңбектерде Алтын Орда тарихын жазуда ортағасырлық дерек көздерін жан-жақты пайдаланылғаны көрінеді. Оның басты себебі мемлекет тарапынан ұйымдастырылған 2004 жылы «Мәдени Мұра» бағдарламасымен байланысты болып келеді.

«Мәдени Мұра» бағдарламасы аясында Армения елінен келген архив құжаттарында «Алтын Орда» тарихына қатысты деректерді кездестіруге болады. Мәселен, «Из истории Вардана. Армянские источники о монголах. Извлечение из рукописей 1985 г.», «Степанян Грач. Борьба армянского народа против татаро-монгольского ига – Ереван, издательство академии наук Армянской ССР, 1990» сынды құжаттар әкелінді

Себебі, 2019 жылы Алтын Орданың құрылғанына 750 жылдық мерейтой жоспарлануымен отандық тарихнамада үлкен талқылаулар болды. Әлбетте, Еуразияның көптеген халықтары үшін Алтын Орда мен оның саяси мұрагерлері тарихта белгілі бір орынға ие болды. Тарихи деректерге сүйенсек, билік етуші қазақ хандары Алтын Орда ұрпақтары болып есептелінді, оның сол қанаты Сырдария бойындағы Сығанақ орталығы болды, қазақтардың арғы тегі сол мемлекеттің әскери билік қызметін атқарды. Шындығына келгенде, қазақ тарихы тікелей Алтын Орда тарихымен байланысты болып келеді. Сол себепті отандық зерттеушілер осы тақырып айналасуы өте орынды. Сондай-ақ, бүгінгі таңда Жошы империясы тарихын зерттеуде бірегей тұжырымдамалық парадигма жоқ. Егер кезінде біз бірегей «тарихты материалдық түсінік» негізінде қарастырсақ, қазір жаңа теориялық идеялар мен принциптердің вакуумы пайда болды.

Жалпы, қазіргі отандық тарихнамада зерттеу нысаны өркениетті – мәдени бағытқа негізделеді, себебі, Жошы Ұлысы тарихында мәдениетті зерттеу байланыстырушы тақырыптың бірі болып есептеледі. Жошы Ұлысы тарихы әрдайым тарих мамандарының, біздің елімізде, шет елде де қоғам назарындағы тақырыптардың бірі болып табылады. Қазіргі Қазақстанның символикалық ата-бабасы ретінде Жошы Ұлысын таңдау Қазақстандағы халықтың түрлі топтары үшін тиімді. Қазақстан қоғамының ұлттық-патриоттық бөлігі ретінде Жошы Ұлысы ұлттық мақтаныштың нақты негізіне айналады. Бұл ретте Қазақстанның ортағасырлық тарихының ұсынылып отырған «Қазақстан Алтын Орданың (Жошы ұлысының) мұрагері» деген

жаңа тұжырымдамасы теңдессіз бұрын болған парадигмасынан гөрі ғылыми дәрежесі жоғары. Болашақта, отандық зерттеушілердің тарапынан бұл жұмыс әлі де жалғасын табады деген үміттеміз.

Әдебиет:

1. Юдин В.П. Переход власти к племенным биям и неизвестной династии Тукатимуридов в Казахских степях в XIV в. (к проблеме восточных письменных источников, степной устной историографии и предыстории Казахского ханства) / В.П. Юдин. – Алматы: Ғылым, 1992. – 125 б.
2. Исин А. Тимур в Восточном Казахстане: план и направление похода 1389 г. // Отан тарихы. – 2000. – №1–2. – б. 124–128.
3. Абусейтова, М.Х. Казахстан и Центральная Азия: политические, международные и культурные связи (XV–XVII вв.): дис. док. ист. наук. – Алматы, 1997. – 312 б.
4. Абусейтова М.Х. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII - XVIII вв. / М.Х. Абусейтова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 325 б.
5. Муминов А.К. Золотоордынская историография: вклад и потенциал историко-биографической литературы // Золотоордынское обозрение. –2014. – № 1(3). – 79-100 б.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 378 с. Мингулов Н.Н., Пищулина К.А. Ак-Орда в XIV веке // История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). – 1997. – Т. 2. – 624 б.
7. Кадырбаев А.Ш. За пределами Великой Степи / А.Ш. Кадырбаев. – Алматы: Демеу, 1997. – 200 б.
8. Исин А. Тимур в Восточном Казахстане: план и направление похода 1389 г. // Отан тарихы. – 2000. – №1–2. – б. 124–128.
9. Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX–XII ғасырлар. – Астана: Елорда, 2001. – б. 208.

**АРХИТЕКТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ПЕТРОПАВЛОВСКА.
ТЕОРИЯ РЕСТАВРАЦИИ, МЕТОДЫ И ПРОБЛЕМЫ
ВОССТАНОВЛЕНИЯ**

Моргунова А.С., Беленкова Н.Ю., Рамазанова А.Е.
(КГУ «Первый городской общеобразовательный IT-лицей»)

Памятники культуры всегда являлись визитной карточкой, примечательной чертой того города, который посещаете. Как приятно побывать в том месте, где сохраняется история. Фраза "там есть старый город/исторический центр" всегда даст положительно-снихождительный оттенок впечатлению от поездки, а жителям города предоставляет возможность замечать в повседневных декорациях нечто новое и прекрасное. Помимо эстетической составляющей, старые здания и дома - прямое свидетельство проявления той или иной эпохи на временной ленте истории города. Видя средневековые мечети или имперские дома, отдаем отчет в том, какой период смогло застать это место. В таких постройках живет история настолько хрупкая, что если подобные здания не будут поддерживаться, может уйти и уникальное прошлое. Поэтому вопрос о сохранении памятников культуры базируется и на нравственно-духовной почве. С практической точки зрения старые постройки менее комфортабельные для каких-либо целей, нежели, скажем, новые офисы: в них не поставишь новые окна, не проведешь иную модернизацию, так как это может нарушить искомый облик здания. Добавьте к этому необходимость в периодической реставрации. Крупные и «культурные» города могут позволить тратить на это средства из бюджета. Насколько выгодно заниматься охраной памятников культуры властям небольших провинциальных городов, когда бюджетные деньги можно потратить для более важных задач по благоустройству города, к примеру, на

строительство новой школы или больницы? Цель данной работы в том, чтобы показать значимость уникального архитектурного наследия города Петропавловска и возможности областного бюджета в поддержании культурных исторических объектов.

Задачи исследования: 1) изучить вопрос развития торговых отношений на территории Северо-Казахстанской области; 2) составить предварительные сметы реставрационных работ, выбранных купеческих домов; 3) доказать экономическую эффективность предложенных смет для областного бюджета, возможность сохранения культурного наследия без «больших денег».

Гипотеза исследования: привлечение внимания властей и предпринимателей Северо-Казахстанской области к проблеме реставрации архитектурных объектов города Петропавловска будет способствовать сохранению культурного наследия малой родины.

Петропавловск хорошо подходит под характеристику «купеческого». Здесь сохранились старинные постройки, отсылающие к «купеческому» периоду. К времени, когда территория Казахстана была в составе имперской России, и на эти земли переселялось много русских, начиная с крестьян, которым предоставлялись льготы, заканчивая купцами, которые видели в этом месте перспективы развития для своих амбиций. Регион начинал преуспевать в экономическом плане. К нему все больше и больше присматривались: подключались как сами жители поселения, так и русские купцы, которые приезжали в город и создавали конкурентноспособную среду. Люди оставались в поселении и своим пребыванием создавали облик нового Петропавловска. Прибыв издалека, они привезли с собой не только желание преуспеть, но и модель провинциального города Российской империи.

В то время многие здания строились по одному и тому же шаблону: постройки составляли 2-3 этажа: на первом были организованы торговые точки (магазины), на втором-третьем размещался сам купец со своей семьей и слугами. У дома всегда

имелся внутренний дворик и 1-2 дополнительные незначительные постройки, служившие складами и офисами. Если купец-татарин, то у дома было 2 лестницы и входа: мужской и женский. Существовала даже особая «купеческая кладка», для которой применяли красный фигурный кирпич. Дома украшали металлические ажурные решетки, консоли и парапеты, иногда применяли скульптурные элементы, наподобие лепнины.

Хорошим примером здания купеческого периода является дом Княгиничевых, расположенный на главной улице современного Петропавловска. Он был построен на средства братьев Княгиничевых и функционировал в предпринимательских целях. Сами братья жили в отдельном доме. Здесь торговали москательными, аптекарскими, канцелярскими и прочими товарами, располагались лавки разных купцов. Это здание - наглядный пример исторической планировки провинциального купеческого города торгового назначения.

Другое торговое здание совсем не уступает дому братьев и соседствует с ним – дом купца Черемисинова, председателя городской управы. Он известен тем, что сумел подписать контракт с немецкой торговой маркой «Зингер и Ко». Здание легко узнать: розово-белое оформление с лепнинами, пилястрами и скульптурными головами в убранстве являет собой достойное украшение главной улицы.

Каждый петропавловец слышал о «Доме невесты». Этот дом чуть ли не самое известное здание купеческого периода с примечательным архитектурным ансамблем. Стилистически в убранстве смешались элементы позднего барокко и модерна. Симметрия композиции главного фасада придает дому строгость. Оформление дома богато: начиная с пилястр и лепнины, заканчивая «окнами-солнцами» и возвышающимся шпилем в центре. Здание привлекает не только внешним видом, но и красивой легендой, прочно поселившейся в стенах этого дома.

В новом (на тот момент) городе Петропавловске жил купец Янгуразов, как и многие, занимавшийся торговлей. В один момент возникла необходимость предпринимателя в поездке в Петербург по причине разрешения дел, касавшихся его бизнеса. Пробыв в столице некоторое время, встретил и влюбился там в красавицу. Однако девушка поставила условие своему возлюбленному: чтобы он отстроил точно такой же дом в своем городе, в котором она жила в г. Петербурге. Купец был готов исполнить её обещание и специально для этого пригласил итальянского мастера. По поводу конца сказания есть разные варианты. Согласно первой версии, свадьба так и не состоялась по причине смерти купца, а вторая гласит: свадьба сыграна, но либо они жили долго и счастливо и в процветании, либо обеднели как следствие больших трат на строительство дома. Сейчас сложно определить, как именно закончилась эта история, да и была ли она в действительности. Но когда проходишь рядом него, поглядывая на белые лепнины и желтые стены, невольно ассоциируешь это место с легендой.

Есть ещё один дом с тайной в современном Петропавловске. Бытует мнение, что одно из зданий местного краеведческого музея было построено не купцом, а купчихой Маврой Филипповной Стреловой, что подтверждают некоторые сохранившиеся документы того времени. М.Ф. Стрелова была вдовой мещанина и купеческой дочерью, открыла в городе Петропавловске первые аптекарские, парфюмерные магазины. Она также торговала железно-скобяными и москательными товарами. Её дело процветало. Она принимала участие и в благотворительной, общественной деятельности. Касательно владельца второго здания музея, коммерсанта Т.Л. Аркеля, информации практически нет. По воспоминаниям одного из петропавловцев, купец Т. Аркель начинал свое дело (портняжество) в маленьком домике на одну комнату. Спустя 20 лет сумел отстроить на главной улице большой двухэтажный дом, в котором располагались магазин готового платья, мастерская и квартира. Оба особняка довольно схожи внешне:

Г-образная форма в плане, построены из обожженного кирпича, кровельное железо на крышах, декоративная кирпичная кладка. Помимо главных зданий, в комплекс музея входят бывшие складские помещения, сейчас являющиеся фондохранилищами и библиотеками, представляя частный тип закрытой застройки. Между двумя зданиями есть въезд во внутренний двор, представленный арочными воротами с опорой на укрепленные столбы шестигранной формы. Весь комплекс зданий-памятников занимает площадь свыше 2,7 тыс. кв.м. На его примере рассмотрим процесс и потребности реставрации.

За зданиями следили во все времена, однако осознание архитектурной ценности происходит ближе к XVII - XVIII вв., когда появляются первые профессиональные школы. К середине XX в. была принята международная «Венецианская хартия по вопросам сохранения и реставрации памятников и достопримечательных мест», в которой прописывались главные цели, профессиональные стандарты и критерии реставрации. Реставрация в целом предполагает: 1) восстановление первоначального вида здания; 2) сохранение объекта в максимально возможной подлинности и неприкосновенности; 3) нахождение и согласование историко-культурных ценностей объекта.

Реставрация - комплексный вид работ, который должен быть научно обоснован. Перед началом работ проводят ряд исследований по изучению памятника, сохранившихся документов, архивов, а также архитектурно-технических изысканий. Далее создаются проекты, по которым и ведется восстановление, однако они могут меняться. Сами же работы делятся на ремонт и консервацию. Ремонтные работы проводятся для сохранения и поддержания функциональности и внешнего вида здания, не затрагивая его отличительных подлинных особенностей. Обычно это покраска стен, смена кровельных покрытий и т.п.

Сам характер реставрации можно разделить на два типа: фрагментарная и целостная. Фрагментарная реставрация

восстанавливает часть здания, оставляя временные дополнения. Целостная реставрация концентрируется на воссоздании первоначального облика во всей его полноте исполнения. Может проводиться раскрытие - процесс удаления напластований, не принадлежащих к авторскому замыслу. Если и допустимы дополнения, то они должны быть обоснованы документально, как пример Петергоф.

Реставрация – одна из немногих сфер, где правило «клиент всегда прав» не может быть применимо. Многие подобные работы проводятся только с разрешения государственных органов, так как многие объекты находятся либо под охраной региональных ведомств, либо государства.

Как проводится реставрация? Процесс реконструкции и восстановления здания начинается с составления сметы и проекта. Смета – план предстоящих расходов, нужных на осуществление какой-либо деятельности. Она создается специально для того, чтобы точно иметь представление о размерах выделяемых из бюджета средств для закупки материалов, восстановления предметов декора и др. В сопровождение к смете предоставляется проект конечного варианта внешнего облика здания. К проекту отношение тщательное, так как по его «образу и подобию» будут проводиться дальнейшие работы.

Все это необходимо не только для организации реставрации, но и для выделения средств на данный вид работ. Смета и проект по предварительной заявке предоставляются маслихату области, например, Северо-Казахстанской, на рассмотрение и от его решения зависит проводить работы или нет. Орган выделяет бюджет на реставрацию самого памятника, а складские и прочие помещения, принадлежащие архитектурному комплексу, ремонтируются за счет собственника.

Как упоминалось ранее, смета и проект корректируются во время проведения реставрационных работ. Тем не менее, вся работа движется строго по намеченному плану с целью

максимально привести вид здания в соответствие с исторической данностью. Стоит отметить, что всей реставрацией занимается строительная фирма, имеющая специальную лицензию на проведение подобных мероприятий.

В нашем случае все производимые вычисления и данные *относительны*. Нам не удалось выяснить исходных цифр для более точных результатов. На начальном этапе реставрации строительная фирма сама производит замеры здания, на основе которых составляет смету. Для настоящего проекта замеры делались эмпирическим путем.

Дальше идут работы в зависимости от поставленных целей. Нами составлены сметы на три типа реставрации на примере отдельно взятого особняка М.Ф. Стреловой комплекса Северо-Казахстанского областного историко-краеведческого музея:

№	Вид работы	Сумма (в тенге)
1	Покраска фасада здания	989 287
2	Покраска + реставрация кирпичной кладки	5 731 422
3	Покраска + реставрация кирпичной кладки + монтажные работы на кровлю и окна	12 235 580

Для расчета стоимости услуг брали необходимую квадратуру и умножали на среднюю цену за квадратный метр в городе Петропавловке. Касательно материалов, узнавали их расход на квадратный метр, умножали на нужную площадь, а затем снова умножали, но теперь на среднюю стоимость. Образец смет на все три типа реставрации выглядит имеет следующий вид.

Таким образом, осуществив предварительные расчеты понимаем, что сохранение архитектурного наследия Северо-Казахстанской области предполагает незначительные для областного бюджета суммы. Но даже если предположить, что

бюджет области имеет финансовые трудности, то данную задачу, на наш взгляд, легко решить с помощью Палаты предпринимателей Северо-Казахстанской области. Меценатство – один из современных способов сохранения культурного наследия.

Еще в древности властители прекрасно осознавали влияние монументальных сооружений на сознание людей. Своим величием памятники дают эмоциональный заряд, внушают уважение к истории страны, помогают сохранять значимое прошлое. Они призваны воспитывать в гражданах чувство гордости за предков. К примеру, пройдет совсем немного времени и не останется в живых очевидцев Великой Отечественной войны. Наличие же памятника, который рассказывает о подвиге советского солдата, позволит потомкам не забывать об этих годах. Между памятниками и обществом существует невидимая связь. Историко-культурная среда, частью которой являются памятники, оказывают влияние на формирование мировоззрения каждого жителя. Кроме этого, памятники истории и культуры являются информацией, которая нужна для прогнозирования будущих процессов. В архитектурном плане памятники помогают организовывать территорию, исполняют роль визуального центра общественного пространства. С точки зрения экономики, реставрация зданий не предполагает больших затрат для областного бюджета, что делает возможность сохранения культурного наследия более реальным. Для объективного понимания культурных и исторических процессов в обществе важно сохранять памятники, они не дают человечеству забыть о самых важных вехах истории.

МАМЛЮТКА ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Муканова Д.А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының әкімшілік орталығы болып келетін, татар ұлт-өкілдерінің бастауымен құрылған Мамлютка қаласының тарихы өте тереңде жатыр. Ол Петропавл қаласы бойынша батысқа қарай 40 км жерде орналасып, табиғат зонасы орманды дала болып келетін аймақ. XVIII ғасырда кішігірім ауыл ретінде құрылып бастаған қаланың қазіргі кезде осындай дәрежеге жететіні таң қаларлық болып табылады. Ол бірнеше даму кезендерінен өткен, ауыл дәрежесінен қала және ауданның әкімшілік орталығы болуы бұл бір жетістік. Мамлютка ауылы аудан орталығы болып 1932 жылы белгіленсе, 1940 жылы жұмысшы кенттер санатына жатқызылды. Ал 1969 жылы аудандық деңгейдегі қала мәртебесін алған болатын.

XVIII ғасырдың екінші ширегі Қазақстан жерінің солтүстік бөлігінің Ресейдің құрамына кірумен өтті. Осы уақытта патша өкіметі қарапайым халықты қанау және қысым көрсету мақсатында Ресейдің орталық және шеткі провинцияларында қатыгез саясат жүргізді, нәтижесінде жүздеген мың кедей шаруалар жерсіз қалып, аштыққа ұшыраған еді. Ал бұл жағдайды пайдаланған ірі жер иелері қарапайым халықтың жерлерін өз пайдасына қолдану мақсатында өзара бөліп алған болатын. Ауыр қысым мен қанауға орыс емес халықтар, яғни, Тюмень округінің татарлары шыдай алмай өз жерлерінен кетіп, жаңа өлке іздеуге мойынсұнады. Сол кезде татарлардың атынан бастап шыққан Тюмень округінің шаруасы Мамлют Вальгузин есімді тұлға жаңа жер мен еркіндік мақсатында сапарға аттанады.

Мавлют пен оның отбасының жолы ұзаққа созылады, алайда олар көп ұзамай кең байтақ қара жерге тап болады, бұл Солтүстік Қазақстанның тұщы сулары жайылған жерлер еді. Осы жерде қарт Мавлют болашақ татар қонысының негізін қалап, алғашқы кішігірім блиндаж (жермен жабылған тұрғын үйлер) үйлерін тұрғыза бастайды. Осылайша 1786 жылы Мавлютово ауылының негізі қаланады. Мавлютке оның үш ұлы Абубакир, Усман және Юмаш көп көмегін тигізеді. Негізгі тұщы сулары, өзен-көлдері бар жерді таңдауы, олардың балықшылықпен айналысуына негіз болады.

Мавлют бұл уақытта 61 жаста еді. Кейін ол негізін қалаған ауылға Қазан, Вахитов, Боязитов, Окунев және Ресейдің басқа жерлерінің тұрғындары өз еркілерімен қоныс аударуды бастайды. Татар ұлттары бұл жерлерде бақытты әрі бостандықта өмір сүруге үміттенеді, алайда көп ұзамай олар Ресей өлкесінен патша шенеуніктері, несие берушілер, саудагерлер мен діни қызметкерлердің қоныстанатынын аңғармайды. Алғашқы қоныс аударушылар қоныстанып үлгермей жатып, патша үкіметі жаңа жұмыс қолдарын жіберіп, елді мекенге Ресейдің ішкі провинцияларынан 100 жанды қоныстандырды, содан кейін 7 тұтқын мен 47 адамды жұмысқа қабылдау есебінен жеткізеді. Ревизия 1792 жыл бойынша 27 елді мекенді тіркейді, соның ішінде татарлардың қонысы Мавлютово да болады. Кейін бұл жерде тек 176 адамнан тұратын ер адамдар ғана тұрақтайды, яғни XVIII ғасырдың аяғында орын алған жайт еді. Ал 1905 жылға қарай ауылдық жерде 154 адам болып, ауыл тұрғындарын жалпы 200-ге жуық деп есептеген болатын.

Шалғын жерлерде мал табындары жайылып, егіс алқаптары ауылдық тұрғындарды қорекпен қамтамасыз ететіндей жағдайда болады, бірақ патша өкіметінің әсерінен адамдар өз еңбегімен тапқан нандарының тек кішкентай үлестерін ғана алып отырады.

Сонымен қатар, ауылда әйелдердің қоғамдағы рөлін түсіріп, оларға қысым жасалынып, таңдауға деген құқығы болмайды. Мысалы, олар жабайы әдет-ғұрыптарды

ұйымдастыра бастайды. Осылайша, 17 жастағы Рабиг Ямлиханова деген қызды 55 жастағы Мұхамедшин деген бай адамға үйлендіреді. Ал мұқтаждық пен қысымшылық ер адамдарды қалаға - теміржолға ақша іздеуге, бай кулактарға жұмысшы болып жалдануға мәжбүр етеді. Сондықтан олар жақсы өмір сүруден алыс болды. Әйелдер жұмысқа қабылданбады. Сонымен, теміржолда үнемі жазуы бар белгі ілулі тұрды: «Біз әйелдерді жұмысқа қабылдамаймыз». Кейін Закирья Хусаинов пен Абдула Муртазиннің жергілікті жанармай құю бекеттері қоныстанушылардың еңбегінен пайда тауып, өздерінің сәнді сарайларын қалпына келтіріп, көптеген мал табындарын іске қосты.

Солтүстік Қазақстан және Мамлютканың іргелес аудандарында ауа райы өте қолайлы және жер бедері алуан түрлі болып келді. Бұл туралы 1897 жылы 13 ақпанда Шушенское ауылына жер аударылған жас Ленин анасы Мария Александровна «Мен жаңа ғана жүріп өткен Батыс Сібір жолының айналасы таңқаларлық монотонды. Жаланап, саңырау дала, қар мен аспан - осылай үш күн бойы болды» деп айтып кеткен болатын [3]. Ал Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Дюгамель өзінің баяндамасында Санкт-Петербургке оқиғаны былай хабарлаған болатын: «Мен бірнеше рет дала бойымен жүріп өттім және ең қолайлы жағдайлар мен сәнді жайылымдар кездесетін жерлерде бұл дала егіншілікке жарамайды және әрқашан тек көшпелі тұтқындармен қоныстанады деп ойлаймын» деген [3]. Сонда екі тұлғаның айтқан пікірлері ұқсас болып келеді.

1917 жылғы Қазан төңкерісі біздің өлкеміздің тарихына жаңа бет ашты. Қазан Мамлюткаға жаңа өмір әкелді. Ауыл кеңейе бастады және көп ұзамай құрылысы 1896 жылы басталған жергілікті теміржолдағы құрылыстарға қосылды.

Ленин көшесінде №70 үйде кент негізін қалаушының немересі және осы жерде ұйымдастырылған «Қызыл байрақ» ауыл шаруашылығы артелінің бірінші төрағасы Мурадым Мамлютов тұрды. Ол қызықты естеліктер қалдырды:

«Станцияның жанында, қазіргі Ленин мен Победа көшелерінің шекарасында орыстар тұратын 40-қа жуық аула болды. Содан кейін – екі көшесі бар 100-120 аула татар ауылы орналасқан. Орыс ауылында да, татар ауылында да жер-үйлер болды. Жақсы үйлерде ең ауқатты отбасылар тұрды – олар Мазуровтар, Варшава, Слынько, ал ауылда - Абдугазиндер мен Мамлютовтар үйлері орналасты. Екі ауылдың арасында қайың тоғайы мен тальникке толы батпақ болды. Азаматтық соғыс кезінде тоғай жойылды, ал 1935-1937 жылдары батпақта шымтезек жұмыстары жүргізілді» [3].

Транссібір магистралі, Петропавл станциясы арқылы күн сайын Қиыр Шығысқа қарай жақсы қаруланған Чехословакия әскерлерінің пойыздары жүрді. Омбыға қарай олар қарусызданбай, кедергісіз өткізілді. Чехтерді қарусыздануға мәжбүрлейтін ешкім болмады. Жергілікті қарулы күштер аз, әлсіз қаруланған және нашар дайындалған қызыл гвардия отрядтарын құрады. Олардың жауынгерлік қабілеті өте төмен болды. Сондықтан Чехословак тарапынан Кеңес өкіметінің қаупі арта бастады және 1918 жылы Петропавлда әскери төңкеріс болды. Көтерілісшілер басып алған Солтүстік Қазақстанда ақ гвардияшылар революцияға дейінгі ескі тәртіпті қалпына келтірді. Қазан төңкерісі барысында Омбы ақ гвардияның астанасы, ал Петропавл – оның әскери казармасы болды. Кеңес өкіметі мұнда бірнеше ай ғана өмір сүрді және әлі де күшеймеген еді.

Ақ армияға жұмылдыру халықтың наразылығын тудыра түседі. Жұмысшылар мен шаруалар соғыстың бөтен мақсаттарын қабылдамады және ақ армия қатарына қосылуға қарсы болды. Жұмылдыру оңай болған жоқ. Жұмылдырылғандардың жаппай панасы болды, ал шақырылғандардың арасында қашқындар да болды. Бұған жауап ретінде үкімет жазалаушы отрядтар құра бастады.

Кедей халық бақытсыз болды. Өзінің әлеуметтік табиғаты бойынша ол қызыл да, ақ та «аспан маннасына» үміттенбеді. Орта деңгейдегі адам да наразы болды. Ақ билік

одан 7 теріні алып тастады: әскерге шақырылушылар, жылқылар, нан, мал, ет, салықтар, алымдар мен міндеттер. Көптеген кулактар да наразы болды, себебі көптеген алымдар оларды айналып өтпеді. Ауылдардағы жағдай күрт шиеленісе түсті және ауыл тұрғындары күреске тартыла бастады. Мамлют жерінде Щучьеде қатты толқулар орын алды. Колчаковтың артқы жағы барған сайын сенімсіз бола бастады.

1919 жылдың ыстық тамызы келгенде, шаруалардың азабы басталды. Ауылдарда, оның ішінде Мамлютқада да жартылай сыбырлап, қызылдар ақтарды ұрып жатыр деген қауесет еркін тарады. Осыны естіген Колчак барлығын тексеруге өзі аттанды, қызылдар шынымен де жүрген еді. Қызыл Армияның Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстанның бір бөлігін азат ету жөніндегі шайқас қимылдары Петропавл операциясы атымен азаматтық соғыс тарихына енді. Ол 1919 жылдың 20 тамызы мен 3 қарашасы аралығында өтті. Операцияның орындаушысы қызыл әскерлердің дарынды қолбасшысы М.Н. Тухачевский басқарған 5-ші армия болды.

Мамлютқа ауылының жекелеген көрнекті адамдарының өмір тарихы осы тарихи оқиғамен байланысты болып келеді. Олар бірнеше беттерде ғана ұсынылады. Бірақ бұл беттер қатты томдарға қарағанда әлдеқайда қымбат, өйткені мұндай адамдардың өмірі болашақ үшін маңызды болды.

Шаймерден Бектұрғанов. Мамлютқа ауылында қызмет етіп, көркейтуге қатысқан тұлғалардың бірі Шаймерден Бектұрғанов болды. Ол 1896 жылы 1 қыркүйекте Мамлютқа ауылында теміржолшының отбасында дүниеге келген. Сол кездегі Мамлюттегі ең ғалым адам тек жергілікті молда болды, сондықтан Шаймерден болыс орталығының бастауыш мектебіне – Белое ауылына оқуға түсті. Кейін 1915 жылы Шаймерден әскери қызметке шақырылды. 1917 жылғы идеялармен шабыттанған Шаймерден большевик майданынан оралды. Жауынгерлермен әңгімелесуде ол жаңа өмір келгенін, ол үшін күресу және қорғау керек екенін айтады. 1918 жылдың күзінде билік оны тұтқындап, Есіл уездік қаласына түрмеге жіберді.

1919 жылы сәуірде Шаймерден қашып үлгеріп, қызылдар келгенге дейін Петропавл маңында ақ гвардияшылардың жазалаушы топтарына шабуыл жасаған партизандар отрядында соғысады.

Кеңес өкіметі қалпына келтірілгеннен кейін Мамлютка тұрғындары оны ауылдық Кеңестің төрағасы етіп сайлайды. 1920 жылы Ш. Бектұрғанов Ишимский УКОМ большевиктер партиясына қабылданып, оның бастамасы бойынша Мамлюткада 7 адамнан тұратын ұяшық, уездегі алғашқы ауылдық партиялық ұяшықтардың бірі ұйымдастырылады. Кейін жас коммунистер оны хатшы етіп сайлайды.

Коммунистер мен Солтүстік Қазақстанның барлық жұмысшылары үшін күрделі сынақ кезеңі 1921 жылдың қыс айынан бастау алып, Батыс Сібірдің Социалистік революционерлері ұйымдастырған бүлікке жалғасады. Бектұрғанов осы жылы көтерілісті басуға қатысқан ауылдық партиялықтардың коммунистік отрядын ұйымдастырады.

Партячка хатшысы қызметін жалғастыра отырып, Бектұрғанов Петропавлдағы партияның болыстық комитеттері хатшыларының курстарында оқиды. Осы білімін ол 20-шы жылдары ауылдарды кеңестендіру жүріп жатқан кезеңде қолданады. Кеңестерді бөтен элементтерден тазарту қажет болғандықтан, ол кеңестердің жұмысын, олардың қажеттіліктерін жақсы біліп, үлкен көмегін тигізеді.

Бектұрғанов партия жұмысында партия кадрларын даярлауға ерекше көңіл бөледі. Адамдармен тығыз қарым-қатынаста ол коммунистердің жеке қабілеттерін зерттеп, кеңестік, экономикалық, кәсіподақ органдарына жетіспейтін кадрларды тандап, олардың аппараттарын адал адамдармен нығайтқан болатын. Көп ұзамай Бектұрғанов жаңа лауазымға тағайындалады – Шымкенттегі Сырдария губкомының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып, содан кейін партия Қазрайкомының инструкторы болып, Адаевский және кейін Қарқаралы аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы қызметін атқарады. Ш. Бектұрғановтың Петропавлда

жұмыс істеген кездегі қасиеттері оның болашақта адамдармен жұмыс жасаудың сипаттамасына айналды.

Оның өмірі 1938 жылы қайғылы түрде аяқталады, яғни ол жала жабу мен заңсыздықтың құрбаны болады. Бектұрғановпен бірге әйелі, жақын әрі адал досы және көмекшісі қайтыс болады. Қазіргі кезде Мамлютка қаласындағы көшеге Бектұрғановтың есімі берілген.

Медицина саласы. 1917 жылға дейін Мамлют ауданының аумағында (қазіргі шекарада) медициналық мекемелер болған жоқ. Сол себепті Мамлютка мен оның жанындағы ауылдардың тұрғындары емшілерге, сыбырлаушылар мен попаларға жүгінуге мәжбүр болған. Олар өз нұсқаулары мен кеңестерін беріп, барынша көмек қолын созған болатын. Мысалы, Покровка ауылында қарт Севостьян Сербин өмір сүрген. Оған ауру адамдар көмек алуға үміттеніп, тіпті басқа ауылдардан да келген болатын. Басқа қызмет көрсететін жер болмады. Ең тиімді жағдайда Петропавлға медициналық көмекке жүгінуге болатын еді.

«1929 жылы Мамлюткада Жеңіс көшесінде Денсаулық сақтау пункті ашылды, онда науқастарды қабылдауды бір ғана медицина қызметкері - фельдшер Денисенко жүргізді» - деп еске алады Н.П.Кашеев [3]. Сол жылы дәріхана ашылған. Дәл сол кезде Мамлютка аудан орталығы Петропавл қаласында орналасқан Еңбек ауданына кірген еді.

«Аурухана 1933 жылы Мамлюткада ашылды деп, аурухана құрылған күннен бастап сол жерде жұмыс істеген бұрынғы санитар Анастасия Ефимовна Чекулаева есіне алады, алғашқы науқас сабанға қойылды. Кейінірек сабан төсеніштері бар 5 топчан жеткізілді. Бастапқыда ауруханада тек бір акушерка мен бір медбике жұмыс істеді. Аурухана қазір полиция орналасқан жерде орналасқан үйдің бір бөлмесіне орналастырылды» [3].

Аурухана көлемі 1938 жылға қарай кеңейіп, Гагарин көшесінде 25 төсектік екі ағаш бөлмеде орналасқан болатын. Бір бөлме стационар болып, онда 3 палата орналасқан – екеуі

ересектер мен балаларға арналған жалпы терапия болса, үшіншісі – перзентхана болатын. Екінші бөлмеде инфекциялық бөлім жұмыс істеді. 1940 жылға қарай науқастарға 2 дәрігер қызмет көрсетіп, жедел жәрдем қызметі бөлінді. Осы жылы санитарлық-эпидемиологиялық станция ашылды.

Бастауыш мектеп ғимараты 1922 жылы вокзал маңындағы аялдама теміржол шпалдарынан салынды. Онда татарлар мен орыстардың балалары білім алды. Мектепті өте тәжірибелі педагог және өз ісінің маманы Александр Михайлович Семухин басқарды. Содан кейін ол Мамлюткадан Мәскеуге кетті.

1924 жылы Мамлюткада пионер ұйымы құрылып, оны ауданның алғашқы комсомолдарының бірі – мұғалім Марфа Федоровна Алексеенко басқарған еді. 1926 жылы татар ауылында жаңа мектеп ғимараты салына бастайды. Қазіргі кезде бұл ғимарат барлық жағынан үйлермен қоршалған, ал бұрын ол үйден 500-1000 метр қашықтықта жалғыз тұрған болатын. Мектеп өте ақылды адам мен тамаша педагог Әміровтың бастамасымен салынды. Кейінірек бұл ғимаратта шаруа жастарының жеті жылдық мектебі ашылып, ұзақ жылдар бойы бұл ғимаратта аудандық білім бөлімі қызмет атқарды.

Халықтық білім. Білім деңгейі басқа ауылдық жерлерден кем деңгейде болмады. Орта мектептер жұмыс істеді. Мамлют орта мектебі Мамлют орта сегіз жылдық мектебі болып 1936 жылы өзгертілді. Мектеп директоры болып Е.И.Десятков тағайындалды. Мектепте 600 оқушы білім алды. 1937 жылы мектеп алаңы кеңейіп, 6 сынып, 1938 жылы 2 ғимарат қосылған болатын. 2 оқу жылында оқушылар саны арта түсті.

1941-45 жылдары, яғни соғыс жылдарында мектеп директоры Н.Н.Кузнецова болды. Ал 1946-1973 жылдары мектеп директоры Никита Матвеевич Семенов болып тағайындалған. Осы жылдарда мектеп ұжымы оқу-тәрбие процесінде жоғары нәтижелерге қол жеткізді, бұл мектепке қызмет еткен тұлғалардың еңбегі.

Сонымен қатар, мектепте жұмыс атқаруымен бірге, мұғалімдер әр түрлі салаларда өздерінің өнерлерін көрсеткен болатын, әсіресе спорттық жақтан болды. 1947 жылы республикалық ату жарыстарына қатысқаны үшін және I орын алғаны үшін мұғалім қыздар командасына 600 рубль сомасында I республикалық сыйлық берілді, ғылымдардағы жетістіктері және жалпы мектеп өміріне белсенді қатысқаны үшін Н. Игумновқа күміс медаль берілді. Мұғалімдермен қатар, оқушылар да марапатталып отырған. 1958 жылы Скопина Нинаға үздік оқуы мен үлгілі мінез-құлқы үшін алтын медаль, Белан Глебке күміс медаль берілді. Мінсіз жұмысы үшін мектеп педагогтары марапатталған болатын. «Ерен еңбегі үшін» медалімен Моисеева Александра Дмитриевна, яғни география пәнінің мұғалімі марапатталып және 1967 жылы КСРО Халық шаруашылығының жетістіктері көрмесінің қатысушысы болды.

Оқушылардың, ата-аналардың және мектептің педагогикалық ұжымының жалпы жиналысының өтініші бойынша еңбекшілер депутаттары аудандық кеңесінің пленумы Мамлют орта мектебіне А.М. Горький есімін берді.

Кітапхананың ашылуы Н. К. Крупская есімімен байланысты болды. 1925 жылы оның бастамасымен Мамлютка ауылының оқу үйіне 200 дана кітап пен 15 плакат жіберілді. Бұл кітап қорын толықтырудың бастамасы болып саналды. Бірінші жылы оқырмандар да, кітаптар да аз болды. 1929 жылға қарай Петропавл округінде бір кітап 18 адамға тиесілі болды, алайда адамдар білімге қол жеткізу үшін, оларға көптеген сұрақтарға жауап қажет болды, сондықтан кітаптары бар көптеген ауыл тұрғындары оларды жалпыға ортақ пайдалану үшін оқу үйіне апарып отырды.

1934 жылы кітапханада бір қызметкер жұмыс істеді және жалпы 500 кітап болды, оның 200-і балаларға арналған еді. Оқырмандар саны – барлығы 22 (статистика деректері) адамды құрады.

Кітапхана өз қызметінің алғашқы кезеңдерінен бастап аудан жұмысшыларының саяси және мәдени ағарту мәселелерін

пешуге көмектесіп отырды. Оқырмандар мен әңгімешілер үйірмелері, кітапхана үйірмелері ұйымдастырылды. Бұл халық арасында кітаптарды насихаттауға, шаруашылық құрылыс мәселелерін түсіндіруге, жергілікті халықтың сауатсыздығын жоюға қатысуға көмектесті.

Тіпті тұрақты оқырмандарына арнап іс-шаралар өткізіліп отырды. Солардың бірі 1969 жылы, Н. К. Крупскаяның туғанына 100 жыл толуына орай, Мамлют аудандық мәдениет бөлімінің кеңесінде Н.К.Крупскаяны аудандық кітапхананың тұрақты оқырманы деп санап, оның атына №1 оқырман формулярын жазып, оны үнемі есте сақтау туралы шешім қабылданды.

Жылдар өткен сайын ауданда кітапханалар мен оқу-үй желісі өсті. 1940 жылға қарай әр елді мекеннің өз жеке кітапханасы болды, 1946 жылдың соңына дейін оларды халыққа білім беру бөлімі басқарды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында оқу үйлері қызмет түрлерін өзгертіп, халықты Совинформбюроның қысқаша мазмұнымен таныстырды, газеттердегі мақалаларды талқылап, мәнерлеп оқулар жүргізілді, ауылшаруашылық жұмыстарына қатысты, жұмысшыларға жаңа өндірістік кәсіптерді игеруге көмектесті (сол кезде Петропавл қаласының Ленин атындағы машина-трактор шеберханасы мен құю-механикалық зауытының базасында 1942 жылы Мамлютте «Мамлют жөндеу-механикалық зауыты» жұмыс істей бастады). Содан кейін оқу бөлмелері жаңа кітаптармен толықтырылмады.

Соғыстан кейінгі жылдары, яғни 1946 жылдан бастап республикада білім саласына, кітапханаларды дамытуға және оларды кітаптармен толтыруға ерекше назар аударыла бастады. Арнайы үй-жай мен 1000 дана кітап қоры болған кезде жаңа кітапханалар ашылып отырды, бұл білім саласының дамуында үлкен рөл атқарды.

1959 жылы аудандық кітапханада оқу залы ашылды, онда энциклопедиялық, анықтамалық сипаттағы кітаптар, ғылыми және көркем жағынан ең құнды әдебиеттер жинақталды. Соғыс жылдарында бұзылған кітапханаларды кітаппен қамтамасыз ету

біртіндеп жолға қойылды. 1948 жылдан бастап кітапханаларды әдебиеттермен толықтыру орталықтан, негізінен бибколлекторлар мен кітап дүкендері арқылы жүзеге асырылды.

Өзінің өмір сүру кезеңінде орталық аудандық кітапхана орналасқан жерін бірнеше рет өзгерткен еді. 1988 жылы жаңа ғимарат (Ударная көшесі, 47), қазіргі Ғ.Мүсірепов көшесі салынды, онда аудандық кітапхананың барлық бөлімдері орналасты. 1998 жылы кітапхана ғимараты өртеніп кетті және кітап қорының жартысынан көбі өртте қалып, жоқ болды.

Жалпы 80-ші және 90-шы жылдардың басында Мамлют ауданының 43 елді мекенінде 38 мемлекеттік кітапхана, 3 кәсіподақ, 2 ведомстволық кітапхана, 28 мектеп кітапханасы жұмыс істеді, олардың жалпы кітап қоры 3 000 000 данадан асты және жалпы оқырмандар саны 16 000-нан астам адамды құрады. Тек екі аудандық кітапхана жыл сайын 4000-нан астам адамға қызмет көрсетіп отырды.

1977 жылы ауданда, бүкіл елдегідей, кітапханалар орталықтандырылды. Барлық кітапханалар бірыңғай кітап қорымен, қызметкерлердің бірыңғай штатымен бірыңғай кітапхана желісіне біріктірілді. Орталықтандырылғанға дейін аудандық кітапханада кітапхана меңгерушісі Петрова Мария Васильевна бастаған 3, содан кейін 4 адам жұмыс істеді. Кітапханаларды біріктіргеннен кейін ол Мамлют орталықтандырылған кітапхана жүйесінің бірінші директоры болды. Абонемент пен оқу залынан басқа кітапханада жаңа бөлімдер пайда болды: бірыңғай кітап қорын пайдалану бөлімі, жинақтау және өңдеу бөлімі, сонымен қатар әдістемелік-библиографиялық бөлімі болды. Орталық кітапхананың штаты сол кезде 16 адамнан тұрды. Бұл 1994 жылға дейін жұмыс істеді, сол кезде елде экономикалық реформа кітапханаларды қаржыландыруға жағдайы жетпеді. Ауылда 7 кітапхана жабылып, орталық аудандық кітапханада штат айтарлықтай қысқара түсті. Сондай-ақ, кітапханалар кіші орта мектептерде жабыла бастап, 12 кітапхана толық емес жұмыс күніне ауыстырылды.

Пошта қызметі. Мамлютқада 1923 жылдан бастап пошта бөлімшесі ұйымдастырылды. Олардың қызметтері ауылдарға жеткізілді және аудан ұйымымен бөлімше байланыс торабы деп атала бастады. Бірінші басшысы болып В.В.Степанов тағайындалды. Ол мемлекеттік қаражатқа байланыс торабының ғимараты үшін ауқатты шаруа П.А.Русаковичевтен үш бөлмелі үй сатып алып, кейін, байланыс торабының тағы бір бастығы И.Е.Абраменкоға Ленин мен Победа көшелерінің қиылысында үлкен ағаш бөлме салуды бұйырды. Осы кезде телеграф әлі болмаған еді, сол себепті жеделхаттар Петропавл қаласынан телефон арқылы қабылданып, беріліп отырды.

Радионың бірінші нүктесі Мамлют құрылыс алаңында орнатылды. Мұнда Мамлютқа тұрғындарының барлығы дерлік, тіпті Воскресеновка және Покровка ауылдарынан хабарларды тыңдауға барды. Көп ұзамай Мамлютқада радио түйіні ұйымдастырылды. Бірінші жабдық гальваникалық элементтерде жұмыс істеді. Кейінірек радио торабы МТС электр станциясынан электр энергиясын ала бастады. Алғашқы басшысы Семенов болды.

Тың игерудің басталуы кішкентай Мамлютканың өмірін дүрліктіре түсті. Байланыс торабы мұндай үлкен пошта ағынын қабылдауға және жіберуге дайын болмады. Пошта вагондарында айырбастау өте қиын болды, кейде олар Кондратовкаға дейін жүріп, пойыздарды күтті.

Көптеген тұлғалар осы салада қызмет етті. 1947 жылдан бастап П.А.Белов Мамлют асыл тұқымды зауытының байланыс бөлімінде жұмыс істей бастады. Ал И.С.Хвостов тың жылдары Благовещенск байланыс торабының бастығы болып жұмыс істеді. Көптеген жылдар бойы байланыс торабында Ф.Г.Бочек жұмыс істеді. Ұжым П.С.Зябликовты, Т.М.Юринаны, О.Д.Журбені, В.Шаповалованы, Д.Новоселовты, М.А.Котлярованы және басқа да көптеген адамдарды еске алады, олардың асыл еңбегін ел мен халық бағалайды.

Теміржол құрылысы. Құрылысшылар 1982 жылы мамырда Челябинск – Омбы учаскесінде жұмыс істей бастады.

Челябинскіден қорғанға дейінгі жол 1893 жылы, ал 1894 жылы Омбыға дейін салынған.

Алғашқы жүк пойызы 11 шілдеде Петропавл станциясына келді. Пойыз алжапқышта дұға етіп қарсы алынды. Қорғаннан Петропавлға дейінгі қашықтық пойыз тәулігіне 20 миль жылдамдықпен жүрді. Сол жылы, 24 тамызда, Қорғаннан Петропавлға дейін алғашқы сынақ жолаушылар пойызы келді, оны үрмелі аспаптар оркестрі қарсы алды.

Мамлютка станциясы ұзақ уақыт бойы шағын жол болды. Әдетте жолаушылар мен пошта-багаж пойыздары мұнда тоқтамады. Егер хат болса, оны тасқа байлап, терезеге лақтырды.

1933 жылы Мамлютка арқылы екінші жолды салу басталды. Барлық жұмыстар қолмен жасалды, бірақ жұмыс істегісі келетіндер көп болды. 1932 және 1933 жылдар өнімсіз болып, адамдар аштыққа ұшырады, ал бұл жұмыстар жақсы төленді және сол жерде көп тамақтандырылды.

Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Мамлютка арқылы күніне алты жұп пойыз өтті. Олардың саны үнемі өсіп отырды. Сонымен қатар жүк көтергіштігі де өсті. 1959 жылы Түркісіб магистралінің соңғы буыны - Исилькуль–Макушино теміржол учаскесін электрлендіру жұмыстары басталды, ал 1966 жылы локомотивтердің қозғалысы отыннан электрге өтті.

Елдің теміржолдары барлық өндіріс салаларындағы сияқты экономикалық қайта құрулармен байланысты көптеген қиындықтарға тап болады. Жұмысшылар саны азайғанымен, жұмыс көлемі азайған жоқ. Теміржол көлігі қызметкерлерінің негізгі міндеті – жүктерді, багажды, жолаушыларды тасымалдау, қозғалыс қауіпсіздігін, жүктердің сақталуын қамтамасыз ету қажеттіліктерін орындау болды. А.Н.Пережигин, В.В.Алехин, Л.А.Андреева, В.А.Мазур сияқты тұлғалардың өз өмірін теміржолмен мәңгі байланыстырғандардың жоғары кәсібилігі, білімі мен тәжірибесі үлкен жетістіктер екендігін атап өту керек.

Соғыс жылдарында біздің ауданда мемлекеттік қамтамасыз ету бөлімі аудандық атқару комитеті жанынан

құрылды, оның жұмысын П. Н. Марчук басқарды. Зейнетақы мәселелерінен басқа бөлім эвакуацияланғандарды қабылдаумен және орналастырумен айналысты. Ол 1946 жылдың қазан айынан бастап ұйымдастырылды және 1997 жылға дейін болды. Оны М.И.Понамарев басқарған райс деп атауға дағдыланған. Соңғы жылдары бірқатар басшылар ауыстырылды: олардың ішінде В.Д.Ковшов, Е.А.Мартяшева, В.Е.Мелехин болды. Қазір бұл аудандық еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі болып табылады.

Біздің аудандағы мұрағат ісінің бастапқы нүктесі 1972 жыл болды. Ауданымыздың тарихын баяндайтын құжаттарды жинау бойынша көп жылдық жұмыстың нәтижесінде ең бай мұрағат қоры жиналды, оның құрамына қағаз негізіндегі 50 мыңнан астам сақтау бірлігі кіреді. Қорларда Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттілікті нығайту және дамыту, экономикалық мәселелерді шешу жөніндегі жұмысы көрсетілген.

Деректі байлық жылдан жылға артып келеді. Жыл сайын жүздеген істер ауданның әртүрлі ұйымдарынан, кәсіпорындарынан келеді. Құжаттардың үлкен теңізінен мұрағатшылар ең маңызды тарихи материалдарды ғана таңдайды, басты міндет – болашақ ұрпақ үшін өткен және қазіргі құнды құжаттарды сақтау болып табылады.

Мұрағаттың бірінші директоры – О.П.Коневец, ол осы жауапты істе көп жұмыс жасады. Сонымен қатар, отыз жылдық еңбек еткені үшін Л.Н.Луканинге алғыс айту керек.

Сондай-ақ, алғашқы қаладағы өрт ұйымдары 60-шы жылдары құрыла бастады. Машзаводта бөлімшені Тимохин, ал элеваторда Инюхин басқарды. Олардың әрқайсысында өрт сөндіру машиналары болды. Олар халыққа өртті сөндіруге көмектесті. Тек 1959 жылы ауданда өрт сөндіру бөлімі ұйымдастырылды, оны сол кезде Ю.А.Ваулин мен Е.Т.Светченко басқарды. Алғашқы жүргізушілер Н.Веков, С.Серікпаев, Ш.Жұмағұлов, С.Иксанов болды. Өрт сөндірушілердің алғашқы есепшісі М.П.Куминова болды.

1998 жылға дейін қаланың өрт сөндіру бөлімі кәсіби деп аталды және 1998 жылдың желтоқсанынан бастап әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімі болып өзгертілді. Сондай - ақ, жеке құрамда өзгерістер болды – жас кадрлар қабылданды.

Мамлют ауданының прокуратурасын құру Солтүстік Қазақстан прокуратурасының тарихымен байланысты. 1932 жылы 10 наурызда Қарағанды облыстық прокуратурасы құрылды, оған 22 аудандық және 3 қалалық прокуратура, оның ішінде 1932 жылы – Мамлют ауданының құрылған жылы құрылған Мамлют аудандық прокуратурасы да бағынышты болды. Онда штаттық кесте бойынша 10 адам жұмыс істеді. Бірінші прокурорлар: К.А.Изотов, Г.М.Ломоносов, А.П.Попов, М.Х.Латышов және басқалар болды. 1947-1957 жылдары әйел прокурор болып жұмыс істеді – ол М.И.Короткова еді.

1932 жылдың ақпан айынан бастап Қарағанды облысының құрылуымен Мамлют ауданы оның құрамына кірді. Мамлют аудандық білім бөлімі Қарағанды халыққа білім беру бөлімінің қарамағында болды. Кейін 1936 жылы маусымда Мамлют ауданы Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірді. Басқарушысы Куренной Николай Николаевич болды. 1932 жылдың басында ауданда білім алушылар саны 5384 адам болатын 31 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді: қазақ тілінде оқытатын – 5 мектеп; орыс тілінде – 74 мектеп; татар – 1 мектеп; неміс тілімен – 1 мектеп.

Мектептерде 131 педагог жұмыс істеді. Колхоз жастарының үш мектебінде 216 адам оқыды және 10 педагог жұмыс жүргізді. Сонымен қатар, 637 адам қамтылған сауатсыз 45 мектеп, 44 оқытушы, 748 адам оқитын сауатсыз 43 мектеп және 47 оқытушы жұмыс істеді.

Аудандағы Архангелка ауылында 1 балалар үйі жұмыс істеді, онда 600 адам тәрбиеленді, оның ішінде мектеп жасындағы балалар 408 адам, 26 педагог және 45 қызметкер жұмыс істеді.

1932 жылы 1 ақпанда Мамлют ауданы құрылды. Ол Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігінде

орналасқан. Аудан ауылшаруашылық саласымен жақсы айналысты. 1934 жылы Мамлют ауданының аумағында 8 мың шаруа қожалығы болды, оның 6 мыңы колхоздармен қамтылды. 1933 жылы алғаш рет екі мың гектардан астам аумақта тракторлармен, сепкіштермен дәнді дақылдар егілді.

Мамлют ауданының құрылуымен аудандық «Красное знамя» газеті де құрылды. Бірінші нөмір 1932 жылы жарық көрді, ал 1933 жылдан бастап біздің ауданда «Еңбек туы» газеті жарық көрді. Ұзақ уақыт бойы оның редакторы В.И.Казанцев болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 25.06.69 ж. жарлығымен Мамлютқа аудандық бағыныстағы қалалар санатына жатқызылды.

70-80 жылдар халық шаруашылығының барлық салаларында қарқынды даму жылдары болды. Қаламыз әйгілі кәсіпорындардың бірі – 1975 жылы салынған бұрынғы элеватордың орнына құрылған «Мамлют ұн тарту комбинаты» белгілі болды. 80-жылдардың басында Мамлютте жұмыс істейтін элеватордың сыйымдылығы кеңейді. Қазір біздің қалада соңғы сөзбен жабдықталған алып элеватор бар, онда астықты қабылдап, өңдеп, сақтап қана қоймай, оны республикада да, әлемнің басқа елдерінде де сұранысқа ие барлық сортты ұнға ұнтақтайды. Элеваторға түсетін барлық нан өңделеді. Астықтың бір бөлігін тапсырыс берушілер алады, бір бөлігі мелькомбинатқа барады. Бұл негізінен Golden grain корпорациясының астығы. Қазіргі уақытта кәсіпорын 118,9 мың тонна астықты өңдеуге және сақтауға арналған заманауи жабдықтармен және 26,5 мың тонна астықты орналастыруға қабілетті қойма сыйымдылығымен қамтамасыз етілген екі элеваторға ие.

1999 жылы элеваторға іргелес аумақта өнімділігі тәулігіне 250 тонна ұн өндіретін, заманауи диірмен өндіретін және экологиялық таза жабдықты өндіруші швейцариялық «Бюлер» фирмасының технологиялық жабдықтарымен жарақтандырылған мелькомбинат пайдалануға берілді.

Мелкомбинат автоматты режимде жұмыс істейді, 3 бөлімнен тұрады: астық тазалау, ұнтақтау және шұңқыр. Ұнның жоғары сапасы үшін комбинат өнімін ұсынатын «Голден грейн групп» агроөнеркәсіптік корпорациясы «Милениум-Пати» ресми жеткізушісі» медалімен дипломмен марапатталды. Кәсіпорын өз өнімдерін Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне жеткізеді. Жапондық «Иточи Корпорейшен» фирмасымен ұн жеткізуге келісімшарт жасалды. Комбинатқа Испанияның астанасы - Мадрид қаласындағы «Еуропа арнасы» халықаралық кемелдік пен сапа белгісі берілді.

1977 жылы сәуірде «Севэлеватормельстрой» тресінің басшылығы мен облыстық астық өнімдері басқармасының бастамасымен астықты қайта өңдеу бойынша еңбек жағдайларын жақсарту және элеваторлық сыйымдылықтарды ұлғайту үшін ПДСП-5 құрылды. 1977 жылдан 1981 жылға дейін 86 000 тоннаға арналған элеваторлық сыйымдылықтар, жинақ кассасы, «Покровский» совхозындағы мал шаруашылығы үй-жайы, 2 175 шаршы метр тұрғын үй қоры салынды және пайдалануға берілді.

1970 жылдары Мамлют Машзауыты ірі қара малды қорада ұстауға арналған жабдықтар өндірісіне көшті. Кейінірек зауытты қайта құру жүргізілді, жаңа алаңдар ұлғайтылды, жаңа цехтар енгізілді. 1975 жылдан бастап зауытта медициналық пункт, асхана, Мәдениет үйі, кітапхана, балабақша жұмыс істей бастады. Сол жылдары зауытта әр түрлі салада 900-ден астам жұмысшы мен қызметкер жұмыс істеді. 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында өндіріс көлемі едәуір сақталған кезде жұмысшылар санының азаюы орын алды, зауыттың негізгі өнімі – халық тұтынатын тауарлар болды. Қала бірқатар әкімшілік ғимараттармен безендірілген болды.

Дүкендердің ғимараттары, пром және тұрмыс-комбинаттардағы қосымша цехтар салынды. Әлеуметтік салада жаңа нысандар пайда болды: кинотеатр, жұмақ кітапханасы, сберкасса, №1 мектеп, райсобес.

1977 жылы 230 төсектік жаңа аурухана кешені пайдалануға берілді, онда қазіргі уақытта емдік массаж, рентген, флюорография кабинеті және 6 мамандандырылған бөлімше жұмыс істейді: балаларға арналған, гинекологиялық, терапевтік, хирургиялық, инфекциялық, перзентхана бар. Қазіргі уақытта Мамлют орталық ауруханасы аудан тұрғындарына білікті, мамандандырылған, консультациялық-диагностикалық және емдік көмек көрсететін бас ұйым болып табылады. Сонымен қатар, аудан тұрғындарына дәрі-дәрмек көмегін ұйымдастыру жақсаруда. Тоғыз жеке дәріханадан басқа, аудандық орталық ауруханада ауылда дәріхана мен 10 дәріхана дүңгіршегі ашылды. Орталық аудандық емханада диагностика мен емдеудің жаңа әдістері енгізілуде: Ультрадыбыстық диагностика, ирридодиагностика, ирригоскопия, туберкулез микобактериясына қақырықты зерттеу және т.б.

Денсаулық сақтау тарихында басты дәрігерлер С.И.Полищук, Н.И.Суриков, И.А.Силяров, А.И.Нестеренко, И.Ф.Репетун, В.А.Дядин елеулі із қалдырды.

Мамлюткадағы Кинотеатр қазан айының 50 жылдығында ашылып, бірден халықтың демалыс орталығына айналды. Мұнда фильмдер көрсетілді, кино актерлерімен кездесулер, оқырман-көрермен конференциялары ұйымдастырылды. Жаңа экономикалық экономикалық жағдайларға көшу кезінде қаржыландырудың болмауына байланысты кинотеатр 1994 жылы жұмысын тоқтатты.

1975 жылы қаңтар айында аудандық мәдениет үйінің жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Оның негізінде «Экскурс» эстрадалық тобы жұмыс істеді, халық театры, би тобы, вокалдық ересектер мен балалар топтары жұмыс істеді. Компьютерлік ойындар бөлмесі болды. 1997 жылы сәуірде Мәдениет үйі жекешелендіріліп, Ирина Васильевна Пояркина жеке басқара бастады.

Отан туралы білімді тереңдету, оқушылардың бойында патриотизмге тәрбиелеу мақсатында қалаларға экскурсиялар мен туған өлкеге жорықтар дәстүрге айналды. Халықаралық

достық клубы жұмыс істеді, Польша, ГДР, Венгрия балаларымен хат алмасулар жүргізілді. 2000 жылы аудан әкімдігінің шешімімен мектеп-гимназия базасында музыкалық мектеп құрылды, онда оркестр және хор бөлімі ашылды.

Қортындылай келе, Мамлютка қаласы көптеген даму кезеңдерінен өтіп, жеке тәуелсіз қала бола алды деп ойлаймын. Себебі, алғашқы құрылған кезден бастап өз мәдениетімен, білім деңгейімен, өнер саласы, медицина, теміржол құрылысы және байланыс жүйесімен ерекшеленген болатын. Әсіресе білім саласында көптеген жетістіктерге жетіп отырды. Мысалы, Мамлют орта сегіз жылдық мектебінің құрылуы, Мамлютка ауылының оқу үйінің қалыптасуы, ауданда кітапханалар мен оқу-үй желісінің орнауы осыған дәлел бола алады. Сондай-ақ, осы мекенге өзінің үлесін қосып кеткен медицина, білім, теміржол, пошта жүйесінде қызмет еткен тұлғаларды да ұмытпағанымыз жөн. Олардың қатарында, Шаймерден Бектұрғанов, Севостьян Сербин сияқты тұлғаларымыз бар.

Әдебиет:

1. «Солтүстік Қазақстан облысы. Энциклопедия». – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 704 б.
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Мамлютка>
3. https://crbmamlutka2010.ucoz.kz/index/letopis_mamljutka_2str/0-127

УДК 930

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Уантай У.К.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

«Топонимика - біріншіден, белгілі бір территориядағы географиялық атаулардың жиынтығы, екіншіден, тіл білімінің лексика саласындағы географиялық жалқы атауларды зерттейтін үлкен бір бөлімі.»

Топонимика, грек сөзі; топос-орын, жер, ономо — атау. Топонимика, топоним деген терминдердің соңғы кезден қолданылуында айырмашылық бар. Мәселен, қазір топонимика тіл, география ғылымында географиялық жалқы атауларды зерттейтін ерекше бір ғылымсаласы ретінде қолданылып, ал географиялық жалқы атаулар (жер, су аттары) топонимдер деп аталып жүр.

Топонимика қазіргі адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Әр қадам сайын ол тарихи мұра болып табылатын қалалардың, көшелердің, өзендердің, таулардың, көлдердің географиялық атауларымен кездеседі. Мұндай мәдени ескерткіштер, Ең алдымен, ұрпақ құндылықтарының, сондай-ақ оның рухани және материалдық мәнінің көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, тарих саласындағы соңғы зерттеулерге сәйкес, географиялық атауларды бастапқы күйінде сақтаудың арқасында ғалымдар ондаған жылдар бұрын белгілі бір аймақтың қалай көрінгенін, мұнда қандай халықтар өмір сүргенін және т.б. болжауға мүмкіндік алады.

Географиялық объектілердің номинациясы (ат қою) адамның қоршаған ортаны танып-білуімен, яғни орта туралы ақпарат жинақтауымен ұдайы қатар жүретін құбылыс. Адам (халық) неғұрлым өзі өмір сүретін табиғи ортаны толығырақ танып-білсе, соғұрлым оның өзін қоршаған нысандарды атауы жіктелген сипат ала түседі. «Белгілі ономаст Е.А. Керімбаев (1992) топонимияны географиялық орта мен халықтың шаруашылық және мәдени өмірінің сан қырлары бейнеленген код жүйесі ретінде сипаттайды. Қазақстан тәрізді үлкен аумақты қамтитын ірі елдерде географиялық атаулар саны ұдайы артып отыратынын, ал жергілікті географиялық терминология диалект сөздер есебінен толығырақ. Лингвистер атап көрсеткеніндей, географиялық лексикада кеңістікті этномәдени тұрғыдатанып - білудің коды болады. Этностық мәдениеттің топонимиядағы көріністеріне арналған зерттеулерде бұл фактордың географиялық ортамен байланысы туралы мәселе айрықша атап көрсетіледі» [1:233 б].

Қазақстанның топонимиялық жүйесі - осы аумақты мекендеген халықтардың, соның ішінде қазақ халқының заттық және рухани мәдениетінің ғасырлар бойы жинақталып, сақталып қалған көрінісі. Өткен замандардың реликтілік мұралары ретінде тарихи топонимдер аумақтың табиғат жағдайларын, ондағы мемлекеттер мен халықтардың тарихындағы маңызды оқиғаларды «жадында» сақтап, қаз қалпында бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Сондықтан топонимдерді диахрондық бағытта зерттеуге топонимист ғалымдар ерекше маңыз берген. Кез келген қоғамның материалдық негізі қоғамдық қатынастардың тарихи дамуы мен қоғамның рухани келбетін анықтаған. Рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын географиялық атаулардың қалыптасуында да тарихи астар бар. Е.М. Поспеловтың бейнелі түрде атап көрсеткеніндей, тарихи география «топонимиканың бесігінің жанында тұрды, ал алғашқы топонимистер тарихи географтар болды».

Географиялық атауларды зерттеудің қазіргі лингвистика, география және тарих ғылымдары үшін ғылыми-теориялық және қолданбалы маңызы зор. Лингвистикалық зерттеулер көбінесе тарихи талдаумен қатар жүргізілетінін де осы құбылыспен түсіндіруге болады. Географиялық атауларды семантикалық тұрғыдан зерттеу топонимнің немесе терминнің мағынасын тілдік тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу себебі бар. Өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді) тау, сай-сала, қырат, жоталар, асулар, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді) елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) жан-жақты зерттеп, тарихи атауларына келтіру ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Белгілі бір өңірдің ономастикалық атауларына қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Солтүстік топонимиясы қалыптасуына көз салсақ, аймақтық топонимиялық жүйенің өзіндік келбетін

қалыптастыратын алғышарттар ретінде ықпал ететін сол өңірдің физикалық-географиялық жағдайларымен қоса, сол өлкеде орын алған ел тарихы мен жер тарихының рөлі мен орны өте зор және маңызды.

Гидроним (гр. hydor - су + гр. oniom - атау) — әрбір су объектісінің жалқы есім (Қаракөл).[1] Су объектілерінің атаулары ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы сақталған, сондықтан гидронимдер өте жоғары тілдік және тарихи құндылыққа ие. Әртүрлі пәндердің тоғысқан жеріндегі пәнаралық сала ретінде гидронимия алуан түрлі профильдегі мамандар үшін құнды зерттеу материалы болып табылады.

Гидронимдерді талдау іргелес аумақтағы этникалық және көші-қон процестерін, халықтардың қоныстану жолдары мен қоныс аудару бағыттарын қадағалап отыруға, әртүрлі этностар арасындағы байланыстар мен жүйелік байланыстарды және бір этностың екінші этносқа тарихи ауысуын анықтауға мүмкіндік береді. Өлкенің географиялық жағдайын, тарихи оқиғаларын, этнолингвистикалық өткенін жаңғырту, этномәдени астарлы таныстыру.

Облыс аумағының жаратылыс ерекшеліктеріне қарай көл атауына байланысты топонимдер жиі кездеседі. Бұлай болатын жөні де бар, өйткені ресми дерек бойынша Солтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан аса көл бар. Олардың жалпы ауданы 4800 шаршы шақырым. Қазақстанның солтүстік облыстары арасында ең көлі көп осы облыс аумағының 9 пайызын көлдер алып жатыр.

Көл атауларында түркілік гидронимдер басым болғанымен, славян текті атаулар да баршылық. Бұл арада соңғыларының қазақша атауларға қосақталып та айтыла-жазыла беретінін ескерткеніміз жөн. Және де орысша атаулардың кейінде, шамамен ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағаны тарихи тұрғыда дәлелденген. Мысалы, Ресей үкіметі тарпынан 1901-1908 жылдары арнайы есепке алынып, тіркелген елді мекендер арасында, көлдерге байланысты атаулардың - гидронимдердің бірде-біреуі орысша емес екені

көңіл аудартады. Бұдан шығатын қорытынды, кейін орысша аталып кеткен көлдердің әуелде қазақша атауы болғандығы, кейін Ресейден қоныс аударған келімсектердің көшіп келіп, иемдене бастауына байланысты ғана өзгергені деп пайымдауға болады.

Көлдердің аталуы да қызық және белгілі бір иесіне тәуелділік, немесе антропоним түрінде атрибуты жалқы есім түрінде, балығы бары-жоғы; балығының атауы: атрибут бөлігі анықтауышпен келетіндері: Жаңакөл, Ұзынкөл, Жалтыркөл, суының ащы-тұщылығы; Сасықкөл, бітімінің сыртқы көрінісі, терең-тайыздығы: Аяккөл, маңайындағы өсімдіктер дүниесіне қарай; жан-жануарлардың көптігі немесе аздығына қарай: көлдердің сандық есімдері, т.б.

Өлкеміздің этнодемографиялық ерекшеліктері топонимика қорына да таңба салғаны көрінетінін айттық. Енді осы топшылауымызды нақты мысалдармен кестелейтін болсақ, қазіргі заманда облыс аумағындағы ащы көлдер тұщы көлдерден көбірек көрінеді. «Айталық, қазақша «ащы» деп аталған көлдердің саны 30 болса, бұған «тұздыларды» (4), «сортаңдарды» (5), «сасықкөлдерді» (5), қоссақ та, орысша 51 «соленое» мен 22 «горькоенің» маңайын да көрмей қалады. Бір ғажабы тұщы көлдердің атауына анықтауышы қойылмайды екен. Ал, орысшасында суы ішуге жарайтындары мадақталып, «пресное» 9, «питное» 12, сладкое 5 болып кете береді»[2]. Терең көлдер, жалпақ көлдер, шайтанкөлдер, талды немсе шілікті көлдер қазақша өз алдына, орысша өз алдына аталады. Бұл арада көлдердің атауның аударылмай, екі тілде дербес, жарыса қолданылатыны да қызық. Демек, топоним дегендеріңізді оп-оңай аударып, немесе бұрмалап айта қою оңай емес екен. Мысалы, орысша «старое» деген 10 көл болса, қазақша бір ғана «ескікөл» аталуы да қызық құбылыс. «Ақ» көлдер мен «светлое» көлдері туралы да осыны айтуға болады. Бұл арада әр этностың қоршаған ортадан алынған ақпаратты өзінше қорытып, қабылдайтын ерекшеліктері туралы сөз болуға тиіс. Осыған мысал ретінде «Балықтыкөлдердің» 8 ғана, ал

«Рыбное» көлдердің 24 екендігін айтсақ та жеткілікті. Қазақ өзге ұлттарға қарағанда балыққа онша жерік емес қой. Сол сияқты орысша «Лебедь» аталған 14 көл болса, «Аққуөлген» деген бір ғана көл кездесті. 19-ғасырдағы бір әдеби нұсқада Сібір халықтарының аққуды атып алып, оның терісі мен мамығынан әйелдер үшін сәнді баскиім тігетінін оқыған едім. Әрине, бұл қазақ салтына жат үрдіс, сондықтан топонимикадан да көрініс таппаған.

Әрбір топонимдік атау кең көлемдегі тарихи ақпаратты береді және шығу, қалыптасу тұрғысынан қандай тілге және ұлтқа тиесілі екендігі, халықтардың көші-қоны, аймаққа қоныстану тарихы, атаудың пайда болуы, өзгеруі, мағыналық беретін мазмұны туралы мәліметтерді алуға болады. Сол сияқты оған топонимдерді бір тілден екінші тілге жазу, ауыстыру, да жатады. Бұл дегеніміз топонимика бірқатар ғылымдар үшін, мәселен, тарих, әлеуметтану, география, лингвистика, этнография сияқты ғылымдар үшін өте маңызды мәнге ие болады деген сөз. Оның ішінде бірінші кезекте жалқы атаулар тіл мамандарының өте мұқият назар аудару нысанына айналады. Оның себебі кез-келген атау жанды немесе жансыз табиғаттың қандай нысанына - адамға, жануарларға, өзен, көлдерге, ауыл-аймаққа және т.б. байланысты болуына қарамастан, бұл - аталым. Ал, аталым ретінде ол тіл жүйесіне енеді, тіл заңы бойынша түзіледі, белгілі бір заңдылық бойынша атауға айналады және одан әрі тілдің заңдылықтарымен өзгерістерге ұшырайды.

Топонимиканың төркінінде ұлттық сана-сезім, талғам мен қажеттілік жатқанын осыдан-ақ байқауға болады.

Адамдар қоршаған ортадағы заттар мен нысандардың жеке алғанда, қалай тұрғанына ғана емес, қалай қозғалатынына, қалай көрінетіне де назар аударып, ат қойғанда ескеретін маңызды белгі санауы да мүмкін. Біздің жағдайымызда кеңістікте қозғалатын нысан ретінде өзендер мен бұлақтарды алуға болады. Олар белгілі бір бастаудан шығып, соңында тоқтайды, судың ағу жылдамдығы ғана емес, ағу траекториясы

да өзінше әртүрлі болады. Мысалы, Ертіс өзенінің атауы «Иртыш», «ЫРТЫШ» жылдам ағатан су дегеннен шыққан деген болжам бар. Белгілі бір топонимикалық нысанның түрін, түсін, пішінін, көлемін көру, ұқсату т.б. уәжі арқылы қабылдаған. Бұл қабылдауда ұлттық этнографиялық нысандар жататынын келтіреді. Мысалы Есіл өзенінің атауы қазақтың «есіліп, бұралып ағады» деген анықтамасына толық сай келеді. Өзгені былай қойғанда Еуразия кеңістігіндегі үлкен өзендердің арасында «есіліп» ағуы жағынан біздің Есілге тең елетін өзен табыла қоймас. Ономастикалық атауларда Этнос пен табиғат арасындағы ажырамас байланыстың жарқын бейнелеудің мысалы осындай-ақ болар. Ғасырлар бойы көзі қанып, көңіл санасынан өткізіп қорытылған құйма алтындай қымбатты атау осы емес пе? Осы Есілді көз тойдырып, көңіл тұшытпайтын, ешқандай түсінікті мағна бермейтін «Ишим» атауымен алмастырғандардың өгейлігіне дау айтасыз ба!

Адам баласы табиғи нысандарды көріп, сынап бағалағанда оның табиғи жаратылысындағы ерекшеліктерін мейлінше дәл сипаттауға тырысады. Бәлкім алғашқы қойылған атау келер ұрпақтар тарапынын сыналып-мінеліп, толықтырылып, жан-жақты қарастырылуы, нақтылануы мүмкін. Топонимиканы «ата-бабаларымыздың бізге жазып қалдырған хаты» дейтініміз, баға жетпес ескерткіш жәдігер санайтынымыз сондықтан. Бұл арада түр (форма) категориясы ілгері тұрады деп ойлаймыз. Нысанның көзге көрінгендегі сипаты, әсіресе, алдынан қарағанда айшықты танылмақ. Мысалы: түзу, қисық, тік, көл беу, дөңгелек, аласа, биік т.б.

Солтүстік Қазақстанда кездесетін географиялық атауларда түр категориясының санатына жататын мына белгілер жиірек кездеседі.

Қызылжар қаласының Петропавл болып аталуы жөнінде ежелден аңыз-әңгімелер көп. Орыс деректері бұл қаланың 1752 жылы бекініс болып іргесі қаланғанын көрсетеді. Кейін христиан әулиелері Петр мен Павлге арнап шіркеу тұрғызылды, сондықтан қалаға 1841 жылы Петропавлск атауы берілді деседі.

Бұл тек құжаттар бойынша. Орыс әскері бекінген жер, орыс салған шіркеу, орыс қожалық еткен қала, отаршылдар жазған тарих та, аңыз да осыған саяды.

Ал, осы жерде мекен еткен қазақтар бұл қаланы әуелден Қызылжар деп атайды. Себебі, қала Есіл өзенінің биік жар қабағына орналасқан. Ол жар қабақтың топырағы қызыл болатын. Көктем сайын Есілдің суы тасығанда, лайланып, қызыл-қоңыр түске боялады. Халқымыз ешқашан қала аты мен елді мекендерді адам есімімен атамаған. Мұнда олар көбіне көп сол жердің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, есім берген. Мысалы: Ақмола, Ақтөбе, Көкшетау, Ақтау, Атырау, т.б.

Облыс аумағының топонимикасы туралы сөз болғанда, біз тарихи жағдайларға байланысты ішкі Ресейдің көптеген жерінен келіп қоныстанғандар арасында әртүрлі діни сенім иелерінің болғанын да есеруге міндеттіміз. Солардың ішінен, әсіресе славян текті халықтардан католиктер мен православиелік христиандардың саны көп болғанын білеміз. Тағдыр айдап, туған-өскен жерінен жыраққа дәм тартып келіп қалған жаяулы-жалпылы келімсектер жаңа қоныста кездескен қиыншылықтарды жеңу үшін өзі сенетін әулие-пірлеріне жалбарынатыны мәлім. Міне, осы жағдайлар солтүстік аймақтың жер-су атауларында, елді мекен-қоныстардың аттарында жазылып қалған.

XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырдың басына дейін тиылмаған келімсектер тасқынын бейнелейтін христиан дінін ұстанушылар қойған атауларға тоқталайық. Сан жағынан бұлар өте көп болмағанымен, қазақтың жер ббедеріне елеулі із қалдырған. Мысалы, осы күнге дейін сақталып келе жатқан атаулардың біреуі Жамбыл ауданындағы Благовещенская өзегі мен сол аттас Благовещенка деген ірі елді мекен, тіпті бір кезде аудан орталығы да болған. Жас ұрпаққа түсінікті болуы үшін осы атауға байланысты мынадай аңыз бар екенін айта кетейік:

Христиан діні бойынша Жебрейіл періште Мария қызға наурыздың 25 жұлдызы (ескіше) немесе 7 сәуірде (жаңаша) аян береді «сен пір сипатты ғажап ұл табасың, оған бүкіл әлем

табынатын болады», деп аян берген оқиғаны орысша Благовещение Пресвятой Богородицы (Құдайдың анасына жеткен «игі хабар» дегеніміз осы) деп әуезе қылады. Осыждан барып, Благовещенск, Благовещенка, осыған ұқсас қоныстардың атауы туған.

Введение во храм Пресвятой Богородицы —үш жасар Мария бикешті (болашақ Ғайса пайғамбардың анасы) ата-анасы Иерусалим ғибадатханасына тәрбиеге тапсырған күні 21 қараша (4 желтоқсан) жыл сайын мейрам ретінде атап өтіледі. Осы күнді жақсы ырымға балаған үмметтері елді мекенге ат қойып, таңбалайды.

Вознесение мерекесі Пасха өткеннен 40 күн кейін Ғайса пайғамбар көк жүзіне ұшып шығып, қоныс тапты деген аңыз бойынша атап өтіледі. Осыны ырым етіп Вознесение, Вознесенск, Вознесенский деген атау берілген. Мысалы, Петропавлда осы аттас көше және Қызылжар ауданында Вознесенка деген село болған. Пасха мерекесінің алдындағы жексенбі «Вербное» деп аталып, Ғайса пайғамбардың Иерусалимге келген қасиетті күн ретінде тойланады. Осы күні іргесі қаланған елді мекенге Вербное, Вербная деген атау берген.

Крестовоздвижение - IV ғасырда Елена әулие Жерісәлемде Ғайса пайғамбардың айқышын тауып алған күн 14(27) қыркүйекке сәйкес келеді. Воздвиженка, Воздвиженск деген село аты осыған байланысты қойылған. Есіл ауданындағы Алуа көлінен оңтүстік-шығысқа қарай Кресты деген көл, осы аттас өзек бар.

Крещение Господне (Богоявление) Шоқындырушы Иоанн пайғамбардың Ғайса пайғамбарды Иордан өзеніне шомылдырған күні 6(19) қаңтар. Соның құрметіне Богоявление, Явленное, Явленка деген атаулар таңдалған.

1(14) қаңтар -Ғайса пайғамбардың сүндетке отырғызылған күні, жыл басы.

Пасха – Ғайса пайғамбардың айқышқа керіліп, жаза тартқан күні. Көктемгі күн мен түн теңелгеннен кейін жаңа Ай

туған жексенбі, христиандардың төл мерекесі. Православ шіркеуі бойынша июлий күнтізбесіне сай 22 наурыз бен 23 сәуір арасына дәл келеді.

Покровы, қазақша Боқырау, X ғасырда Константинопольдегі Влахерн храмына Ғазиз ана келіп, ғибадатшы христиандардың төбесіне жамылғысын (Покров) жауып, арабтарға қарсы соғыста жеңіске жетуге батасын берген күн ретінде 1 (14) қазан күні атап өтіледі. Осы күнді есте қалдыру үшін Покровка, Покровск, Покровский деген атаулар алынған. Есіл ауданы мен Мамлют ауданынды бір-бірден Покровка және Келтесор көлінің оңтүстік-шығысы мен Алуа көлінен батысқа қарай Покровское деген батпақ бар.

Шарапатты құдай-ана мейрамы. 8 (21) қыркүйек Ғайса пайғамбардың анасы Мәрияның дүниеге келген күні құметіне Мариновка, Марьевка, Богородица деген атаулар берілетін дәстүр қалыптасқан.

Облыста Мария ананың құрметіне қойылған Марьевка деген аудан орталығы болған еді, ол Сергеев су қоймасының астында қалған.

Ғайса пайғамбардың есіміне байланысты Спас, Спасское, Спасовка деген атаулар да көпке мәләм. Әдетте, шіркеулерге қойылатын атау, Ғайса пайғамбар тіріліп келіп, жарлы-жақыбайларды құтқарып, бақытқа бөлейді деген сенімге сай, жақсы ырым ретінде Есіл ауданындағы бір селоға Спасовка түрінде қойылып, Меңкесердің оңтүстік-батысындағы бір көл Спасское аталады екен.

Троица мен Успение де жақсы ырымға жоралғы болсын деп таңдалған жер атаулары екенін білуіміз керек. Жамбыл ауданындағы Троицкое, Мағжан Жұмабаев ауданындағы Успенка, Булаев-Молодогвардейск теміржол тармағындағы Успенка стансасы христиан мерекелеріне сай аталған.

Тарихи отанынан алыстап, барар жері, басар тауы қалмай, жоқшылықпен күйзелген пенде ертеңге деген сеніміне қол созып, туған жерін сағынғанда есе алып жүрмекке қазақ даласынан тапқан қоныстарын әулие-әнбиелердің, өздері сеніп,

табынатын пайғамбарлар мен сахабалардың атымен атағанының мысалдары көп. Шіркеулер мен басқа да ғибадатханаларға Андрей, Архангел, Богородица, Воскресенье, Илья, Михаил, Николай, Петр сияқты есімдерді беріп, жұбанатын.

Мысалы, Айыртау, Мағжан Жұмабаев, Мамлют аудандарының әрқайсында бірден Воскресенка, Жапмбыл және Қызылжар аудандарында Архангелкалар, Айыртау және Есіл аудандарында Никольскілер, Есіл және Қызылжар аудандарында бір-бір Николаевка осындай дәстүрдің айғағы. Кезінде, елді мекен атауларына идеоглогиялық талаппен қарағанымыз сияқты, көне христиан түсініктерін еске сақтау мақсатында, мысалы аудан сайын міндетті түрде бір Петровкадан, бір Андреевкadan, Воскресенкадан т.с. болуға тиіс деген іштей ұстаным болған сияқты әсер береді.

Облыс орталығы әуелде, 1752 жылы әулие Петр атымен аталып ашылған уақытша бекініс, кейін нығая, күш ала келіп, соғыс қимылдарының пірлері Петр мен Паулдың құрметіне, жаздың басы аталған Петров день (19 маусым) 12 шілде Петрмен Паул мерекесіне байланысты аталған екен. Соңғы жылдары қаламызда осы христиан мейрамы «Қала күні» деген дәрежеге көтеріліп, ресми түрде атап өтілетін болды.

Преображение Господня - Ғайса пайғамбар Адам кейпіне кіріп, шәкірттеріне көрінуге келген күні 6 (19) тамыз. Преображенка, Преображенск, Преображение, Преображенский қатарлы селоларға атау болған.

Географиялық атаулар мәдени кодтың мәдени семантикасы бар табиғи тілдің бірліктері ретінде әрекет етеді және реципиенттің санасында мәдени-тарихи сипаттағы ассоциативті байланыстарды жаңарта отырып, мәдениеттің вербальды белгілерінің функцияларын орындайды. Табысты мәдениетаралық және тіларалық қарым-қатынас тілдік заңдылықтарды және шет тілдік мәдениеттің қажетті фондық білімдерін үйлесімді игеруді, ана тілінде сөйлейтін халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білуді көздейтіні белгілі.

Топонимдер кез-келген этностың өмірін мәдени-философиялық қабылдаудың маңызды бөлігі болып табылады, өйткені оларда әлеуметтік - тарихи тәжірибе-жалпыадамзаттық және ұлттық, мәдени ақпарат сақталады және таратылады. Іс жүзінде топонимияны адамзат тарихының айнасы ретінде елестетуге болады. Жалпы, топонимдер оның қалыптасу процесінде тілдік тұлғаның танымдық базасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Басқаша айтқанда, топонимиканы өткен адамдардың өмір салтын да, айналасындағы әлемді де (мысалы, табиғат, көшелердің орналасуы) бейнелейтін ұрпақтың жады деп санауға болады. Өткенді білместен болашақ болуы мүмкін емес.

Әдебиет:

1. К. Д. Каймулдинова. Топонимика: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 267 бет.
2. Жер-су атаулары – тарих қана емес.- Зарқын Тайшыбай, Сәуле Мәлікова
3. Атамекен атаулары (Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық атаулары. Ғылыми басылым) Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспанов, З. Тайшыбай. Петропавл қаласы, 2015, «Северный Казахстан», 343-бет.

УДК 930

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Ілияс А.С.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Ұлы Отан соғысы 1941 жылғы 22 шілде күні таң алдында басталды. Сол сәтте-ақ қазақстандықтар батыс шекарада жаудың алғашқы соққыларына кеудесін төсегендер сапынан табылды. Брест қамалы үшін басқалармен бірге шекарашылар Қ.Абдрахманов пен В.Лобанов, атқыш Қ.Иманқұлов, пулеметші Е.Качанов, минометші В.Фурсов, зеңбірекші Ғ. Жұматов және басқа отандастарымыз қан төкті. Қазақ жерінен аттанғандар

Мәскеу мен Ленинград үшін аянбай шайқасты... Берлиндегі фашист ордасы рейхстагты алуға да жерлестеріміз қатысты. 1941 жылғы маусымда Литваның Шауляй қаласынан оңтүстікке қарай Қостанайда жасақталған 219-атқыштар полкі ұрысқа кірді. Сол жылдың қыркүйегінде петропавлдық 314-атқыштар дивизиясы Свирь өзенінің, ал Ақмолада құрылған 310-дивизия Волхов өзені жағасында соғысып жатты. Шымкенттік 102-атқыштар және ақмолалық 106-атты дивизиялары Украинаның солтүстік-шығысын қорғаса, жамбылдық 81-атты әскер дивизиясы Сталинград маңында фашистермен бетпе-бет келіп қалған болатын. Аты аңызға айналған генерал И.Панфиловтың 8-гвардиялық дивизиясы сапында неміс басқыншыларына қарсы соғыста Солтүстік Қазақстан облысынан шақырылған төрт мыңнан аса сарбаз болған. Мәскеу түбіндегі қиян-кескі ұрыстарда негізінен біздің облыстың жігіттерінен жасақталған 36-дербес атқыштар бригадасы ерлігімен көзге түсті. Крюков станциясын қорғауда, Волоколам бағытындағы жойқын соғыста, атап айтқанда, біздің мына жаужүрек жерлестеріміз: Е.Фейге, С.Юдин, Е.Хрущев, Г. Кабардин, М. Жарков, М.Донченко ерекшеленгені соғыс тарихында жазылып қалған. Ақмола қаласында жасақталған 29 атқыштар (72 гвардиялық) дивизиясы Сталинград қаласын қорғауда ерекше көзге түсіп, Еділ бойында жауға жасындай игені соғыс тарихында жақсы айтылады. Қызылжар ауданы Красная Горка ауылының тумасы А. Раздорский мен Жамбыл ауданындағы Архангелкадан Г.Вдовин, Есіл ауданындағы Жекекөлден М. Ғаббасов осы дивизия құрамында соғысып, талай ерлік көрсеткен. Мәліметтерге қарап отырсақ, соғыс жылдары саптағы Қызыл Армияға 1366 мың қазақстандық шақырылса, өнеркәсіпте жұмыс істеу үшін еңбек майданына 670 мың адам тартылған. Бұлардың сыртында Республикамызға сырттан эвакуация жолымен, қуғын-сүргінге ұшырап 1,5 миллион адам келген. Ресей Қорғаныс Министрлігінің Подольск мұрағаты арқылы бұрынғы тізімді қайта тексергенде, биылғы 25 қаңтардағы есеп бойынша облысымызда Кеңес Одағының Батыры атағын 55 адам алғаны,

11 жауынгердің Даңқ орденінің толық иегері екендігі анықталды. Кеңес Одағының ордендері мен медальдарына лайық болған солтүстікқазақстандықтардың саны 32 мың. Соғыс басталысымен-ақ, облыстың барлық материалдық-техникалық, қаражат және еңбек қорлары жауға қарсы күреске бағытталды. Алғашқы екі жылдың өзінде ғана облыстан 70 мыңнан аса жігіт майданға аттанып кеткендіктен, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығында жұмыс қолына зәрулік күшейгені түсінікті. Майданға кеткен ерлердің орнын қыз-келіншектер, жасөспірімдер басты. Петропавл ет комбинатына бір жылдың ішінде 300 қыз-келіншек жұмысқа кірді. Майданға кеткен жолдастардың орнын басатын, «екіжүзшілер», «үшжүзшілер» козғалысы өрістей түсті. 1941 жылдың соңын ала Петропавлға елдің орталық аймақтарынан эвакуацияланған кәсіпорындар, жұмысшыларымен келе бастады. Бір жыл ішінде ғана облыс орталығы 20 зауыт пен фабриканы, басқа да кәсіпорындарды қабылдап, орналастырды. Аз уақытта қорғаныс зауыттарының желісі құрылды. Олар: № 239 (қазіргі АҚ «ЗИК- СТО»), № 347 (атқарушы механизмер зауыты-ЗИМ), № 641 (қазіргі АҚ «Киров атындағы зауыт»), № 675 (кейінен М. М. Калинин атындағы), шағын литражды двигательдер зауыты (қазіргі АҚ ПМЛДЗ), бұларға қоса жеңіл және тамақ өнеркәсібінің бірқатар кәсіпорындары еді. Қысқа мерзімде-ақ, қаламыз республиканың аса ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Қаланың өнеркәсіп әлуеті бірден үш есе өсті. Құрылысшылар мен энергетиктер, теміржолшылар қажырлы еңбек етті. Петропавл теміржол торабы Сібір мен Қиыр Шығыстан, Орталық Қазақстаннан маңызды жүктер жеткізіп, орталық аудандардағы халықты тасымалдап, аса жауапты міндеттер атқарды. Депо жұмысшылары өз ынтасымен «Солтүстікқазақстандық» деген атпен оқ өтпейтін поезд жарақтады, моншапоезд құрастырды, бірнеше жылжымалы асхана жасады, майданға қажет саперлік құралдар әзірлеп, жөнелтіп отырды. Құрылысшылар мен энергетиктер қуатты ТЭЦ-1 жасап, қаладағы қару жасайтын өндірістерді қамтамасыз ете білді. Соғыс жағдайы, әсіресе,

ауылшаруашылығына көп қиындықтар туғызды. Полудин ауданы қыз-келіншектерінің бастамасымен аз уақыттың ішінде облысымызда қыздардың 11 трактор бригадасы құрылды. Аймақтың ауылшаруашылығына соғыс кезінде бірде-бір жаңа техника келген жоқ, бар техника ескіріп, жарамсыз бола бастады. Ат-өгіз жегіп, көп жұмысты қолмен атқаруға тура келді. Мұндайда қала жұрты ауылға қол ұшын созды. Орақ науқанында егін даласына 40 мыңдай оқушы бала мен үш мың мұғалім көмекке келді. Қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары дихандардың құрал саймандарын жөндеп берді. 1941-1944 жылдары егіс көлемі 26 пайыздан аса қысқарып, егіншілік мәдениеті бұрынғыдай бола алмағанына қарамастан, соғыстың төрт жылында облыста 400 мың тоннадай астық пен басқа өнімдер жиналды. Майданға тапсыратын міндетті астық мөлшерін былай қойғанда, жерлестеріміз ондаған вагондарға тиеп, майданға азық-түлік жіберіп тұрды. Өздеріне қажет екенін біле тұрса да, облыс жұмысшылары, шаруалары мен зиялы қауым өкілдері отбасы қажетінен үнемдеп, қорғаныс қорына 204 мың пұт астық, 10248 пұт ет, 1220 пұт май, 116 мың пұт көкөніс өнімдері мен картоп жинап, жөнелтті. Майдан үшін танк колонналарын жарақтау үшін 40327 мың сом ақша, 20 кило күміс және 380 грамм алтын бұйымдарын ортаға салды. Қызыл Армия жауынгерлеріне 88 вагон тарту жөнелтті. 77 мың дана түрлі жылы киім жиналды. Соғыстағы жауынгерлер мен мүгедектердің 59729 отбасына нақты көмек көрсетілді. Азат етілген аудандарға жәрдем ретінде 101398 мал, 14 вагон азық-түлік, шаруашылыққа қажетті өндірістік жабдықтар мен ауылшаруашылығының құрал-саймандары жіберілді. Мәуліт ауданы Киров ауылшаруашылық артелі колхозшылары «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасақтауға бір миллион сом жинап берді. Осындай өнегелі бастамалар одан әрі қолдау тауып, «Советтік Қазақстан» деген атпен самолеттер эскадрильясын құруға, «Осоавиахимші», «Совхоз жұмысшысы», «Советтік Украина үшін» деген танк колонналарын жасақтауға ақшалай қаражат жиналды.

Фронт был силён тылом. «В труде как в бою!»— өнеркәсіп кәсіпорындарының, колхоздар мен совхоздардың жұмысшылары осы ұранмен еңбек етті. Оларда әйелдер, жасөспірімдер, қарттар жұмыс істеді. Елдің батыс өңірлерінен зауыттарды, фабрикаларды және халықты эвакуациялаумен байланысты болған керемет күрделі міндеттерді қала тұрғындары шешті. Зауыттар майданға арналған өнімдерді шығарды: миналар, торпедалар, тұтандырғыш бомбалардың гильзалары, әртүрлі артиллериялық жүйелерге арналған снарядтар жасалды, атақты Катюшаларға арналған ракеталар өңделді, шағын қуатты қозғалтқыштар, оқшаулағыш материалдар, радиоқұрылғылар, байланыс құралдары, қой терісі тігілген, киіз етік, сарбаздарға қару-жарақтан бастап, бөртпе бас киімдерге дейін барлық қажетті заттармен қамтамасыз етілді. Жеңіске Петропавлдық теміржолшылардың қосқан үлесі өлшеусіз болды. Петропавл темір жол торабының ұжымы негізгі жұмыстарымен қатар бронетранспортер мен монша пойызын жасап, майданға аттандырды. Ер-азаматсыз қалған ауылдарда соғыс уақытының бар ауыртпалығы әйелдердің, қарттар мен жасөспірімдердің иығына түсті. Өздері нашар тамақтанды, бәрін майданға берді. Солтүстікқазақстандықтар қысқа мерзімде Мәскеу облысының, Смоленск облысының және КСРО-ның басқа да батыс облыстарының тұрғындарына көмек көрсету үшін қорға өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, құрылыс материалдары, астық, мал жіберді. Қорғаныс зауыттарының жабдықтары негізінен бір айдан бес айға дейінгі мерзімде орнатылды, ал 1942 жылы олар Қызыл Армия мен Әскери-теңіз флотына өнімді тұрақты түрде жеткізе бастады. Сол жылдың аяғында олар 25 өнім түрін шығарды, оның 5-і Қазақстандағы машина жасаудың ірі орталықтарының біріне айналған Петропавлда қайта игерілді, ал Петропавл темір жол бөлімшесі еліміздің орасан зор ұлттық экономикалық және әскери маңызы бар 20 стратегиялық түйінінің бірі. Петропавл өнімдерін соғысып жатқан Қызыл Армияға жеткізу, Томск және Қарағанды темір жолдарынан майданға транзиттік жүктерді

тасымалдау, Кузнецк және Қарағанды көмір бассейндерінің жүк ағыны, Сібір мен Алтай астығы, Қиыр Шығыстың әскери өнімдері – мұның бәрі Петропавл теміржолшыларының мойнында болды. Және де олар өз міндеттерін абыроймен атқарды.

Екінші дүниежүзілік соғыста ең көп зардап шеккен Кеңестер Одағы екені баршаға мәлім, ол 27 миллионнан астам адамынан айырылды. Кейінгі есеп бойынша, соғыс жылдары 6,5 миллион ғана халқы бар Қазақстаннан майданға 1196164 адам, немесе барлық тұрғындардың 20 пайызы шақырылған. Ұрыста қаза тапқаны, жараланып, ауырып қайтыс болғандары, хабарсыз кеткендері, жау тұтқынынан қайтпағандары барлығы 630 мың адамнан айырылды. Яғни, қолына қару алып, соғысқа кірген әрбір екінші Қазақстан азаматы Жеңіс үшін құрбан болды. Айталық, сол кездегі шекарасымен есептегенде, Солтүстік Қазақстан облысынан 90 мыңнан астам адам шақырылған болса, содан 45 мыңнан астам жауынгер жер жастанған. Соғыс құрбандарына арналған Қасиетті кітапқа адамзатты фашизм қатерінен сақтап қалу жолында қаза болған 32 мыңнан астам жерлесіміздің аты-жөні жазылған. Петропавл қаласында соғыс кезінде госпитальдарда емделіп жатып, соғыс жарасынан қайтыс болған жауынгерлердің бірнеше бауырластар зираты бар. Ғабит Мүсірепов және Жамбыл көшелерінің қиылысындағы осындай ескі зиратқа екі ескерткіш қойылған. Сондағы мәрмәр тақталарға жарасы жазылмай, жан тапсырған 139 сарбаздың есімі жазылған. Жоғарыда айтып кеткенімдей, 1941 жылы шілдеде Петропавлда Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарының тұрғындарынан 314-ші атқыштар дивизиясын құру басталды. Оны Афанасий Шеменков басқарды. 1941 жылы қыркүйекте дивизия Ленинградтың алғашқы жекпе-жегіне кіріп, Прагадағы соғысты аяқтады. 1941 жылғы қыркүйекте Ленинград түбіндегі ұрыста тұсауы кесілген дивизия соғысты Прагада бір-ақ аяқтады. Кутузов орденімен марапатталып, дивизияның жауынгерлік іс - қимылдарында солтүстіктер ерекше көзге түсті: Кингисепп атымен аталған

